| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>**Мақсаты: Сөйлеу кезінде дыбыстық мәнерлілікті сақтауға баулу, заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдануда дұрыс сөйлеуге үйрету.**<br>**1.«Инеше»-ауызды кең ашып,тілді жіңішкертеміз,ауыздан 10-15 сек шығарып тұрамыз. 2. «Жалпақ тіл»-ауызды ашып,ерінді жымиып ашып,тілді астыңғы ерінге тигізіп 5-10 сек ұстаймыз. 3.Ерінді тым кең созбаймыз.**<br>**Артикуляциялық ойын. «Саққұлақ»** | **Мүсіндеу**<br>**Заттық мүсіндеу**<br>**Мақсаты: Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.**<br>**«Мандариндер мен апельсиндер»**<br>**Мақсаты: Мандарин мен апельсинді ажырат білуге үйрету,үлкен-кіш домалақ заттарды жсауды дамыту..**<br>**Пед жет ойын: «Жеке атауын ата»**<br>**Мақсаты: жемістер мен көкіністердің аттарын жеке - жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырату.**<br>**Шарты: көкөністерді,жемістерді бөліп, соларға ұқсас заттарды табу керек.**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**«Өлі табиғат құбылыстары»**<br>**Мақсаты: Өлі табиғат** | **Көркем әдебиет**<br>**Шығарма мазмұнын қайталату**<br>**Мақсаты: шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. П\ж\о: «Кім көп айтады?»**<br>**Шарты: Әңгімеге байланысты сұрақтар қойылып, жауабын тез айтуға шақыру. Жақсы,дұрыс жауап бергендер мадақталады.**<br>**Құр\о: «Не көрдің?**<br>**Шарты: Балалардан көздерін жұмып айтылған сөздерді елестету сұралады. Мысалы,жаңбыр жауды-күн қандай?Жер қандай? Өз ойларын көз алдарына елестетіп** | **Математика негіздері**<br>**Геометриялық пішіндерді қайталау**<br>**Мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.**<br>**«Дөңгелек,шаршы,тіктөрт бұрыш,ушбұрыш»**<br>**Мақсаты: Жазық және көлемді геометриялық пішіндерді біледі,атайды.дөңгелек пен тіктөртбұрышты салыстырады. Жұмбақтар:**<br>**-Өзі допқа ұқсайтын ол қандай пішін?**<br>**-Үйдің шатыры тәріздес пішін қалай аталады?**<br>**-Үй терезесіне,есігіне ұқсайтын пішінді қалай атаймыз?**<br>**П.ж.о: «Сандарға үй жасаймыз»** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөздегі буын санын анықтау Мақсаты: , олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.**<br>**Құр\о: «Мен қандаймын?» Мақсаты: Естіген сөздерін буынға бөліп,шапалақтау арқылы буын санын анықтауға үйрету.**<br>**Шарты: Өздерінің аттарының басқы әріптерінен өздерін сипаттап айту керек.Мысалы, Айбол-ақылдымын,т.с.с .Ойын осылай жалғасады.**<br>**Қ.ж.о: «Буынға әріп қос»**<br>**Мақсаты: баланың зейінін,ойлау қабілетін дамыту,буыннан сөз ойластыруға үйрету.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: есту қабілетін.белсенді сөздік қорын дамыту.<br>Шарты:Тәрбиеші өзі көрінбей тұрып әртүрлі заттармен дыбыс шығарады,дыбыстың қайдан,қандай заттан шыққанын тауып,айту керек. Дене шынықтыру<br>Жыланша төрттағандап еңбектеу<br>Мақсаты: заттардың арасымен "жыланша " төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу;<br>Қ\о: «Жыландар»<br>Шарты: Балалар сәл ілгері еңкейіп,бір-бірінің артынан ұстап тұрады. Берілген белгі бойынша кедергілер үстінен еңбектеу керек.Тізбекті үзбей жасауы кере<br>Қазақ тілі<br>Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру(тақпақ жаттау) Мақсаты: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын жүйелі түрде жеткізу.<br>Тақпақ : «Біздің үй» ( Ғ.Өкеев) | ғымымен таныстыру (су, уа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, ар, тастар, жел, жаңбыр);<br>П\ж\о: «Жер,су,ауа»<br>Мақсаты: балаларға ерілген тапсырманы тез рындауға,жауап еруге,ауада,суда не олатынын білуге төселдіру.<br>Шарты: балалар шеңберге тұрады,тәрбиеші бір балаға сықты беріп жер дейді,бала жердегі тіршілік ететін болмаса кез келген затты тау керек,дәл солай ауа,су деп жалғасады.<br>Музыка<br>Вокальдық есту қабілетін үйлестіру<br>«Нота үйренейік»<br>Мақсаты: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Шарты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекет-терін орындау<br>Қ\о: «Музыкалық моншақтар»<br>Шарты: Жетекші шағын әнді орындайды,ал балалар музыкадағы қысқа және ұзақ дыбыстарды табу керек.Бұл дыбыстарды үлкен және кіші түрлі-түсті | отырып айтқызу. Е\о: «Із кесу»<br>Шарты: Із арқылы өздерінің мінез-құлқын сипаттап айтқызу.<br>Дене шынықтыру<br>Лақтыру,қағып алу,домалату.Волейбол элементі<br>Мақсаты: : допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>Доппен жаттығу.<br>1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. 2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын « көрдім» деп айту.<br>П.ж.о: «Жоғары-төмен лақтыр!»<br>Шарты: Жетекші допты сәл жоғары лақтырып қағып алады.Балалари нұсқау бойынша оданда жоғары лақтыру керек.<br>Е\о: «Күн шықты»<br>Шарты: Шеңбер құрады,жаңбыр жауды | Шарты: Әр балаға ішінде геометриялық пішіндер бар хатқалта беріледі,берілген пішіннен үй құрастыру керек. Е\о: «Кубик ойыны»<br>Шарты: Пішіндер кілемшесінің үстіне кубик лақтырылады,қай пішін түссе сол пішіндермен кілемше үстімен жүріп отыру керек. Қазақ тілі \\вариатив Әңгімелесушіні дұрыс тыңдауға үйрету.<br>Мақсаты: әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Сұрақ-жауап:.<br>Жауып жаңбыр,жер,шөп, жапырақ солады Бұл қай кезде болады ?<br>Сұрақ жауап. - Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?<br>-Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі?<br>Вариатив<br>«Әжейге көмек» ертегі оқу,сұрақ қою арқылы ертегі желісін тиянақтау.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Интонациялық мәнерлілік<br>Мақсаты: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>«Сиқырлы қалта» | Шарты: Тәрбиеші бір буын айтады,балалар бір дыбыс қосып жаңа сөз шығару.Мысалы,:Та+л,а у+а,та+й,т.с.<br>Дене шынықтыру<br>Доппен ойындар (Футбол элементі)<br>«Адасқан доп»<br>Мақсаты: қозғалыс ойындарында ережені сақтауға,көрсетілген,берілген тапсырманы нұсқау бойынша орындауға дағдыландыру. Шарты: Балалар дөңгелене тұрады,бір-біріне аяқтарымен допты береді.Сырттағы бала допқа қолын тигізуге тырысады,егер ұсталып қалса орнына сол бала ауысады Қим.о: «Доп қуу» Шарты: Екі топқа бөлінеді,әр топтың ойыншылары бірінің артына сапқа тұрады.Капитандар бір-бір футбол добын алып,оны екі.аяғымен қысып межеге жеткізу керек. Жетекшінің нұсқауымен допты келесі балаға тез-тез жалғастыру керек.<br>Қоршаған ортамен таныстыру.<br>Табиғат құбылыстары туралы Мақсаты: табиғатпен таныстыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қалаушы да табылды,<br>Үй салынды, жабылды,<br>Қосып құмға лайды.<br>Сылақшылар сылайды.<br>Тезерек, есік, едені,<br>Қиюласты әдемі.<br>Құрылысшы боламыз,<br>Зәулім үйлер саламыз.<br>Математика негіздері<br>Заттардың өсу,кему ретін анықтау<br>Мақсаты: заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>П\ж\о:Үлкен-кіші.»<br>Мақсаты: таныс заттарды көлеміне қарай( үлкен-кіші) және санына қарай ( бір-көп) салыстыруды үйрету, қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту.<br>Құр.о:«Затты сипаттау»<br>Мақсаты:Заттарды көрі п сипаттау арқылы шамасына қарай орналастыра біледі.<br>Шарты: Балалардың алдына әртүрлі заттар қойылады.оларды өсу,кему ретіне қарай орналастыру керек. | моншақтармен белгілеуге болады.Яғни ұзақ дыбысталса үлкен моншақты көрсету,қысқа дыбысталса кіші моншақты көқрсету. Сауат ашу негіздері Сөздерді буынға бөлу<br>Мақсаты: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу,<br>Құр \о: «Балық аулайық»<br>Мақсаты: Сөзді ауызша буынға бөлу,,неше буын екнін айтуға дағдыландыру.<br>Шарты: Суретке қарап сөздерді ауызша буынға бөліп,буын санын шапалақтау арқылы тез анықтайды.Мысалы,ба-ла-пан,үш шапалақ-үш буын,т.б.<br>П.ж.о: «Кім жылдам?»<br>Шарты: Балалар үш топқа бөлінеді, кез келген дыбыс айтылады,соған байланысты басталатын сөздер айтып жарысады.және буынға бөледі.Қай топ көп сөз айтады,сол топ жеңімпаз болады. | дегенде бәрі ортаға жиналады,күн шықты дегенде тарайды.<br>Математика негіздері<br>Сопақшамен таныстыру Мақсаты: шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>Құр\ ойын: «Әдемі өрнектер»<br>Мақсаты: Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі..<br>Шарты: Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.<br>П\ ж\ ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бұрыштарым жоқ менің, Дөңгелекте емеспін, Ұқсаймын мен денеге Кім табады, бұл не? (Сопақша)<br>Үш төбесі бар көрінген Үш бұрышы мен үш беті Жауабын кім шешеді? (Үшбұрыш)<br>Әр жұмбақты шешекен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға | Мақсаты:диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс,анық айтуға,дауыс интонациясын сақтауға,жағдайға байланысты дауыстың ырғағын реттеп отыруға үйрету.<br><br>Шарты: 5-6 бала қатысады,тәрбиеші сиқырлы қалтаны ортаға қойып,баланы кезекпен шақырып,қалтадағы заттарды алғызады.Алған заттар жайлы бір-бірімен сөйлесу керек.<br>Құр\\ ойын: «Телефон»<br>Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, дауыс қарқынын реттеуді үйренеді Шарты: балалар қатармен тұрады,бір бала жайлап келесі балаға сыбырлап сөз айтады,ол ары қарай жалғастыру керек. Музыка<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Мақсаты: . өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету:Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру.<br><br>П\ж\о: «Көлеңке»<br>Көлбең,көлбең,көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем! | барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>П.ж.о: «Қарап ал да, есіңе сақта!»<br>Мақсаты:табиғат құбылыстарын дұрыс ажыратуға,есте сақтауға баулу.<br>Шарты: Әр түрлі суреттерді көрсетіп шығады,мысалы,жыл мезгілдерінің,гүлдердің, ағаштардың,т.б.Содан кейін қандай сурет көогендерін айтқызу керек. Құр.о: «Жыл мезгілері»<br>Мақсаты:Тапсырмаға дұрыс назар аударып,байқағыштық қабілетінің дамуына үлес қосу.<br>Шарты: Балаларға төрт жыл мегілерінің суреттері көрсетіледі,бірақ ерекшеліктеріне байланысты суреттер алмасқан.Сол қатені кім тез тапса сол бала жеңімпаз болады.<br>Көркем әдебиет<br>Өлеңді жатқа,интонациямен айту.<br>«Біздің балабақшада» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сұрақтар қойылады.<br>-Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер?<br>-Дөңгелектен айырмашылығы?<br>-Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды?<br>Құр\о: «Кубик-рубик» Шарты: Пішіндер кілемшесінің үстіне кубик лақтырып,қай пішін түседі,сол пішіннің үстімен жүру.Жаңылыспай,дұрыс жасаған бала жеңімпаз болады.<br>Сауат ашу негіздері<br>Қолды жазуға дайындау жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, жазу парағында бағдарлай білу. Мақсаты: Ойын-жаттығулар арқылы қолды дазуға дайындау.<br>«Салат» жасау әдісі: қырыққабатты кесеміз,саусақтармен шөкімдеп тұздаймыз,қырыққабатты еземіз,(қимылмен көрсету) «Құлыптау» әдісі: Есікте құлып қалды(екі қолды біріктіру),мен аша алмадым-қолды әртүрлі бағытқа бұрау.<br>П\ж\о: «Қайталау» | Бүркіт қалай бүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Тәрбиеші осы өлеңді айтады,бір үлкен,бір кіші баладан тұрғызып,қалғандары шеңбер жасап тұрады.Ән ырғағымен бүркітше қанат қағады,еңкейіп саусақтарымен жер тірейді.Көлеңкелері қайталап жасайды.Келесі өлеңді Аю қалай жүреді,кім көрсете біледі деп жалғастырады. | (М.Әлімбаев)<br>Мақсаты: шығармадағы кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру.<br>П.ж.о: «Сөйлемді аяқта!» Шарты: Тәрбиеші сөйлемнің басын оқиды,балалар аяқтау керек.<br>-Менің ұлтым-<br>-Менің жасым-<br>-Мен өскенде-<br>-Мен Отаным-<br>Т.б<br>Құр\о: «Интервью»<br>Мақсаты:Байланыстырып сөйлеуді дамыту,диалогті сөйлеуге дағдыландыру,сұраққа толық жауап беруге баулу. Шарты: Газет тілшісі ретінде қолына микрофон алып «Менің қалам» тақырыбында сұхбат алады.Баланы әңгімеге тарту керек.<br>. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Шарты: тәрбиеші қағазға суреттер салады,бала қайталап салу керек.**<br><br>,<br>,<br>. | | |
| **Серуенгедайындық** | **.**<br>**Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау** | **Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру)** | **Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке,өзара көмек беруге үйрету.** | **Аяқ киім бауларын байлауға жаттықтыру, аяқ киімдерін дұрыс киюін қадағалау..** | **Балалар өмірін,денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.Ойын алаңының қауіпсіздігін тексеру.** |
| **Серуен** | **Ағаштардың жапырақтарын бұтақтарын лупамен қарату, метрмен, сызғышпен өсімдіктерді өлшету. Таза ауада жүріп күз бен қыстың айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беруді қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру бойынша)** | **«Табиғат жайлы әңгімелеу» Мақсаты: балалардың дүниетанымымын,тіл байлығын дамыту. -табиғат дегенді қалай түсінеміз? –табиғат жер,ауа,су,орман,өсімдік,т.т.** | **Еркін ойын: «Ұядағы кішкентай торғайлар» Шарты: Педагогтың көмегімен балалар - «торғайлар» 3-4 топқа бөлініп, «ұялардың» ішіне отырады. (шнурлардан немесе арқаннан жасалған үлкен диаметрлі шеңберлер). Тәрбиешінің белгісі бойынша: «Торғайлар» ұядан «ұшып, құрсауды басып өтіп, жан-жаққа** | **Кітапқа қызығушылығын арттыру. Кітаптарды серуенге алып шығып, тамашалап, тақпақтар жаттау. (көркем әдебиет)** | **Құстарды бақылау «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шашырап кетті.<br>Тезірек-» дәндерді жеп ал Сигнал бойынша:<br>«Құстар, ұяларға!» | | |
| Серуеннен оралу | Табиғат құбылыстары жайлы білімдерін тиянақтау,көргендерін әңгімелеуге шақыру. | «Затты сипатта»<br>Серуеннен келгесін көрген заттарын қағаз бетіне түсіруге көмектесу. | Қимылдық ойынды топта жалғастыру мақсатында еркін ойындар ойнайды. | Кітап бұрышында ертегі оқу,шығарма желісін қайталату. | «Құстың қауырсыны кімге барады?»<br>Шарты:тәрбиеші құстың қауырсынын үрлейді,кімге барса сол бала ән айтады. |
| Балалармен жеке жұмыс | Моншақтарды түсіне,көлеміне қарай орналастыру.<br>(танымдық-зерттеу бойынша)<br>. | Достарының,тәрбиешінің есімдерін есте сақтау мақсатында жұмыстар жүргізу.(білмейтін баламен)<br>. | Тілін түзету-дамыту мақсатында баламен жеке сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу.<br>.-Мектепке кіммен келдің?<br>-Қай мезгіл ұнайды? т.т. | «Біздің балабақшамыз» өлеңіндегі «ң» дыбысын дұрыс айта алмайтын баламен жұмыс. | Құрастыруда құралдарын дұрыс сәйкестендіре білуді пысықтау. |
| Балалардың үйге қайтуы | Жылы киіндіруге кеңес. | Күн тәртібін сақтау,кешікпей келуге кеңес беру. | . Оқу құралдарының түгел болуы ескертіледі. | Үй жағдайында телефонды көп ұстатпауға кеңес беру. | Демалыс күндерінде баламен көбірек уақыт өткізуге кеңес беру. |

Бекітемін: Г.Ж.Сыдықова
М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Аққемер ЖББОМ**
**Сынып: МАД « а»**
**Балалардың жасы: 5 жас**

25-29 Қыркүйек айы 2023-24 оқу жылы МАД тобы

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды аланда қабылдау. Әнұран айту. **«Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері»** Мақсаты:Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру. | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу Диалог: **«Менің үйім»** Мақсаты: Балалармен мектеп мен үй арасындағы жолы туралы әңгімелесуге тарту. | **«Күз бояуы»** Мақсаты:Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. | . Алдағы күнді жоспарлау үшін, бүгінгі баланың көңіл-күйі, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білу. **«Менің ойымша...»** Мақсаты: Сөйлемді жалғастыру арқылы баланың ойын ұғу,баланы ойлауға,сөйлеуге тарту. | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. **Табиғатпен танысу.** Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу», болып жатқан індеттен сақтану туралы сөйлесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық,<br>ойындар,санамақ,<br>тақпақтар** | **Дербес ойын<br>«Қуыршақты тамақтандыр».<br>Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>Мүсіндеу<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті** | **Танымдық-қимылды ойын:<br>«Аңдар жүрісі»<br>Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | **Суреттік боямалар<br>«Кім,қайда өмір сүреді»<br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br>Сурет салу<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті** | **Кітаппен жұмыс<br>«Аспазшы»<br>Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті** | **Дербес ойын «Мозайка»<br>Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.<br>Құрастыру<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған<br>іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Заттарды кеңістікте орналастыру.<br>**«Оң және сол»<br>Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға,кеңістікте ,(оң,сол,жоғары-төмен) орналастыруға жаттықтыру.<br>Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал және үлкен ойыншықты оң жаққа,келесіні сол жаққа орналастыр деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>Сөйлеуді дамыту.<br>Сөздерді сан есімдермен үйлестіру.<br>«Қадамдар» ойыны<br>Мақсаты: қадамдарын санау арқылы әдепті сөздерді үйренуге және сөзді сан есіммен байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.<br>Шарты: 1 бала шығады,бірінші қадам-мен әдепті боламын,екінші –анамды тыңдаймын,т.с солай санау реті арқылы жақсы 5 сөз айту керек<br>.<br>Қазақ тілі<br>Дикцияны дамыту \өтірік өлең жаттау\<br>Мақсаты: өтірік өлеңдерді тыңдау,жаттау арқылы** | **Сауат ашу негіздері<br>Казу кезіндегі ережелерді сақтау.<br>Хатты таңда» ойыны<br>Мақсаты: балаларды тапсырма бойынша жұмыс жасауға дағдыландыру,жазу ережелерін сақтауға үйрету.<br>Шарты:Балаларға шбұрышталған хаттар беріледі,хатта тапсырмалар болады (жазу бойынша ирек сызықтар,штрихтар,т.б),тапсырм аны белгіленген уақытта аяқтау керек.Қай бала тез және дұрыс орындаса сол бала көшбасшы болып ойынды басқарады.<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. «Жол әліппесі»<br>Мақсаты: балаларды алдын ала көшеде жүру ережесі және жүргізушіге арналған жол белгілерімен таныстыру.<br>Шарты:серуенге шығу арқылы ұйымдастыруға болады, біреуі жүргізуші,гай қызметкері болып ойынды бастайды,көлікті қоюға болмайтын жерлерді көрсетеді,айыппұл салады.<br>Капсыру<br>Текшеден пішіндерді бүктеу арқылы сопақша пішінді шығару<br>«Пішінді өзгерт»<br>Мақаты:төртбұрышты пішіндерді бүктеу арқылы сопақшаны шығару әдісін үйрету** | **Көркем әдебиет**<br>Шығарманы рөлге бөлу,сахналау .<br>«Алма мен қызанақ» ертегісі<br>Мақсаты: балаларға бақ пен бақшаның өнімдері жайлы әңгімелету.<br>Ертегіні тыңдатып,кейіпкерлері жайлы айтқызу,рөлге бөліп айтуға машықтандыру. Ертегі бойынша бір-бірімен диалог жүргізу.<br>**П\ж\о:«Суретті құрастыр».<br>Мақсаты.<br>Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Ойын шарты.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Математика негіздері:**<br>Заттарды кеңістікте орналастыру. **Құр.о: «Жануарларды орналастыр»<br>Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге** | **Математика негіздері<br>Апта күндері,тәулік бөліктері. Тәулік бөліктері »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br>Санамақ<br>Аптаның 7 баласы<br>Апта деген ағайдың<br>7 бірдей ұлы бар,<br>Біріншісі-<br>дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі,<br>Төртіншісі-Бейсенбі,<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі,<br>Шатастырма, балақай,<br>Аттарын тез жаттап ал!<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сөздерді сын есімдермен байланыстыру.<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз)<br>Сұрақ-жауап өткізу: -<br>Сенің көйлегіңнің түсі қандай? -<br>Неге әжелердің сөмкесі үлкен болады? -<br>Анаңның пісірген тамағының дәмі қандай? Т.т** | **Сауат ашу негіздері<br>Жазу парағында кеңістікті бағдарлау.<br>Саусақ жаттығуы.<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br><br>Көркем әдебиет<br>ойын-жаттығу.**<br>Кейіпкердің Мимикасын беру.<br>**Менің сүйікті ертегім.<br>«Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."<br><br>Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл-күйін бере білуге,дауыс дикциясын жасай білуге үйрету.<br>«Қоян» Қоян келіп жолбарыстың,<br>Терісін сырып алыпты.<br>Сол теріден мойнына,<br>Шәлі тоқып алыпты.<br>«Есек»<br>Есек мініп тышқанға,<br>Айға ұшып барыпты.<br>Айға сәлем берем деп,<br>Қалпағы түсіп қалыпты.<br><br>Дене шынықтыру<br>Допты екі қолмен, бір қолмен қағып алу. Оң және сол қолмен алмастыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал».<br>Шарты: Допты алдына шығарып ұстап, алға-жоғары лақтыру,саусақтарының арасын ашып ұстау.<br>Қимылды ойын «Допты қуып жет» Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. | Шарты: төртбұрфштың ұрыштан қайырып бүктеу не қию арқылы сопақшаны шығарады. Шыққан сопақшаны неге ұқсайтыны жайлы әңгімелейді.Және сол ұқсайтын заттарға сәйкестендіріп жапсырады, у<br><br>Музыка<br>Музыкалық ырғақтық қимылдар<br>«Музыкалық әткеншек»<br>Мақсаты:Балаларға музыканың өзгеру тырғағын ажырата білуге үйрету.<br>Шарты:Тәрбиеші «Әткеншек» әуенін қосады,балалар әткеншекке ұқсап тербетіліп қимыл жасау керек.Музыка алдымен жәй ырғақпен,содан соң жылдам ырғаққа ауысады.<br>Балалар музыкаға сай қимылмен илгеріп қимыл жасау керек.<br>«Ақырын-қатты»<br>Мақсаты: темврлік есту қабілетін дамыту. Шарты: Балаларға үш түрлі карточкалар таратылады, көгілдір-ақырын,қара-қатты,көк-орташа.Музыка қосылғанда сол әуенге қарай карточканы жоғары көтеру керек. | үйрету.<br>Шарты:5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. -Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актиінді орналастыру.<br>Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыру,<br>Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыру.<br>Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыру керек.<br><br>Сауат ашу негіздері Сөзге дыбыстық талдау жасау<br>«Абайлаңыз» ойыны<br>Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды үйрету,сөздегі дыбыстың ретін анықтауға,белгілерін ажырату.<br>Шарты:балалар қатты дыбыс естісе тепкілейді,жұмсақ дыбыс болса шапалақтайды. Бір сөзді айтып оны неше дыбыс бар екенін анықтау керек. Және сол сөздің қандай дыбыстан басталып тұрғанын ауызша айту керек.<br>Дене шынықтыру<br>Допты екі қолмен,бір қолмен қағып алу.<br>«Волейбол» ойыны<br>Мақсаты: Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі | «Өз үйіңді тап» ойын<br>Мақсаты:Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>Шарты: Балаларға екі түсте боялған қағаздан жасалған үй<br>беріледі,түстеріне,кқлемдері не қарай заттарды дұрыс орналастыру керек.<br><br>Қазақ тілі<br>Сұрақтарға нақты,толық жауап беруге дағдыландыру<br>«Жалпы атауын бер".<br>Мақсаты: Сурет бойынша қойылған сұрақтарға түсінімды жауап беруге баулу. Шарты: Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері)<br>«Суреттерді орналастыр»<br>«Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу<br>Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету.<br>Музыка<br>Марш сипатын беру.<br>«Кім не істеп жатыр?»ойыны<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық жанрлары туралы білімдерін дамыту.Ән,би,маршты ажырата білуге баулу.<br>Шарты: Тәрбиеші үш түрлі әуенге сәйкес үш түрлі сурет көрсетеді.Балалар музыканы тыңдай отырып, кім қандай жанрда өнер көрсетіп жатқанын айтады. | дәл тауып, сипаттауға үйрету.<br><br>Қоршаған ортамаен таныстыру<br>Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар<br>«Кім,қайда өмір сүреді»<br>Мақсаты: Балалар суретті тапсырма арқылы туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. «Жануарлар әлемі» ойыны Мақсаты: жануарларды атау арқылы олардың төлдерін дұрыс атауға үйренеді.<br>Шарты: Допты лақтырады да қоян дейді бала көжек деу керек,қасқыр-бөлтірік,аю-қонжық,т.б<br><br>Дене шынықтыру<br>Музыка әуенімен жаттығу орындау.Спорттық ойындар. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>«Қақпаға дәлде» ойыны<br>Мақсаты: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Шарты:допты белгіленген қақпаға қарай дәл тебу, алмасып, кезектесіп ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.<br>Қ\о: «Төбеде доп қуу»<br>Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа,дербес қимыл әрекетке үйрету.<br>Шарты: екі топқа бөлінеді,әр топтың балалары бірінің артына сапқа тұрады,капитандар допты басынан асыра ұстап тұрады.белгі берілгеннен кейін артындағы балаға допты басынан асыра беріп,тез-тез жалғастыру керек.**<br>,<br>,<br>. | **«Жас ұландар» маршы өлеңін айту.<br>(сөзі: Б.Тәжібаев,әні: И.Нүсіпбаев)<br>Біз-бейбіт ел ұланы,<br>Өнер,білім ұраны.<br>Алдымызда жақсы арман,<br>Күлім қағып тұрады.<br>Қ-сы:<br>Біз-батыл ел жастары,<br>Бақыт алға бастады (2 рет)** | |
| **Серуенгедайындық** | **Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.** | **Серуенге ойын құралдарын дайындау.** | **Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.** | **Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.** | **Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.** |
| **Серуен** | **Құрт-құмырсқа, жәндіктерді бақылау.<br>Жәндіктердің ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи»** | **Құстарды бақылау.<br>Құстардың табиғат үшін қажеттілігін айту.<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Қимылдық ойын: «Үрпек төбет»** | **Ауа-райын бақылау.<br>Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау.<br>Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.<br>Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық»** | **Кептерді бақылау.<br>Балаларға кептердің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні туралы айту.<br>Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал»** | **Күзгі көріністі бақылау.<br>Күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы сөйлесу.<br>Қимылдық ойын: «Жел мен жапырақтар»** |
| **Серуеннен оралу** | **- Күз айындағы ауа райы құбылыстары туралы әңгімелесу.<br>- Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>Қимылдық ойын: «Соқыр** | **Шөпті өсімдіктерді бақылау;<br>- Балаларды алаңда өсетін шөп-шаланды өсімдіктермен таныстыру;<br>- ойын алаңын жинау.** | **-Желді бақылау.<br>-желдің түрлерімен таныстыру;<br>Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.** | **-Алтын күзді бақылау.<br>Күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын ажырату.<br>Қимылды ойын: «Көрші»** | **Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теке» | | Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек» | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: «Қоржынды сәндейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. (жапсыру іс-әрекетінде дұрыс жұмыс жасай алмайтын баламен жұмыс) | Жеке баламен жұмыс: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. (сөйлеу дағдысы төмен баламен жұмыс жүргізу) | Жеке баламен жұмыс: Серуен кезіндегі алған әсерлерін сұрау,көп сөйлемейтін баланы диалогқа тарту. | Жеке баламен жұмыс: Қаламды дұрыс ұстауда қиналатын баланың қолын жазу дағдысына үйрету. | Жеке баламен жұмыс: «Автобуста» Мақсаты:Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Адамгершілік тәрбиесіне,әдептілікке баулу,тәрбиелеу. (қоғамдық орындарда өзін қалай ұстауы, үлкен-кішіге деген құрметі жайлы әңгімелесу) |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. \Ата-анамен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |

Бекітемін ______ Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 1-апта**

**Білім беру ұйымы:** Ақкемер ЖББОМ
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы** 5жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 02-06 қазан 2023-24 жж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау.<br>Денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу.<br>Тазалығын тексеру<br>Ойын-тапсырма: : «Басқа әуендердің ішінен әуенді тап»<br>Түрлі әуендер арасынан әуенді табу.<br>Әуенді айту.<br>. | Шаттық көңіл-күй шеңберін ұйымдастыру.<br>Қане,шеңбер құрайық,<br>Алаханды ұрайық!<br>Уық болып иіліп,<br>Керегеге киіліп,<br>Киіз үйді құрайық! | Ата-анасы туралы жағымды күй сыйлау мақсатында айтылады:<br>Шуағын төгер күн қымбат,<br>Ашық аспан көгі қымбат.<br>Бірге ойнаған дос қымбат,<br>Бұл өмірді сыйлаған,<br>Бәрінен де ата-анам қымбат! | Аппақ менің жүрегім,<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап,бір жүрер,<br>Достарым көп,білемін!<br>(Достары туралы әңгімеге тарту)<br>Ойын: «Мейірімділік гүлін» тарату.<br>( Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін таратады) | Таңғы шеңбер.<br>«Міне біз, міне сен және мен<br>Біз бір отбасымыз».<br>Әңгіме-диалог құру.<br>Жағымды психологиялық жағдай туғызу.<br>« Бізде кім жақсы» ойыны.<br>Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту. | Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып , ата-аналармен пікірлесу | Отбасылық өнімді әрекет.Ырым-тыйым сөздер үйрету. | Ата-аналармен «Бала неге мазасыз ?» тақырыбында әңгімелесу.<br>Үйде балаларға ертегі оқып беруге кеңес беру. | Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу және мектепке уақытында келуі,кетуі туралы айту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты жандандыру (Бір-бірін ренжітіп алған жағдайда кешірім сұрап бетінен сүю) | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау:шаңын сүрту,қопсыту,су құю т.б) | Топта балалармен еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино). | Бояуыштар бояу<br>Дайын берілген бейнені сыртына шығармай ұқыпты,әдемі етіп бояу | Ертегі кітаптар қарау, әңгімелеу.<br>Д/О «Сен не көрдің»<br>Суреттегі бейнені мұқият қарап алғаннан кейін,қандай сурет жасырылғанын айту |
| Таңертеңгі жаттығу | Шыныққан шымыр боласың,<br>Саулығып айдай | Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай | Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы | Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене | Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы (Жүру,жүгіру,т.б<br>қолды алға, жан-жаққа созу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толасың.<br>Спортты серік ете біл,<br>Жақсы азамат боласың. | отырып, баланың қимыл-қозғалысынмен салауатты өмір салтына тәрбиелеу | балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету | бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>(Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру) | алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Қапшықта не жатыр?»<br>Мақсаты: Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айра білу туралы білімдерін бекіту. | «Формасы ұқсас заттарды тап»<br>Ойынның мақсаты: Түрлі заттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау. | . «Кім тез шешеді?» ойыны<br>Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып ал. | «Неге(не үшін) оны істеу керек?» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты:еңбекке қажеттіні қалыптастыру, білімде еңбек жағдайларын кеңейту. | «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту.<br>Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Математика негіздері<br>Бүтін,жиын және арасындағы байланыс.<br>Мақсаты: жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.<br>«Формасы ұқсас заттарды тап» Ойынның мақсаты: Түрлі за ттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған | Сауат ашу негіздері<br>Сөздергедыбыстық талдау жасау.<br>Фотасуреттер карастыру «Менің ойыншықтарым»<br>Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру,ойыншықтар атауына дыбыстық талдау жасау.<br>"Ойыншықтар дүкенінде"<br>Мақсаты: Дүкенде озін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу,диалогты сөйлеуді бекіту.<br><br>Қоршаған ортамен | Математика негіздері<br>Жиынның бөліктен үлкен екендігін түсіндіру.<br>Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау.<br>Көркем әдебиет<br>Кітаптың безендірілуіне назар аудару.<br>«Мұны қайдан сатып алуға болады?»<br>Балалардың әр | Математика негіздері<br>Жиын бөліктерін санату;<br>бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру,<br>П\ж\о: «Сипай сезіп ,санау» арқылы қарамай ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>«Сиқырлы қапшық»<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға, бөліктерден жиын құруға үйрету.<br>Шарты: заттарды не ойыншықтарды бөліктеріне қарай жиын құру<br>Құо\О: «Жалпы атауын бер".<br>Мақсаты.<br>Балаларға лото карталары беріледі.<br>Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, | Сауат ашу негіздері<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br>П\ж\о: «Менің отбасым»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін таныстыру.<br>Сөйлеу арқылы тілін дамыту.<br>Шарты: Сурет арқылы отбасы мүшелерін атайды және бастапқы дыбыстарының қандай дыбыс екенін ажырату керек.<br>Құр\о: «Кәмпиттер»<br>Мақсаты:Бұл ойын шулата отырып бірдей дыбысты табу және де ойлау қабілеттері дамиды,зейіні ,есте сақтауы, сонымен қатар есту арқылы ,тындай отырып дыбыстардың ерекшеліктерін сезеді.<br><br>Көркем әдебиет<br>Шығарманың мазмұнын, бірізділігін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | білім – дағдыларын тиянақтау.<br>Шарты:бүтін,бөлік заттарды ажырату,жинақтау керек.<br>Құр\о: «Не жетпейді»<br>Мақсаты: суреттің жарты бөлігін бүтінге айналдыруды нақтылау.<br>Шарты: Тақтаға суреттер ілінеді, балалар жетпеген жерлерін апарып іледі.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті тыңдауды, айтуды, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру;<br>Мен кіммін және қандаймын?<br>Сөйлеу<br>Міндеті: Сөйлемнің мағынасын түсіну. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқауларын | таныстыру<br>Қоғамдық орындағы мінез-құлық ережелері<br>Әңгімелесу "Мен көшедемін"<br>Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту.<br>Бөгде адамға жолама әңгімелесу.<br>«Жылы сөздер» ойыны шарты: балалар шеңбер бойымен тұрып, достарына жылы сөздер айтады.<br>Ойын:«Жақсы – жаман»<br>Шарты:заттардың қандай жағдайда жақсы және қандай жағдайда жаман екенін айту.<br><br>Құрастыру<br>Пішіндерді күрделі емес композицияларға біріктіру.<br>Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>«Мозайка»<br>Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.<br><br>Музыка<br>Музыка мазмұны туралы айту. | түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері.<br>Ойын терапиясы.<br>Құр\ойын: «Кітапханада».<br>Мақсаты: баланың ақыл ойын дамыту.Кітапқа қызығушылығын арттыру.<br>Шарты: біреуі кітапханашы, қалғандары кітап оқуға келген балалар ,олар өздеріне ұнаған жанр таңдайды.<br>Сауат ашу негіздері<br>Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.<br>П\ж\ойын: «Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз»<br>Мақсаты: дыбыстарды дұрыс қолдану. етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану.<br>Шарты:.шығармашылық қиялын көрсетеді,әрекетті қимылмен көрсетеді, тапқырлығын дамыту.<br>Құр о: «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» | қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>Сөйлеуді дамыту<br>Фонематикалық есту қабілетін дамыту,яғни сөздік дыбыстарды талдау,біріктіру.<br>П\ж\о: « Менің досым» ойыны<br>Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.<br>Құр\о: « Сөйлемді аяқта»<br>Мақсаты: айтылған сөзді дұрыс тыңдап,жалғасын табуға үйрету.<br>Шарты: Менің досым...............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.<br>Қазақ тілі<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттармен танысу.<br>Ойын-тапсырма.<br>«Үй мен киіз үйдің айырмашылығын ата»<br>Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>Шарты: киіз үй ішіндегі тұрмыстық заттарды табу және атау.<br>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Туған елдің ұлымын"<br>(Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>Музыка<br>Музыка сипатын көңіл-күймен біріктіру. | сақтау<br>«Отбасы»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу.<br>Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру<br>Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын тәрбиешіге беріп, өз тілегін айтады)<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Өз-өзін құрметтеу, сенімділікті артыру,<br>Фотосуреттер қарастыру<br>Ойын. «Мен еңбекқор баламын». Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады.<br>Еңбек тапсырмасы:<br>Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау.<br>«Кім тез шешеді?» ойыны<br>Мақсаты: өз-өзіне сенімді түрде жұмыс жасауын дағдыландыру.<br>Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып алу қажет.<br>Дамытушы ойын.<br>"Мен өзіммен бірге жолға аламын".<br>Мақсаты.<br>Логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Сипаттама.<br>Балаңызға оймен саязатқа баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы және т.б.) қолдану Суреттің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Сөйлеудің не үшін қажет екенін ұғыну. Ойын-жаттығу. «Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі" Мақсаты: балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру. Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру.** <br>**Қазақ тілі** <br>**Аузекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Не (кім), қалай қимылдайды? Ат - шабады,** | **Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге ,әнді ширақ , жеңіл орындауға үйрету. П\ж\о: «Достық неден басталады» Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер. «Жақсы көрем атамды.жақсы көрем әжемді» әнін үйрету.Сөзін,әуенін анық,ашық айтуға үйрету.** | **Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту.Шарты: Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Дене шынықтыру. Орындық үстімен текшелерден аттап жүру. Кедергілерден өту арқылы жүгіруді үйретуді жалғастыру. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен тепе-теңдікті сақтауды үйрету. «Құрсау» Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура** | **Музыканың сезімдік мазмұнын сипатын ажырата білуге, әнді нәзік орындауға төсілдіру. өзін еркін ұстауға , ырғақты сезінуге үйретуді жалғастыру. Музыкаға сәйкес би қимылдарын пайдалануға талпындыру. Ойын арқылы балаларды шапшандылыққа баулу. П\ж\о: «Бұл қай кезде болады?» Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыканы мұқият тыңдап отырып ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауға үйретуді жалғастыру. Әннің сөзін анық етіп, мәнін түсініп орындауға дағдыландыру. Ойыншық кейіпкерінің қимыл қозғалысын бере білуге талпындыру. Ойын-жаттығу:** <br>**Мынау ойыншық әлемі,** <br>**Ойыншықтары әдемі.** <br>**Таңдап алып біреуін.** <br>**Бөпеме алғым келеді,** <br>**Сынып қалса бір жері.** <br>**Жөндеп бергім келеді,** <br>**Жылатпаймын бөпемді,** <br>**Үлкенмін ғой себебі.** | **қалай пайдаланатынын сұраңыз.** <br><br>**Дене шынықтыру** <br>**Арқан бойымен әртүрлі бағытта жүру. Арқан, жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүруге үйретуді жалғастыру.** <br>**Қим\о: «ТАПҚЫР»** <br>**Ойын шарты: Тегіс жерге дөңгелек сызып,радиусына тең жіп алынады. Жүргізуші дөңгелек ортасында тұрып тізе тұсына жіпті жәй біресе тез айналдырып ойыншыларды іліп алуға тырысады. Қалған ойыншылар жіпке ілінбеуге тырысып секіреді.** <br>**Қим\о «КИІК»** <br>**Ойын шарты:** <br>**Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады. Жүргізуші балалардың арасымен кіріп былай дейді:** <br>**Желаяқ киік шабады,** <br>**Жолменен киік шабады.** <br>**Бір,екі,үш,төрт,бес,** <br>**Оны қалай ұстаймыз?** <br>**Оны қалай ұстаймыз?** <br>**Дөңгелекті жауып,қолдарын жібереді. Егер киік ұсталса,ойыншылар ауысады.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяндайды, секіреді.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Жұмбақтар<br>Жай да үнсіз тұрады,<br>Біреу келсе тез жат деп,<br>Қоңырауын ұрады,<br>Дабыл қағып безектеп.<br>(Телефон)<br>Іші салқын,мұзы бар,<br>Күнкей қашқан қой сынды,<br>Жылыда тез бұзылар,<br>Барша тағам тығылар.<br>(Тоңазытқыш)<br>Дене шынықтыру<br>Тепе-теңдікті сақтау<br>Кедергілерден өту арқылы жүгіруді үйретуді жалғастыру. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен тепе-** | | **жүруді үйрету.Текшелерді аттап өтіп, гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңдікті сақтауды үйрету. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Ажырат» Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді. | «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту | «Кім не жейді?» Мақсаты: Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту | «Жемістерді жина» Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту |
| Балалармен жеке жұмыс | Қоржынды сәндейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту. (жұптық жасату) | Еңбек тапсырмасы: Денсаулық бұрышын жинастыру,шаңдарын сүрту. (кезекшілік ұйымдастыру,жұптық жұмыс) | Күз мезгіліне байланысты мақал - мәтелдер үйрету және жұмбақ жасыру. (тынымсыз баламен жұмыс,яғни отырып ойлануына мүмкіндік беру) | «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру. Саңырауқұлақты мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. (шығармашылыққа қызығушылығы аз баламен жұмыс жасау) | "Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Серуен | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: — Арнайы көліктер туралы | Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру Күздің қандай | Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау Мақсаты: — Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) — Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн | Желді бақылау . Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; — өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.) Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз) Күшті желдер қалай аталады? | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: Ұшып кететін құстарды бақылау Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. Балалармен әңгімелесу, сұрақтар: Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді? (құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **білімдерін кеңейту; — Сөздік қорларын молайту. - Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) - Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) -Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) - Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) -Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)** | **белгілерін білесіңдер? Күзде ауа-райы қалай өзгереді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?** | **ашақ, бірақ жылытпайды ).** | **(дауыл, құйын.) Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?** | **жаттықтырады)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».** | **Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.** | **Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.** | **. Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».** | **Көрменің мақсатымен таныстыру. «Шебердің ізі..» тақырыбына көрме ұйымдастыру.** |

Бекітемін Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: Аккемер ЖББОМ**
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 09-13 қазан 2023-24 оқу жылы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу.<br>Табиғатпен танысу<br>Табиғат неткен көрікті,<br>Жапырақтай жайқалып,<br>Гүлдей жайнап өсеміз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Билеп-билеп аламыз | Сыйластықты іздеген, Әдеп сақтар ізгі өрен.<br>Сыпайылық белгісі<br>Үлкендерге «Сіз» деген<br>Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу | Таңғы шеңбер.<br>«Міне біз, міне сен және мен<br>Біз бір отбасымыз».<br>Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға суреттер қою және суреттерге толық жауапты талап ету. | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.<br>Әуенді ойын: «Кел,билейік балақай!»<br>Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. | . Саусақ жаттығуы:<br>Ағайынды аралармыз,<br>Еңбек үшін жаралғанбыз<br>Ззз -ззз- ззз<br>Шыбын іздеп күні бойы<br>Гүл бақшаны аралаймыз<br>Ззз — ззз –ззз<br>Қалмай ұшып соңынан<br>Ара қуды біздерді<br>Ззз- ззз – ззз. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жұмыс:<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату.<br>Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Құр\о:«Суретші қай жерде қателесті?»<br>Мақсаты:<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. | Қ/о:«Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын | Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шешу .<br>Табиғаттың кереметтері туралы әңгімелесу<br>Фотосуреттер қарау | Ойын:"Жақсы -жаман" ойынын ойнайық.<br>Ойын ережесі: "Жақсы жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру. | «Табиғат әлемі» тақырыбына суретті түрлі-түс пен сурет салу.<br>Мақсаты: Балалардың қиялына ерік беру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгі жаттығу | Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету | Музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды | «Солдат болам мен ертең»<br>Мақсаты: дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамытады.<br>Денемізді тік ұстап,<br>Қолымызды созайық<br>Күнде жасап жаттығу<br>Бәрінен біз озайық! | «Мен шымыр баламын»<br>Мақсаты: оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіреді.<br>Алға қадам аттайық,<br>Тәртіпті біз сақтайық!<br>Оңға,солға бұрылып,<br>Денемізді баптайық | Орташа доптармен»<br>«Допты желкеге қоямыз»<br>Б.қ. тік тұрып, аяқ алшақ, доп төменде;<br>1-2- допты жоғары көтеру;<br>3-4- желкеге қою;<br>5-6- жоғары көтеру;<br>7-8- б.қ. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Тамшыларды жина»<br>Мақсаты: үлкен, кіші заттарды айыру және жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>(Математика негіздері<br>Сурет салу) | «Дауысын сал!»<br>Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.<br>(Қоршаған орта) | «Ғажайып қапшық»<br>Шарты:Қапшықтың ішіндегі затты сипап табады. Табалмаған бала күз мезгілі туралы тақпақ айтады. | . «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>Мақсаты: Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.<br>(математика) | «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>Ойынның мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Математика негіздері<br>«Бір»сөзінің мағынасы<br>«Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру.<br>«Біреу және көп»<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. | Сауат ашу негіздері<br>Буын<br>П\ж\о: «Суретті құрастыр».<br>Мақсаты.<br>Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, буынға бөлуді үйрету,төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. | Математика негіздері<br>Сан және санау<br>П\ж\о: «Сипап сезу арқылы санау»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең);<br>Шарты: берілген заттарды қарамай сипап сезу арқылы санау керек. Санап шығарған заттарын ойын соңында | Математика негіздері<br>Жиын бөліктерін санату<br>П\ж\о:«Не жетпейді»<br>Мақсаты: Суреттегі жетпейтін бөліктерін дұрыс орналастыру,тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Тақтаға суреттер ілінеді, балалар жетпеген бөліктердін апарып іледі.<br>Қ/О «Қанша болса, сонша»<br>Ойын шарты: Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әр түрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі | Сауат ашу негіздері<br>Қолды жазуға дайындауды жалғастыру.<br>Ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>«Ойын-жаттығу»<br>1.«Кірпі» жаттығуы- Момақанмын алайда (үш саусақтың басын түйістіріп кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла (екі қолының саусақтарын айқастырып кірпінің тікенектерін жасайды)<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме,жарайма!<br>2. «Достық» жаттығуы –Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларыны ң бірдей екендігін атап өтеді .<br>Құр\о: «Сен жасыр, біз табамыз»<br>Мақсаты: бір және бір топ ұғымын бекіту.<br>Шарты: балалар көзін жұмып отырады. Бір ойыншы шығып бір карточканы алады,ішіндегі** | **Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды және буынға бөлсе сол жеңімпаз атанады.<br>Құр\о:«Менің ата-әжем»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету.<br>Шарты: Өзіне таныс тақырып аясында және отбасы мүшелері жайлы диалогке қатысу.<br>Сурет салу<br>Түстерді өз қалауынша таңдау бояумен жұмысты жетілдіру.<br>П\ж\о:«Түрлі-түсті жолақтар»<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу** | **салыстырады,кімде қанша.<br>Құр\о: «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>Мақсаты: Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтары н арттыру.<br>Көркем әдебиет<br>Шығарманы эмоциямен қайталап айту.<br>П\ж\о: «Достық неден басталады»<br>Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.<br>Құр\о: «Сөйлемді аяқта» Менің досым..............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.<br>Сауат ашу негіздері<br>Сөздердегі буын санын анықтау.<br>П\ж\о:«Буынға буын қос»<br>Мақсаты: басталған буынға буын** | **(обруч) ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге – 4 бала, 2-еуге – 2 бала.<br>Құр\о: «Орнына қойып шық»<br>Мақсаты: Жиһаздардың аттарын атап айту және бөлме ішінде өз орындарына орналастыру<br>Шарты: берілген заттардың жиынын жасап өз орындарына тез-тез қойып шығу керек,ойын екітоппен өткізіледі.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Артикуляциялық жаттығулар «КҮРЕКШЕ»<br>Тіл босаңсытылады,жалпақ күйге енгізіледі де төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек.<br>«ШӘШКЕ»<br>Ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де, шәшке формасы беріледі. Тілдің шеттері тіске тимейді.<br>Ойын-жаттығу: «Дауысын сал!»<br>Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.<br>«Қателеспей қайтала» ойыны<br>Мақсаты:Б-П дыбыстарын ажыратуға жаттығулар жасау.<br>Шарты: Тәрбиеші тақтада ілінген дыбыстарды айтады, балалар қателеспей бірнеше рет қайталайды.<br>Ба-па бы-пы бе-бы<br>Бу-пу бо- по пы-пі<br>Суретпен жұмыс<br>Б-П дыбыстары бар сөздер құрайды (бақа, балапан,бөрік, парта, папа)<br>Қазақ тілі<br>Тілдік және артикуляциялық аппараттын, дикцияны дамыту<br>Артикуляциялық жаттығулар:** | **(қолдың саусақтары бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір,екі,үш,төрт,бес (шынашақтан бастап саусақтарды кезектестіріп тигізеді)<br>Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз,демалтамыз)<br>Көркем әдебиет<br>Диалогтік сөйеуді дамыту<br>П\ж\о: «Көңілді көліктер» диалогтік-әңгіме<br>Мақсаты: Көліктер қызметін айта білу, сөздерді анық айту, есте сақтау қабілеттері, мазмұнын айтуға дағдыларын қалыптастыру.<br>Шарты:кімнің көліктің қанша түрін білетінін айтып жарыстыру,кім қандай көлік маркасын жақсы көретінін сұрау,т.б<br>Пж ойын: «Тамаша күн!»<br>Шарты: Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына бір-біріне бас бармақтарыңды көрсете отырып , «Тамаша»деп жауап береді.<br>-көңіл күйлерің қалай?<br>-ауа-райы қандай?<br>Мобильді ертегі бұрышынан аудио құрылғыдан таңдаған ертегілерін тыңдату. Тыңдаған ертегі бойынша өзара диалог жүргізуге тапсырма беру.<br>Қоршаған ортамен таныстыру.<br>Бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну<br>Балаға таныс емес заттармен жұмыс жасап көруге мүмкіндік беру.<br>ПЖ ойын: « Зат неге ұқсайды?»<br>Мақсаты: пішіндерге ұқсас заттарды атауға,тануға үйрену.<br>Шарты: тәрбиеші геометриялық пішінге ұқсас ,бірақ таныс емес затты көрсетеді,бала барынша жауап беруге тырысуы керек,яғни** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретті таңдайды,мысалы бір қой және бір отар қой жүреді.Көздерін ашқызып ,екеуінің айырмашылығын табуды сұрайды.<br>Ойыншы одан кейін бір топ бала мен жалғыз баланың суреттерін көрсетеді.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сөздегі дыбыстың орнын анықтау.<br>Ойын жаттығу доппен: «Жылы сөздер»<br>Мақсаты: Жақсы сөздер айту және сөздердегі дыбыс орнын анықтауға үйрету.<br>Шарты: допты лақтырып бір сөз айтады,келесі бала соған қарама-қарсы сөз айту керек.<br>"Сұрақ – жауап" ойыны.<br>(құрылымдалған)<br>Ойынның мақсаты:<br>Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Шарты:<br>-досың кім? | іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдану.<br>Музыка<br>Әлемдік және қазақ музыка өнері.<br>П\ж\о:<br>«Музыкалық текше»<br>Мақсаты: Ән тыңдау..<br>Ән тыңдауда вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.Әлемдік және қазақ әндерін тыңдату,көңіл-күйлерін байөқау.<br>Шарты:<br>тәрбиеші:<br>Текше кетті айнала<br>Бере ғой сен досыңа.<br>Текше саған токтаса,<br>Сал өнерді ортаға,-деп текшені кез келген балаға береді,текшені алған бала ән салу керек.<br>Қоршаған ортамен | қосып,санын анықтау.<br>Шарты: балалармен жеке немесе топпен өткізуге болады.<br>Сөздің бастапқы буынын айтады,балалар буын қосып сөзді аяқтау керек.<br>Мысалы, ау-ла,ал-ма,қар-быз,т.б<br>Құр\о: «Пойыз»<br>Мақсаты: сөздерде ауызша айтылған дыбыстың бар-жоғын анықтауға үйрету.<br>Шарты: сол дыбысқа байланысты сөз құрап онда неше дыбыс,неше буын бар екенін кім жылдам тапса,сол жеңімпаз болады.<br>Дене шынықтыру.<br>Түзу бағытта қос аяқпен секіру.<br>Қим\ойын:<br>«ҚОЯН МЕН ҚАСҚЫР»<br>Ойын шарты:<br>Балалар арасынан қасқыр таңдалады. Қалған қатысушылар қояндар болады. Тәрбиешінің дабылы бойынша қояндар секіреді, екінші дабылды соққанда қозғалмай қатып қалулары керек. Осы кезде айналып жүріп қозғаған қоянды | «ДӘМДІ ТОСАП»<br>Жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе тәрізді қалыпта ұстау керек. Және жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап ауыз қуысына кіргізу.Егер бала жаттығуды орындай алмай жатса «ля-ля-ля» жаттығуына оралу керек.<br>«Тақпақ айта білемін»<br>Мақсаты:<br>Қазақ тіліне тән к-қ,з-ж дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Шарты:к-қ дыбыстарына арналған тақпақ жатқа айтқызу.<br>К-ні айтсам-ол кітап<br>Нәр береді біліммен<br>Қ-ны айтсам-ол қалам,<br>Ақ қағазда жүгірген.<br>З-дегенім зымыран,<br>Ол әуенің көлігі.<br>Ж-дегенім жидек,<br>Ішінде бар өрігі<br><br>Музыка<br>Музыка тыңдау<br>«Музыка әлемі»<br>Көңілді музыка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу.<br>П\о: «Үш гүл»<br>Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып суреттегі көңіл-күйді беру.<br>Шарты: үш гүлде үш түрлі эмоция берілген,шығармаға қарай гүлді таңдап,көрсету керек<br>. | неге ұқсайды немесе не үшін пйдаланады деп ойлайсың деген сияқты сұрақтар қойылады. немесе балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.Мысалы, үшбұрыш-пирамида, төртбұрыш-портфель,т.б<br>Пж ойын:<br>"Ғажайып қапшық"<br>Мақсаты: өлі,тірі табиғатты ажыратуға баулу,дұрыс атауын айтуға үйрету.<br>Шарты: Қапшықтағы суреттердің қай табиғатқа жататынын айтады .(өлі және тірі табиғат)<br><br>Дене шынықтыру<br>Спорттық ойындар (Волейбол)<br>Қимылды ойын:<br>«БАЙЛАНҒАН ОРАМАЛ»<br>Ойын шарты:<br>Орамалды допқа ұқсатып орап байлайды. Бір ойыншы ортада тұрып,қалғандары оны қоршап тұрады. Белгі берілген кезде ойыншылар бір-біріне ортадағы ойыншыға ұстатпай секіріп орамалды лақтырады. Ортадағы ойыншы орамал-допты ұстап алуы керек. Орамалды ұстай алмаса орнын басқа баламен ауыстырады.<br>Қимылдық ойын:<br>«АДАСҚАН ДОП»<br>Ойын шарты:<br>Балалар дөңгелене шеңберге тұрады. Бір-біріне допты бере бастайды. Жүргізуші шеңбер сыртында допқа қолын тигізуге тырысады. Егер ол қолын тигізсе допты ұстап тұрған баламен орын ауыстырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –досыңа не сыйлар едің?<br>–жақсы көретін түсің?<br>П\ж: «Орнын анықта»<br>Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Шарты: берілген дыбыстардан басталған сөздердегі орнын анықтау,мыс,зы мыран,з сөздің басында,.т.т<br>Қазақ тілі<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>«Әдепті сөздер шеңбері»<br>Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады<br>Дене шынықтыру<br>Бір орында тұрып, 3-4 м қашықтыққа секіру | таныстыру<br>Заттың әлем,кеңістікті бағдарлау.<br>«Не қайда өседі?»<br>Мақсаты: өсімдіктер жһніндегі білімдерін кеңейту,заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау.<br>Шарты: бақ пен бақша салынған суреттер,жемісте р мен көкөністерді дұрыс орналастыру..<br>Бізді не қоршап тұр?<br>Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.<br>Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. | іздейді. Тауып алса сол қоян қасқыр болып алмасады.<br><br>Қим\ойын: «КИІК»<br>Ойын шарты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады. Жүргізуші балалардың арасымен кіріп былай дейді:<br>Желаяқ киік шабады,<br>Жолменен киік шабады.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Дөңгелекті жауып,қолдарын жібереді. Егер киік ұсталса,ойыншылар ауысады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Секіру (далада)<br>Бір орында тұрып секіруді үйретуді жалғастыру.<br>«ҚОЯН МЕН ИТ»<br>Ойын шарты: Ойыншылар арасынан ит таңдалады. Қалған ойыншылар қояндар болады. Бір-бірінен арақашықтығы 3 метр болатын екі шеңбер орналастырылады. Иттің міндеті бір шеңберден бір шеңберге секіріп жүрген қоянды ұстап алуы керек. Ұсталып қалған қоян ит болады,ойын осылай жалғасады.** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **ПЖ ойын<br>«Тыңда да қайтала»<br>Шарты: тыңдаған күз туралы тақпақтарын қайталайды.<br>Күн бұлттанып , жауын да жауып алады.** | **Еркін ойын: «Ханталапай»:<br>Шарты: балалар асықпен ойнайды.** | **Құрылымдалған ойын:<br>«Артығын тап»<br>Шарты: Табиғат құбылыстары суреттерінің ішінен артық суретті табады** | **Еркін ойын. «Бес тас»<br>Шарты: Бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде жатқан тастарды екі-екіден жиып алады** | **«Ертегілер елінде»<br>Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі<br>Ертегі бойынша сұрақтарға жауап алу,кейіпкердің мінез-құлқын әңгімелеу.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен жұмыс<br>Дұрыс тамақтану мәдениеті және дәрумендер** | **Жыл мезгілдерін және ерекшеліктерін айтып, суреттен көрсетеді.** | **Балалармен жұмыс<br>Шамасы әр түрлі 4-5 затты өсу және кему ретімен орналастырады** | **Балалармен жұмыс<br>Қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады.** | **Балалармен жұмыс<br>Жабайы және үй жануарларын ажыратып, пайдасын айтады** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жайлы әңгімелеу.** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.** | **Серуенге ойын құралдарын дайындау.** | **Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.** | **Серуенге ойын құралдарын дайындау.** | **Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.** |
| **Серуен** | ***Қимылды ойын:*** **«Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны) Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту .Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.** | ***Еңбек:*** **Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету** | ***Қимылды ойын:*** **«Қақпа» Алаңда қозғалып жүру, «Бір, екі, үш-ұста» дегенде- бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.** | ***Қимылды ойын*****: «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.** | ***Қимылды ойын: «Бәйге»*** **Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Тазалық шаралары жайлы кеңес беру. Балалар отбасында өздері не істей алатыны жайлы әңгімелесу.** | **. Балалардың жетістігі туралы айту. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.** | **Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету. Балаға ертегі оқып берудің пайдасы жайлы кеіес беру** | **Кеңес: Тұмау жайлы әңгімелесу,**<br><br>**Ата аналарға қауіпсіздік ережесі туралы кеңестер беру** | **Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата аналардан талап ету. демалысты теледидар, компьютерсіз өткізу жөнінде кеңес беру** |

Бекітемін Г.Ж.Сыдықова
М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Аккемер ЖББОМ**
**Тобы: МАД «а»**
**Балалардың жасы 5-6 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 16- 20 қазан 2023-2024 оқу жылы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. | «Сәлем берем үлкенге»<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз,<br>Бәріне де ізетпен,<br>Сәлеметсіз бе, ағай? – деп,<br>Сәлеметсіз бе, апай? – деп,<br>Есенсіз бе, апай? -- деп,<br>Амансыз ба, атай? –деп,<br>Ұл-қыз сәлембереміз,<br>Өнегелі өренбіз.<br>. | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.<br>«Күн сұлтты далада» әуенін қимылмен жасайды. | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау.<br>Баладан өз отбасында қандай шарумен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Мектептен кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?»** Ойын.<br>Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. | Фотосуреттер қарастыру **«Менің ойыншықтарым»**<br>Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру,сөйлем құрауға баулу. | Ата аналары қандай мамандықтың иесі екенін әңгімелесу.<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. | «Дананың ағашы» ойыны.<br>Суреттерге жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау. | **«Күзгі орман»** фотосуреттерді қарастыру.<br>Күз мезгілінің керемет байқауға баулу.<br>Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Құр/о:«Суретші қай жерде қателесті?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету. | Қ/о:«Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. | «Түрлі-түсті жолақтар»<br>Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым қатынасқа тәрбиелеу. | “ Сиқырлы қоржын” ойыны. Ойынның мақсаты: балаларды сұраққа жауап бере білуге үйрету. | Қ/о:“Сұрақ – жауап” ойыны.<br>Ойынның мақсаты: Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру<br>Бір орында тұрып биіктікке секіру<br>Мақсаты: Сызықтан аттап секіруді үйретуді жалғастыру. Құрсаудың ішіне кіруді үйретуді жалғастыру (биіктігі 50 см)<br>«ҰЯ»<br>Ойын шарты:<br>Балалар өз-өздерін құспын деп ойлап ұшып, аекіріп жүреді. Тәрбиеші белгі беріп 10-ға дейін санап болғанша құстар ұяларына кірулері керек. Егер санап болғанша үлгермеген құстар ойыннан шығады.<br>«ШАБЫС»<br>Ойын шарты:<br>Балалар көшбасшы жүргізушіні таңдайды. Оны айналып,дөңгеленіп тұрады. Алақандарын шапалақтап жай шоқырақпен дөңгелене, салт аттыны бейнелеп отырып шабады. Жеіңмпаз атану үшін жүргізушінің шеңбердің | Сауат ашу негіздері<br>Жазу кезіндегі ережелер<br>П\ж\о: «Не өзгерді» ойыны<br>Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, жазу ережесін сақтауға дағдыландыру.<br>Шарты: ирек,үзік сызықтарды қосу арқылы аңдар суретін шығару. Қолды үзбей бірқалыпты жүргізу керек.<br>Сөздік ойыны<br>Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды.<br><br>Қоршаған орта<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>«Егер де ағаш болмаса не болар еді? »<br>сұрақ -жауап ойыны-1<br>Емдік шөптер жайлы әңгімелесу.Ағаштың қасиетін,пайдасын айту.Әңгімелеуге | Математика негіздері<br>Бүтін,бөлік ұғымдары<br>П\ж\о: «Шаршы құрастыр»<br>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>Шарты: Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.<br>Сауат ашу негіздері<br>Буыннан сөз | Математика негіздері<br>Заттарды салыстыру<br>П\ж\о:«Танып ал да, атын ата»<br>Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>Шарты: қорапшадағы заттарды көрсетіп ,атап,салыстырыу керек.<br>Құр\о: «Сипап сезу арқылы санау»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Қазақ тілі<br>Өз бетінше әңгімелеуге баулу<br>Сөздік ойыны<br>Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды,балалар аяқтайды.Өздігінен жыл мезгілдері жайлы | Дене шынықтыру<br>Қол мен иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Шынығамыз жастай біз,<br>Жаттығуды жасаймыз.<br>Бәр, екі, үш, бір, екі, үш,<br>Бойымызға жинап күш<br>Шынығамыз жастай біз,<br>Жаттығуды жасаймыз<br>Қим\о: «Баскетбол» (далада) Екпінмен биіктікке секіруге үйрету. Кеуде тұсынан қос қолдап допты лақтыруды жетілдіру. Ойынды командамен ойнауға үйрету.<br>Қим\о: «Күн мен түн» ойыны<br>Мақсаты:Балаларды ептілікке, жылдамдаққа және ажыратуға баулу.<br><br>Қоршаған орта<br>Мамандықтар<br>Құр\о: «Дүкенші апай»<br>Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбегін бағалай білуге, сипайлыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Шарты:суретке қарап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортасына тастаған орамалын қағып алулары керек.<br>Математика негіздері «Қанша?», «Нешінші?»<br>Құр\о: «Сандар шатасты». Мақсаты: Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>Шарты: сандар шашылып жатады, тәрбиеші балаларға бірінші,екінші деп сурет көрсету арқылы сандардың ретін табуға тапсырма береді.<br>Пед\ж\о: «Аңдар кезегі» Мақсаты: сандар реті бойынша санау, нешінші? сұрағына жауап беруге дағдылану.<br>Шарты:Тақтада аңдар суреттері ілінген, олар дүкенге зат алуға келген. Дүкенші кезекке тұруын сұрайды, аңдар бірінші,екінші,..осылай жалғасып кезекке тұрғанын сан реті бойынша орналастыру керек.<br>Қазақ тілі<br>Байланыстырып сөйлеу<br>«Иә ма, жоқ па?» (ойын-тапсырма )<br>Мақсаты: қойылған сұраққа дұрыс жауап беру,байланыстырып сөйлеуді жетілдіру.<br>Шарты: тәрбиеші шатастырып сұрақ қояды,соған дұрыс жауап беру керек.<br>-далада жаңбыр жауып тұр,иә?<br>--жоқ | дағдыландыру.<br>Жұмбақтар шешу.Тиым сөздер жаттау<br>Сұрақ-жауап ойыны -2<br>Табиғаттағы заттардың қасиеттері,сапаларын айту.<br>-Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? -Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) Қатты тастарды атаңдар? Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ Неге? (ол жұмсақ, жұғады).<br><br>Музыка<br>Музыка жанрын ажырату<br>«Сабантойды тойлаймыз»<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Міндеттері: Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату.<br><br>Мүсіндеу<br>Заттық мүсіндеу.<br>Адам,жануар пішінін мүсіндеу<br>«Аю мен қоян»<br>Қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен | құрастыру(ауызша)<br>П\ж\о: «Буынды жалғастыр»<br>Шарты:.педаго сөздер айтады бірінші буынын ғана айтады,балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады.<br>Құр\о: «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>Ойынның мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету.<br>Шарты: Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайтуға көмектесемін.. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулимын.Кез келген дыбысты айтамын,бала сол дыбысқа сөз ойлау керек және буынға бөлу керек.<br><br>Дене шынықтыру<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Шегірткедей ыршиық!<br>Қане, сапты түзейік,<br>Тіземізді бүгейік,<br>Ыршып алға түсейік.<br>Ыршып артқа түсейік.<br>Бір-екі, үш-төрт.<br>Бір-екі, үш-төрт!<br>Шегірткедей ыршиық<br>Ыршып-ыршып<br>Тыншиық.<br>Қим\о: «ЖАЯУ КӨКПАР»<br>Ойын шарты: Бақылаушы таңдалады,ойын ережесінің дұрыс жүрілуін | әңгімелеуге мүмкіндік беру.<br>Артикуляциялық жаттығулары.<br>«ИНЕШЕ»<br>Инеше –ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.<br>«ТӨБЕШІК»<br>Ауызды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Ер-ер-ер.<br>Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>Жемістерді тер.<br>Аға соңынан ер.<br><br>Музыка<br>Ән айту дағдылары<br>Ән, музыка арқылы күздің көріністерін сезіне, әндегі шумақ пен қайырма арасындағы өзгерісті ажырата білуге үйрету. Ойын арқылы музыка дыбысын есті білуге баулу.<br>«Күн суытты далада» әні<br>Күн суытты далада,<br>Бұлттар жапты аспанды.<br>Желмен бірге шайқалып,<br>Жапырақтар түседі<br>Сыбдыр-сыбдыр (қимылмен)<br>Күн суытты далада,<br>Бұлттар жапты аспанды.<br>Жалт-жұлт етіп найзағай,<br>Тарсылдатты аспанды<br>Тарс-тұрс,тарс-тұрс (қимылмен) | сұраққа толық жауап беру. Суретті кітапшаларды бояу.<br>П\ж\о: «Сән ательесі»<br>Мақсаты:тігіншінің еңбегін білу,бағалауға баулу.<br>Шарты: Балалар өздерін тігінші рөлінде сезініп,киімдердің ұзындығын, пішінін, моделін, түсін білуін үйренеді.<br><br>Сауат ашу негіздері<br>Штрихтарды,сызықтарды қосу<br>Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>Сызбаларды (штрих) салуға үйрету.<br>«Тоты құс»<br>қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету,қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай,қиғашынан жүргізіледі.<br><br>Көркем әдебиет<br>Әдеби кейіпкердің әрекетін қабылдау.<br>«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі (аудио тыңдау) кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -күн бұлттанып тұр,иә?<br>-иә,т.б<br>П\ж\о:«Менің айтуым бойынша».<br>Мақсаты:айтылған сөздерді дұрыс түсініп,тыңдауға үйрету,ойлауды дамыту.<br>Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Құр\о: « Сөйлемді аяқта»<br>Мақсаты:Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.<br>Шарты: Менің досым..............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)<br>П\ж\о:<br>«Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге;, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. Шарты: Суреттердің айырмашылығын дұрыс табу керек және суреттің айырмашылығы жайлы әңгімелеп беру керек. | жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету.<br>Бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеу.<br>Қ\о: «Ормандағы аю» қимылын жасау,қайталау.Дұрыс жасап үлгермеген бала ойыннан шығады. | бақылайды.Ойыншылар бір сапқа тұрады,сыйлықтан 30 қадам жерде мәре анықталады. Саптағы әр ойыншының міндеті қалған ойыншыларды жығып,сыйлыққа дейін жүгіріп жетіп, оны ұстап алып,онымен бірге мәреге жету керек.<br>Көркем әдебиет<br>Кейіпкерлерге көзқарасын білдіру.<br>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>Торғай, торғай тоқылдақ Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып «Шиқ-шиқ» етіп отырмақ. Торғай, торғай, торғайсың Таяу келіп қонғайсың?<br>Жем шашайын- тойып ал Сонда аязға тоңбайсың!<br>Құр\о: «Құстар»<br>Шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Жыл құстары және отырықшы құстар. | Сөйлеуді дамыту<br>Зат есімді сан есіммен үйлестіру.<br>П\ж\о:«Заңдылығын тап»<br>Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту.зат есімді сан есіммен үйлестіру. Шарты: Тәрбиеші 9 тор көзден тұратын, олардың алтауы заттармен кезектесіп отыратын кесте бар. 3 зат үстелдің үстінде жатыр. Орналасу заңдылығын анықтап, заттарды өз тор көздеріне қояды. Егер балалар тапсырманы дұрыс орындап, өз әрекеттерін түсіндіруде қиналатын болса, онда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>Құр\о:«Ғажайып қапшық» Мақсаты: заттарды табу және атау,санын санау.<br>Шарты:Қапшықтың ішіндегі затты сипап табады. Табалмаған бала күз мезгілі туралы тақпақ айтады. | мәнерлілік құралдарын қолдану,<br>«Болады болмайды» тренингі<br>(балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші болатын нәрселерді айтқанда балалар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-<br>Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады). |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Ауа-райын бақылау.<br>Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. |
| Серуен | «Желдікүн» (бақылау)<br>Гу-гу-гушықты<br>Желдеттіде бұлт қуды<br>Жел соққан соң | Мектеп маңындағы сарғайған шөптерді,жапырақтарды бақылау | Көліктерді бақылау.<br>Далада қандай көліктер жүреді? көлемі, түстері қандай бақылау. | Желді бақылау<br>Мақсаты :Күз мезгіліндегі желдің | Ағаштардан түсіп жатқан жапырақтарды бақылау<br>Мақсаты:<br>Жапырақтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жын соққандай жұлқынды | Неліктен сарғайды? Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру Жапырақ ұшты, Суық та түсті. Сонда да бізге, Қызық көп күзде. | Қ/О «Менің көлігім» Оның дыбысын салу арқылы жүргізу. | салқын болатынын айту Балалардың тілін дамыту Еңбек Учаскідегі шашылған қағаздарды жинау | ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. |
| Серуеннен оралу | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б «Зообақта» | «Сиқырлы әлем» тақырыбына суретті түрлі-түспен сурет салу. Мақсаты: Балалардың қиялына ерік беру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. | Ойын терапиясы «Қонақта». Мақсаты: баланың ақыл ойын дамыту.Ірі құрылыс материалдарын құрастыру . | Апта тақырыбы бойынша альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, |
| Балалармен жеке жұмыс | Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю,түбін қопсыту (жұптық жұмыс,кезекшілік) | Еңбекқор болу үшін қандай бала болу керек? (көп сөйлемейтін баламен әңгімелесу) | Ойын-тапсырма: «Кім тез шешеді?» Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып алу керек. (екі баламен жарыс ретінде) | Ертегіні аудио тыңдау. (қалаған ертегі) Еңбек тапсырмасы: Балықтардың аквариумын тазалау. | Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруді ескерту. | Ата-аналарға балаларға үйден сауат ашудағы саусақ жаттығу-тақпақтарын жаттатуды айту | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Ата-аналарға «Сиқырлы сөздер», яғни алғыс айту ,кешірім сұрау,амандасу сияқты сөздерді үйде үйрете беруге кеңес беру. | Ата-аналарға баланың қауіпсіздігі жөнінде кеңес беру |

Бекітемін: Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Аққемер ЖББОМ**
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы 5-6** жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 23- 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | --Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, | Достық қарым-қатынас орнату:<br>Біздің топтың ұл-қыздары,<br>Тату тәтті ойнайды.<br>Әлемдегі бар адамға,<br>Тек жақсылық ойлайды. | --Балаларға көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.<br>Жағымды жағдай орнату. | Балалардың күз туралы білімін ынғайту. Тақпақ оқу.<br>Қараңғы күз келді, күз келді<br>Жапырақ жауынты іздерді.<br>Құс біткен керуен тізеді,<br>Қара бұлт қабағын түйеді. | Тіл ұстарту жаттығулары:<br>Жаңбыр жауды,<br>Тық-тық-тық.<br>Сен көшеге шық-шық-шық.<br>Жел соғады гу-гу-гу,<br>Жапырақтар ұшты ду-ду-ду<br>Құйып тұрды ой-ой-ой |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Мінез-құлық<br>«Сіздің балаңыз қалай деп ойлайсыз? Тыныш па?,эмоционалды ма? Мінез-құлқын басқа бағытқа бұру оңай ма?» осы сұрақтар аясында әңгімелесу. | Баланың жасына сай ойын ерекшелігін бақылаңыз,яғни қандай ойындар ойнап жүр?жасына сай ма? | Баланың зейін тұрақтылығы. Белгілі бір т апсырманы орындағанда тұрақтылығы қандай? Жиі назары бөліне ме? (әңгімелесу) | Баланың өзін-өзі ұстау ережелерін тез үйрене ме? Қоғамдық ортада, үйде өзін ұстауы қалай? (әңгімелесу) | Сіздің балаңыздың ұйқы режимін қадағалайсыз ба? Уақытында жатып,уақытында оянуын қадағалауға кеңес беру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Сынсыз телефон»<br>Балалар қатарға тұрады. Бірінші бала келесісінің құлағына бір сөзді сыбырлап айтады, ол әрі қарай ауысады және т.б. Соңғы бала жасырылған сөзді дауыстап айтады. Егер сөз дұрыс болса, онда | «Қарындаш»<br>Балаларды жұптарға бөліп, бір-біріне қарама-қарсы тұрғызу керек. Әр жұптың алдына еденге қарындаш қоясыз. Ойыншылардың міндеті - осы қарындашты еденнен көтеріп, мәреге жеткізу. | «Кітап дүкені және кітапхана» туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау.<br>Айырмашылықтарын білу.<br>Ертегі кітап суретін салу | «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау<br><br>Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау | Алақан мен жұдырық<br>Үстелдің үстіндегі шаблон бойынша алақаны мен жұдырығын кезекпен басады. (нейро жаттығулар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **. Күн шығыстан жарқырап шықты, (қолдарын жоғары көтереді, созады)<br>Күн батысқа батты. (Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді).<br>Тамаша,тамаша,<br>Күн жайнады жаңаша.<br>Бәрімізгекөңілді<br>Бұл өмір тамаша!<br>(Қол соғады. жымияды).** | **Ойын-жаттығулар: 1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 –дегенде алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.** | | **Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар<br>Кел балалар тұрайық<br>Қолымызды жоғары созайық<br>Еңкейеміз еденге<br>арқамызды тік ұстап<br>Бір демалып алайық** | **Доппен жаттығу.<br>1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.5-6 рет<br>2..Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру, оңға қисаю, солға қисаю отыру.<br>3.Допты қос қолмен ұстап, оң тізеге тигізу. солай сол тізеге тигізу.<br>4.Допты ұстап секіру.** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Пед жет ойын: «Әдептілік»<br>Мақсаты: Балаларға «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды уйрету<br>Шарты: суреттен түрлі қылықты балалардың іс-әрекетін көрсетіп,жақсы болса қызыл түсті дөңгелек,жаман болса көк түсті дөңгелек көрсетеді..** | **«Кім жылдам?»<br>Жұмбақ жасыру<br>Ұзын – ұзын жіп,<br>Ұшына шыққан жан бар ма.<br>Ұшына шықпас жалғанда. (Жол).<br>Күзде киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды. (Ағаш).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр. (Автобус).<br>Осы жұмбақтардың шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.** | | **Орманға саяхат.<br>Сұрақ жауап<br>Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?<br>-Қандай жәндіктерден абай болу керек?<br>-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?<br>-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?<br>-Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!<br>- Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі<br>-.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма!** | **Пед жет ойын:<br>"Күз белгісі неде?<br>Күзде жапырақтар…(сарғаяды)<br>Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)<br>Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)<br>Күзде түн…(ұзарады)<br>Күн…(қысқарады)<br>Күзде жеміс-жидек… (піседі)<br>Күзде жазғы демалыс бітіп…(оқу басталады** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру<br>Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, ж.д. жаттығулар.<br>Қос қолмен допты жоғары лақтыруды.<br>«АДАСҚАН ДОП»<br>Ойын шарты:** | **Сауат ашу негіздері<br>Жазу кезіндегі ережені сақтау<br>Жазуға дайындауға тапсырмалар: (Шаршы,шеңбер,нүкте,крест)<br>-тік сызықтың оң немесе** | | **Математика негіздері<br>Сан және санау<br>П\ж\о: «Дауыстап санау»<br>Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.<br>Шарты:** | **Дене шынықтыру<br>Ж.д. жаттығулар,қолды жоғары артқа көтеру<br>Допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыруды үйретуді жалғастыру.<br>«ДОПҚА ТИГІЗ»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Балалар дөңгелене шеңберге тұрады. Бір-біріне допты бере бастайды. Жүргізуші шеңбер сыртында допқа қолын тигізуге тырысады. Егер ол қолын тигізсе допты ұстап тұрған баламен орын ауыстырады.<br>Математика негіздері<br>Бөлік жиыннан кіші Бөліктертерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші)<br>«Суреттің екінші бөлігін сал»<br>Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту<br>Шарты: Үлестірмелі қағаздар беріледі, әр қағазда суреттің жартысы салынған.Балалар суретке қарап жартысын табу керек, және жарты бөлігін салу керек.<br>Логикалық тапсырмалар<br>-Арман ермексаздан 4 қоян жасады, Майра біреу жасады.Екеуі неше қоян жасады?<br>-Сөреде 5 қызыл кесе және 1 көк кесе тұр.Сөреде неше кесе тұр?<br>- 4 бала отырып алма жегісі келді,төртеуі неше бөлікке бөліп жеді?<br>-Жануардың 2 оң аяғы,2 сол аяғы бар.Барлығы неше** | **сол жағына кез келген пішін саласыз;<br>-шеңбер саласыз,оң жағына крест саласыз,кресттің оң жағына нүкте қоясыз.<br>-нүкте салыңыз,астына крест қойыңыз,нүктенің оң жағына шеңбер;<br>-шаршы сызыңыз,оң жағына крест,үстіне нүкте қойыңыз.<br>Жазу кезіндегі жаттығу-ережелер:<br>-үш саусақты біріктіріп ұстау,яғни қарындаш немесе қалам;<br>-таныс заттарды салып,бояту;<br>-геометриялық пішіндерді салғызып,штрихтау;<br>-сызғышпен түзу сызық сызғызу;<br>-әртүрлі таяқшаларды қосу.<br>-ұзын-қысқа ілмектер салу;<br>-әріп элементтеріне ұқсас суреттер салу.<br>«Салат» саусақ ойыны<br>Сәбізді алып тазалаймыз<br>( оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз<br>( екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қоршаған орта<br>Ата-ана,үлкендердің еңбегін бағалау<br>П\ж\о: «Отбасы»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді** | | **1-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрымен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта санатады.<br>2-нұсқа. Балалар жауап бермейді, дыбыстың санына байланысты цифрды көрсетеді.<br>«Адасқан сандар»<br>Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру.Шарты: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды. Математика негіздері<br>0 ден 10-ға дейінгі сандар 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға бекіту;<br>П\ж\о. «Барлығы қанша?»<br>Мақсаты: затарды санау,сандарды тануға баулу.<br>Шарты: Суреттегі заттарды санау керек,санды көрсетуі және сәйкестендіруі керек.<br>Құр\о: Кімге қанша?»<br>Мақсаты: реттік санауды бекіту,қимылдарды санау.<br>Шарты: 1,2,3 кеттік енді секіріп,** | **Ойын шарты:<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сызық бойына сапқа тұрады, бір-біріне арқасымен екі қадам ара қашықтықта тұрады. Екінші топта солай бірінші топқа параллель тұрады. Ойынды ойнау үшін ойыншы санына қарай доп қажет. Бірінші топтың ойыншыларының міндеті-допты кезектесіп өз доптарымен белгіленген жерге тигізу керек. Сосын керісінше жасалады.<br>Дене шынықтыру<br>Спорттық ойындар<br>(Футбол ойыны)<br>Лақтыру, қағып алу. Допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алуды үйрету. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалатуға үйретуді жалғастыру.<br>«ДОП СОҒУ»<br>Ойын шарты:<br>Барлық ойыншыларда бір-бір доптан болады. Екі қолмен тұрған жерлерінде допты кезектестіріп ұрғылайды. Ең көп ұрғылаған және жаңылыспаған бала жеңімпаз болады<br>Қоршаған орта<br>Қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау.<br>П\ж\о: «Өзі және отбасы»<br>Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті жайлы,үлкенді,қарттарды сыйлауды үйрету.<br>Шарты: сурет бойынша әңгіме жүргізу:<br>-ата мен әже ата-бабаң болады;<br>-әке мен анаң ата-анаң ;<br>-апа,аға,іні олар бауырларың** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Сөйлеуді дамыту<br>Зат есім,жалпылауыш сөздерді қолдану<br>П\ж\о: «Кім жылдам?»<br>Мақсаты: себетке көгөністерді жинайды, атайды,сипаттайды. Жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету.<br>«Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс.Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Тәрбиеші алдымен өзі айтады:Дүкенде қияр | Сауат ашу негіздері<br>Жай сөйлемді сөздерге бөлу.<br>П\ж\ойын:<br>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды.<br>Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады.<br>.Құр\о: «Қызық екен» ойыны<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен | Көркем әдебиет<br>Кейіпкердің қимылын, мимикасын беру.<br>П\ж\о: «Кім екенін тап!»<br>Мақсаты: суреттегі бейнені іс-қимылмен көрсету және табуға үйрету.<br>Шарты: Бұл ойын бойынша балалар жиналып тұрады,бір баланы есік сыртына шығарады.Қалған балаларға суретті көрсетеді,сырттан кірген балаға сол жануарды қимылмен | Математика негіздері<br>Теңдік туралы түсінік<br>П\ж\о: «Көрмей санау»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Шарты:заттарды теңестіруді үйренеді,екі топтағы заттарды теңестіріп санау керек.<br>«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»<br>Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту. Апта | Сауат ашу негіздері<br>Сөзге ауызша сөйлем құрау (жазу дағдысын бекіту)<br>П\ж\о: «Паравоз»<br>Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, айтылған сөзге ауызша сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: паравоздың басы болып жүрген бастаушы бала кез келген бір сөз айтады, қалған балалар сол сөзге ауызша сөйлем құрап вагонды жалғастырып дүру керек Мысалы, доп-мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар.Дүкенде қызанақ бар<br>Құр\о: «Ғажайып қоржын».<br>Қоржынның екінші жағын ашады.<br>Тәрбиеші жемістерді бір-бірлеп алады,жаңа сөздермен таныстырады.<br>Күз мезгілінде жемістер піседі.<br>Мынау–өрік.Ік-ік –міне,өрік.<br>Мынауне?<br>Мынау–өрік.<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікне?<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікдәмді.<br>Өрік қандай?<br>Өрікдәмді.<br>Мынау–анар (бәрін бір сөзбен жалпылама аталатынын айтуға үйрету)<br>Дене шынықтыру<br>«Бұрыштар» еңбектеу арқылы өз бұрышына тез жету<br>Доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен итеріп еңбектеуге үйрету<br>Қим\о:«БАЛАПАНДАР»<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар үш топқа бөлінеді, әрбір топта тауық балапандарымен болады. Таңдап алынған лашын құстар балапандарға алақандарын тигізу қажет.Ал тауық балапандарын қорғап тигізбеулері керек. Шабуыл кезінде тауықтың қолы құсқа тисе ойыннан шығады, құста солай. Ойын жалғаса береді.<br>К\о: «КӨҢІЛДІ ЖАРЫСТАР»<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар екі командаға бөлінеді.<br>Бірінші топ бас жаққа | біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтар кезекпен жауап береді.Әрбір жауап бір ұпай.<br>Тапсырма.Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>Музыка<br>Шығарманың жеке фрагменттері (кіріспе.қайырма)<br>К\о: «Музыкалық моншақтар»<br>Шарты: Жетекші шағын әнді орындайды,ал балалар музыкадағы қысқа және ұзақ дыбыстарды табу керек және қайырмасын айыру керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші түрлі-түсті моншақтармен белгілеуге болады. Яғни ұзақ дыбысталса үлкен моншақты көрсету,қысқа дыбысталса кіші моншақты көрсету.<br>Қоршаған орта<br>Отбасы мүшелеріне қамқорлық (сыпайы сөйлеу, алғыс айту)<br>"Туғандар мен туыстар. Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру; туыс,туысқан ұғымы жайлы түсінік беру; туыстарға деген сыйластық қарым қатынастарын дамыту; өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>. Ойын:«Біз кішкене отбасы»<br>Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>«Мұны қайдан сатып алуға болады?» Балалардың әр | көрсету керек,кірген бала табу керек.<br>Құр\о: «Диктор»<br>Мақсаты: баланың назары мен байқағыштықтарын дамыту.<br>Шарты: Бала топта отырған баланы суреттеп береді,қалғандары кім екенін табу керек.<br>Математика негіздері<br>Затқа бір затқа қосу,көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңсіздік шығару.<br>П\ж\о: «Қуыршақтардың сыйлықтары»<br>Мақсаты:Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.<br>Ойын ойнау арқылы шапшаңдыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Шарты: қуыршақтың сыйлықтарына сыйлық қосып санайды,көп заттан біреуін қуыршақтың досына беріп,салыстырады, санайды.<br>Құр\о: «Қанша дыбыс естілді»<br>Математикалық терминдерді қолдануды жетілдіру. 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету.<br>Дене шынықтыру<br>«Қайта кел де,алып кет!» жүгіру | тақырыбы бойынша жұмбақтар шешу арқылы ой - өрістерін дамыту<br><br>Сөйлеуді дамыту<br>Сөз мағынасы<br>Тақырыбы Отбасының күзгі еңбегі<br>Мақсаты:Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту,сөз мағынасын түсінуге үйрету.<br>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:<br>«Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».<br>Жапырақтардың түстері қандай?<br>Бақшада кімдер жүр?<br>Бақшадағы балаларға ат қойындаршы?<br>Бақшада балалар не істепжүр?<br>Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.<br>П\ж\о: «Сөз жарыс»<br>– Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br><br>Қазақ тілі \\ тіл ұстарту<br>Азық-түлік атауларын дұрыс атау(тары,талқан,бидай,.т.т)<br>Тақпақ оқу (қайталап айтқызу) Тары егесің терлеп, Мұның аты – еңбек Кесте | доппен ойнадым.т.б.<br>«Жасыру» саусақ ойыны.<br>Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>Көркем әдебиет<br>Жанрларды (өлең, әңгіме ,ертегі) ажырату<br>«Әже» тақпағын жаттау<br>Автор. Ә.Қайран (хрестоматиядан,9 бет)<br>Мақсаты: бұл өлең екенін түсіндіру.Жанрларды ажыратуға баулу.<br>«Шие тергенде» (әңгіме)<br>Хрестомадиядан,16 бет.<br>«Маша мен аю» (ертегі)<br><br>(хрестом,71 бет)<br>П\ж\о: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, зейін қоя білуге үйрету.<br>Ойын шарты: Шығармалардағы (өлең,ертегі,әңгіме) кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә»дыбысына;<br>«Маша » дегендегі «М»дыбысына;<br>«аю» және «шие » деген сөздегі «а және ш » дыбысына сөз ойлайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қатарласып тұрады.<br>Дабыл бойынша жолдағы кедергілерден өтіп, мәреге жетуі керек. Тізелеп отырып кедергілер арасынан өту, аяқ арасынан допты қысып өту, гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту.Екінші команда да осыларды орындайды.<br>Қазақ тілі<br>Сөздегі дыбыстың орнын анықтау<br>(басы,ортасы,соңы)<br>Тіл жаттығулары:<br>«Аударыспақ»<br>Мақсаты: -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;<br>-сөздік қорын байыту;<br>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;<br>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;<br>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;<br>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;<br>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;<br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>Математика негіздері<br>9 санының пайда болуы<br>П\ж\о: «Кім жымдам»<br>Мақсаты: балаларға тура,кері санау дағдысын бекіту.<br>Шарты:Балалар шеңбер бойына тұрады. Ортада тәрбиеші допты қай балаға лақтырса, сол допты ұстаған бала кез келген** | **түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»; «Аяқ киім», «Киім», «Маталар», «Балалар әлем», «Спорт киімдері»); дүкендерді ажырата білуге, ата аналарымен бірге сауда жасауға тәрбиелеу.<br>Сурет салу<br>Заттардың пішіндеріне,өлшемдеріне қарай түстерді үйлестіру.<br>Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету.<br>«Қоржынды сәндейміз»<br>Мақсаты: :- -қазақ оюларының көп түрлілігі туралы<br>түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы<br>мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;<br>-аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру<br>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен** | **жарыстары.<br>Мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру.<br>Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру<br>П\ж\о: «Жолақтарға аттап секіру»<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру.<br>Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды.<br>«Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.<br>Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады.<br>Сызық алдына екі тізбекке тұрады.<br>Сауат ашу негіздері<br>Жазу дағдылары<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған** | **тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты – еңбек Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.<br>«Дәмін татып,атын ата!»<br>Мақсаты: ұлттық тағамды дәмінен айыруға,жасалу жолын білуге үйрету.<br>Шарты:берілген ыдыстағы тағамдарды білетіндер атайды және дәмін татады.<br>Тіл жаттығулары:<br>Ертегідегі шалқан,<br>ша-ша-ша.<br>Ұлттық тағам- талқан,<br>та-та-та<br>Күзгі жапырақ сары,<br>Са-са-са.<br>Шайға салып ішеді,<br>Та-та-та, тары.<br><br>Музыка<br>Әуенді тыңдау арқылы есте сақтау<br>Музыка тыңдау:<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) Билер:<br>«Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан.<br>П\ж\о: «Әуеннің дыбысын ажырат»<br>Мақсаты: балалардың дыбысты есту,есінде сақтау қабілеттерін дамыту,аспаптардың дыбысын ажыратуға үйрету.<br>Шарты: Ойынға қатысушы балалар саны бойынша бірдей ,түстері әртүрлі қоңырау суреттері беріледі. Тәрбиеші аспаптардың төмен, жоғары, орташа дыбыстарын тыңдатады. Балалар төменгі** | **Қоршаған ортамен таныстыру<br>Отбасы мүшелеріне көмек көрсету<br>«Менің отбасым» (әңгіме)<br>Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.<br>Құр\о: :«Суретші қай жерде қателесті?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>Шарты: суреттегі отбасы мүшелерін ретімен орналастыру,әр отбасы мүшелеріне сай заттарын қою.<br>Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Біз, біз, біз!<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Біздер тату жан ұя<br>Иә, иә, иә!<br><br>Дене шынықтыру<br>«Тоқта,өткел!» көз байлап жүру арқылы ойналатын ойын – жаттығулары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тсанды айту керек және допты келесі балаға берген кезде допты алған бала айтылған саннан кейінгі санды жалғастыру керек.<br>Құр\о: «Кім тапқыр?».<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.23415 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау,төмен кері санау(қол моторикасын дамыту). | безендіру<br>--Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.<br>(топтық жұмыс) | жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.<br>Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды. | дыбысқаа қызыл қоңырау,орташа дыбысқа сары, жоғарғы дыбысқа жасыл қоңырауды көрсетуі керек. | |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылық туғызу | Балалардың реттілікпен киімдерін киінуі | Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын ескерту. | Балалармен құстар туралы әңгімелесу. | Ойын құралдарын дайындау |
| Серуен | Бақылау:Жәндіктерді бақылау.<br>Мақсаты: Күзде жәндіктер | Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты: Өткінші жаңбыр | Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. | Бақылау: Тұманды бақылау.<br>Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан | Бақылау: Кемпірқосақты бақылау .<br>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>« Қыстың қамын жаз ойла » .<br>Еңбек :Біздің алаң.<br>Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br><br>Дербес ойындар:<br>1.Әткеншек тебу.<br>2.Ирек жолмен жүру | туралы түсінік беру.<br>Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br><br>Қ\Ойын: « Қояндар секіреді » .<br>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. | Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек :Біздің ойын алаңы<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br><br>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:<br>1.Жарысу.<br>2.Төбешікке секіру. | пайда болатынын түсіндіру.<br>Еңбек : Ағаштардың түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.<br>.<br>Қимылдық ойын:«Кім тезірек?»<br>Мақсаты:Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. | түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.<br>Еңбек :Біздің аула<br>Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br><br>Қимылдық ойын: . « Қимақ » .<br>Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады |
| Серуеннен оралу,ойындар | «Салат» саусақ ойыны.<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) | «Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) | Күз туралы өлең.<br>Күзгі жапырақтар<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап<br>(жаттау) | «Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.<br>Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады | Артикулыциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»-деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды! |
| Балалармен жеке жұмыс | Жеке жұмыс:<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйған,<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр) | Жеке жұмыс:<br>Тыйым сөздерді жаттату.<br>Мақсаты: « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру | . Жеке жұмыс:<br>Мақал-мәтел.<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар – адамзат.<br>Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау | Жеке жұмыс: «<br>Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. | Жеке жұмыс:<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету**. | **(күзгі ағаштың суретін салғызу)** | **.(бұлтты мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата –ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз** | **. Әңгіме: Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету әңгімелесу** | **.Ата-анаға кеңес: Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ бол** | **Ата-анамен әңгіме: Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.** |

Бекітемін ________ Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы**: Аккемер ЖББОМ
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы: 5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 жыл 20-24 қараша

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Нәр алып»**<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік калайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.<br><br>Балаларды қабылдау<br>Көңіл күйлерін сұрау,тазалықтарын тексеру.<br>Демалыс күндерін қалай өткізгендері жайлы әңгімелесу.<br><br>**Әнұран айту** | **. Жылулық сәті:**<br><br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер<br><br>**Ойын:"Жақсы -жаман"** ойынын ойнайық.Ойын ережесі: "Жақсы жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру. | **«Табиғат...»**<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған!<br><br>Аудио ертегі тыңдату | **Мейірімділік** туралы әңгімелесу.<br>Күлімдеген күн мейірімді!<br>Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!<br>Аяулы анам мейірімді!<br>Қамқоршы апам мейірімді!<br><br>Апта тақырыбы бойынша мазмұнды суреттер топтамасын ұсыныу. | **Табиғатым** тамаша,<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса.<br>Сәлем саған жер Ана<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br><br>Отбасының әлемі «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру, әңгімелесу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту | Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып , ата-аналармен пікірлесу | Балаларға көтеріңкі көңіл күй орнату.<br>Ата-анаға балаларының достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу | Ата-аналармен «Бала неге жылайды?» Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі туралы әңгімелесуі | Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру<br>Ата –аналарға:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жаттығулар кешені** | **«Бақа, қоян, аю» ойын<br>Шарты: бақа- отырып секіреді,<br>Қоян орнында тұрып секіреді.<br>Аю- теңселіп жүреді.** | **«Алма, алмұрт, құлпынай» оңға қарай,<br>Алма- алға қарай,<br>Алмұрт- артқа қарай секіреді,<br>Құлпынай – кейін қарай айналады.** | **«Жыландар»<br>Шарты: жыланша ирелеңдеп, шеңбер бойымен , түрлі бағытта жүреді.** | **«Жануарлар»<br>Шарты: жануарлардың жүрістерін салады.** | **Денемізді тік ұстап,<br>Алға қадам аттайық,<br>Қолымызды созайық<br>Тәртіпті біз сақтайық!<br>Күнде жасап жаттығу<br>Оңға,солға бұрылып,<br>Бәрінен біз озайық!<br>Денемізді баптайық!** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын<br>«Қимылын көрсет»<br>Мақсаты:<br>сөзді айту арқылы қимылын көрсетуге үйрету..** | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>.** | **Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.** | **Артикуляциялық жаттығулар:<br>«ТАРАҚ»<br>Жоғарғы тістер тілді тарайды.<br>«ҚҰЛЫНШАҚ»<br>Еріндерді созып, ауызды ашып,жіңішке тілмен тырсылдату.<br>«КЕМЕ КЕЛЕ ЖАТЫР»<br>Жымиып ауызды ашу,күшпен «–ы-ыы-ы» деп айту.** | **Тыныс алу жаттығулары<br>«КӨБЕЛЕК» - табандарын қатарластырып қойып, тізесін бүгіп, аяғын барынша жайып білектерін айқастырып, табанын құшақтайды. Тізеден бүгілген аяқпен ырғақты, серіппелі тербеліс жасайды. Бала өзін гүлде отырған тәрізді сезініп, қолын түсіреді. Балмен нәрленген көбелек қолдарымен қанат қағып ұшып кетулері керек** |
| **Білім беру ұйымының кестесі<br>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру<br>Жүру,жүгіру,еңбектеу, Өрмелеу<br>Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуға үйретуді жалғастыру. Көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсуге үйрету<br>Мақсаты:Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы.Белгі бойынша<br>«аңшылар» қолдарын** | **Қоршаған ортамен таныстыру<br>Сиқырлы сөздер (алғыс айту,кешірім сұрау,амандасу..)<br>Сыйластықты іздеген,<br>Әдеп сақтар ізгі өрен.<br>Сыпайылық белгісі –<br>Үлкендерге «Сіз» деген.<br>«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.<br>"Түсінуді және кешіруді үйренеміз «Кешірім", "өзара түсініктік" адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру. Балалардың жақсы қасиеттерін дамыту. Өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу.<br>«Болады болмайды» тренингі(балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші болатын нәрселерді айтқанда балалар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-<br>Мейірімді болуға .... (болады),<br>Кешірімді болуға .... (болады),** | **Көркем әдебиет<br>Диалогтік сөйлеу<br>«КІМ БОЛАМ ?»<br>(диалогты өлең)<br>-Қай елденбіз, Азат?<br>-Қазақстан, ғажап!<br>-Ұлтымыз кім, айтшы?<br>-Әрине ол Қазақ!<br>-Кім боласың өскенде?<br>-Еңбекқор болам төккен тер.<br>-Өзіңізге ұқсаған,<br>-Ұстаз болу арманым,<br>-Әрине, жасым жеткенде<br>(жаттату)<br>Ойын: «Телефон»<br>Ойын шарты:<br>екі бала ойыншық телефон тұтқасымен бір-бірімен сөйлеседі.<br>Мысалы:<br>-Сәлеметсің бе, Адия?<br>--Сәлеметсің бе, Айша?<br>-Ертең мен анаммен хайуанаттар бағына барамын.<br>-Сен бізбен барасың ба?<br>-Анам рұқсат берсе барамын....<br>Математика негіздері<br>Заттар саны** | **Математика негіздері<br>Заттар саны орналасуына,бағытына байланысты емес екенін түсіну.<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет».<br>Сан мен цифрдың арақатынасы туралы сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. –<br>Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).<br>П\ж\о: «Өз орныңды тап»<br>Мақсаты: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.<br>Тәрбиеші балаларға 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді.<br>Музыка тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады.<br>Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс тапқандықтарын** | **Сауат ашу негіздері<br>Көкөністер мен жемістердің дайын суреттерін бастыру,бояу<br>Көкөністер.<br>Қандай көгөністерді білесің?<br>Артығынтап?<br>(Қызанақ,сәбіз,алма,пияз)*қима суреттерден көрсету.*<br>Сурет бойынша сөйлем құрату.<br><br>. Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту<br>А) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.<br>Ә) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»:<br>Математика негіздері<br>Топтарды санау және салыстыру<br>Тақырыбы: Заттарды өлшемі бойынш салыстыру<br>Мақсаты -заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру<br>Практикалық жұмыс<br>Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады. Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.<br>«Сиқырлы қалта»<br>Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Тәрбиеші балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандығын | Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады).<br>Сауат ашу негіздері<br>Сөзге ауызша сөйлем құрау<br>Фотасуреттер қарастыру<br>«Менің ойыншықтарым»<br>Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру және ауызша сөйлем құрауға үйрету.<br>Суретке қарап әңгімеге тарту<br>«Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады.Және мамандық иесіне қарай сөйлем құрау.<br>Сөздік ойыны<br>Тәрбиеші мамандық туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды.<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>Музыка<br>Ән айтар алдында тыныс алуды реттеу<br>Ән, музыка арқылы күздің көріністерін сезіне, әндегі шумақ пен қайырма арасындағы өзгерісті ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Ойын арқылы музыка дыбысын ести білуге баулу.<br>П\ж\о: «Әуенді сағат»<br>Мақсаты: Үйренген ән,әуендерді есте сақтап,бекіту үшін | көлеміне,пішінге байланысты емес екенін түсіну.<br>Мақсаты заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.<br>Тәрбиеші 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады.<br>2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Тәрбиеші жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>«Қиындыларды дұрыс бөл»<br>Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.<br>«Қолымда не бар?»<br>Ойынның мақсаты: ұзын қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.<br>Дене шынықтыру<br>«Допты қабылда» лақтыру,қағып алу жаттығулары<br>«Менің отбасым»<br>Мақсаты Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту | тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сын есім,үстеулерді қолдану<br>Тәрбиеші күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:<br>«Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».<br>-Жапырақтардың түстері қандай?<br>-Бақшада кімдер жүр?<br>-Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы?<br>-Бақшада балалар не істеп жүр?<br>-Әкесі мен анасы не жинап жүр?<br>Балалар суретке қарап, сын есімдерді қолдана отырып, әңгіме құрайды.<br>П\ж\о: « Сөйлемді аяқта»<br>Менің досым...............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.<br>Қазақ тілі \\ тіл ұстарту<br>Шығарманы рөлге бөліп сомдау<br>«ЖАЛҚАУБЕК»<br>Класқа тәрбиеші кіреді де, балаларды түгендейді.<br>-Кім жоқ бүгін сабақта?<br>Балалар жамырап:<br>-Жалқаубек жоқ! Жалқаубек жоқ!-дейді.<br>Осы кезде алқам-салқам боп Жалқаубек кіреді есіктен:<br>-Апай, мен келдім!-дейді.<br>-Жалқаубек,алдымен амандаспаймыз ба?-дейді апай.<br>-Ой, апай,кеше амандастым ғой,-дейді.<br>-Күнде амандасу керек, | қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.<br>Көркем әдебиет<br>Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне көзқарасы<br>Мақсаты: тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын таныту; әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау.<br>П\ж\о: «Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын.<br>Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді.<br>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.<br>Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Заттық әлем,кеңістікті бағдарлау (үй,мектеп,шағын ауданда )<br>П\ж\о: «Не өзгергенін тап»<br>Балаларды кеңістікте орналасқан заттардың орнын анықтауға үйрету: оң жақта, сол жақта, алдыңғы жақта, артта, жанында т.б.; байқампаздық, есте сақтау қабілеті, сөздік қорын және сөйлеуді дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтайды. Балалар әкесіне кафель төсеуге көмектесуді ұйғарады. Бірнеше кафель жерге құлап, сынып қалды.<br>Сөйлеуді дамыту<br>«Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлері<br>Шағын көрініс ұйымдастыру.<br>Көрініс: «Сүйінші!»<br>Есіктен қуанышты жеткізуші бала «Сүйінші! Сүйінші! Сүйінші!» деп жүгіріп кіреді.Іште отырғандар: «Қалағаныңды ал!» дейді.(бұл шын ризашылықты білдіреді)<br>Асар (тақпақ)<br>Жазда бардым жайлауға,<br>Атаммен мал айдауға.<br>Ауасы өте керемет,<br>Қонысы таулы қойнауда.<br>Бір күні ойнап жүргенде,<br>Бір көлік келіп тоқтады.<br>Бұл біздің жаңа көрші екен,<br>Жайлауда етек жақтағы.<br>«Шақырып келдім Асарға<br>Киіз үйді жасауға»<br>Атам бірден келісіп,-<br>«Дайынбыз,-деді-қашанда!»<br>Менде бардым ілесіп,<br>Әжемдер жүр жіп есіп,<br>Киіз үйді әп-сәтте,<br>Құрып болды бірлесіп.<br>Асарды сонда түсіндім,<br>Игі жақсы іс екен.<br>Керегі тек Асарға,<br>Бірлік пенен күш екен<br>**Қазақ тілі**<br>**Кейіпкерлер диалогын интонациямен беру («Алма мен қызанақ» әңгімесі)**<br>АЛМА МЕН ҚЫЗАНАҚ<br>(әңгіме)<br>Бір аулада алма мен қызанақ бірге тұрыпты. | қолданылады.Әртүрлі көңіл-күйдегі әуендерді кіріспесінен,не болмаса қайырмасынан тануға машықтандыру.<br>Шарты: Әртүрлі шығармадағы кейіпкер суреттері салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі.Тәрбиеші таныс әуендерді орындайды. Балалар сол әуенді сағаттан ән мазмұнына сай суретті сағат тілін қозғау арқылы табады.<br>Мүсіндеу<br>Бақылаған заттың бейнесін мүсіндеу.<br>Тақырыбы: «Автобус»<br>Мақсаты:- - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білімберу;<br>-заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру,мүсіндету<br>--жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br>-ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>Топтық жқмыс.<br>П\ж\о: «Сиқырлы қапшық»<br>Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады. | Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.<br><br>Сауат ашу негіздері<br>. Геометриялық пішіндерді бастыру,бояу<br>Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»<br>«Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар).<br>Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер).<br>Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады).<br>Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді).<br>Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): тұқ-тұқ- | Жалқаубек, отыр орныңа!-дейді<br>Орнына отырғаны сол екен Жалқаубек сөмкесінен нанын шығарып жей бастайды.<br>Балалар ду күледі. Сол кезде тәрбиеші:<br>-Сабаққа дайынсың ба,Жалқаубек?<br>-Кеше қандай әріп үйрендік, айтшы?<br>-Белін сызған үшбұрыш сияқты әріппен,-дейді Жалқаубек.<br>-Балалар, Жалқаубек қай әріпті айтып тұр?<br>-А әрпін айтып тұр апай,-деп шу ете қалады.<br>Тәрбиеші Жалқаубектің қасына барып, сөмкесін қараса іші толған нан екен.<br>-Жалқаубектің портфелі<br>Үлкен екен, нән екен,<br>Іші толған біракта,<br>Шекер менен нан екен ,-дейді.<br>Ұялып қалған Жалқаубек бәрінен кешірім сұрайды.<br><br>Музыка<br>Ән сөздерін анық айту , орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>Музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезініп , салыстырып, сәйкес қимыл жасауға , әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіруді жалғастыру.<br>П\ж\о: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны<br>Мақсаты: Балаларды шығарманы тыңдай отырып,динамикалық бояуын,дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.<br>Шарты: Түсі бірдей,әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар салынған карточкалар таратылады. Шығарманы тыңдап,төменгі дыбысқа үлкен қоңырау,орташа | «Мен тұратын қала»<br>(сурет бойынша әңгімелесу)<br>тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету.<br>Ойын: «Тығылыспақ»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.<br>Дене шынықтыру<br>«Дорбаға допты тез апар» кедергілер арасымен жүру жаттығулары.<br>Мақсаты - Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Алма сап-сары, әдемі болыпты. Әрине алма жоғарыда , яғни талда өмір сүріпті. Ал қызанақ сірә жерде өмір сүреді ғой. Бір күні іші пысқан алма мақтанып, қызанаққа тиісіпті. –Әй,қызанақ, сен жерде өсесің, әркім келіп сені оп-оңай жұлып алады,ал мен болсам жоғарыдамын, ешкім тисе алмайды,-депті. Қызанақ алмаға жауап қата қоймапты. Ашуы келген алма не істерін білмей, былай шайқалып, олай шайқалып тұрғанда жердегі тасқа құлапты. Сонда қызанақ былай депті: -Әй, алма досым, жерде бол, көкте бол, екеумізде адам денсаулығына қажетті дәруменбіз. Құр мақтанғанша әбден өсіп, пісіп тұрмайсың ба?-депті. Ұялған сап-сары алма әп-сәтте қызарып кетіпті. Содан бері қызыл алмаларкөбейіп өскен екен..** | | **түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)».** | **дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген карточканы көрсетеді.** | **жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады** |
| **Серуенге дайындық** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** | **Күзгі табиғат жайлы, күн райы жайлы әңгімелесу.** | **Күннің райын бақылау.** | **Ойын алаңдарын алдын ала дайындау,қоқыстардан тазарту.** | **Ойын құралдарын дайындау** |
| **Серуен** | **Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін** | **Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек :Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Қимылдық ойын:«Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.** | **Қимылдық ойын:«Шымшық доп» Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы** | **Бақылау: Кемпірқосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек :Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Қимылдық ойын : « Допты** | **Қимылдық ойын:«Кім тезірек?» Мақсаты:Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру<br><br>Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. | | таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.<br>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:<br>1.Жарысу.<br>2.Төбешікке секіру. | қуып жет » .<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:<br>Қуаласпақ.<br>Тығылыспақ. | бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br><br>Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.<br>Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. |
| Серуеннен оралу,ойындар | Ойын:«Біз кішкене отбасы»<br>Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. | Ойын: « Қояндар секіреді » .<br>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. | Ойын: « Қасқыр мен қаздар » .<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. | « Күшік » . (тақпақ)<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап | Еңбек :<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру<br>(ішке келіп жасау) |
| Балалармен жеке жұмыс | Жеке жұмыс:<br>Тыйым сөздерді жаттату.<br>Мақсаты:<br>« Суға түкірме « ,<br>« Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br><br>(топтық жұмыс) | Жеке жұмыс:<br>«Күзгі жапырақ» тақпақ<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br><br>(анық сөйлемейтін баламен жұмыс) | Артикулыциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды! | Жеке жұмыс :<br>Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп<br>Кесте тіктім.<br>(Кемпірқосақ)<br>Мақсаты : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру<br><br>(сурет салу, шығармашылық әрекет. Дұрыс бояй алмайтын,түстерді шатастыратын баламен жұмыс) | Саусақ жаттығулары<br>«Жаңғақтармен ойын »<br>Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.<br>(топқа) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | . (тілі мүкіс баламен жұмыс) | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Балаларға көп көңіл бөлу. Ұялы телефонды көп ұстатпауға кеңес беру** | **Әңгіме жүргізу: балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.** | **Тазалық жөнінде: ата-аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу** | **. Ата –аналарға кеңес: үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз** | **Ата-анаға кеңес: ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** |

Бекітемін ________ Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 3-апта**

**Білім беру ұйымы:** Аккемер ЖББОМ
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы:** **<u>5 жас</u>**

**2023-2024 жыл 27-01 қараша-желтоқсан**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шыққы күн бүгін.<br><br>**Әнұран айту** | «Қайырлы күн!»<br>Қайырлы күн!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы күн!<br>Достасқан бер<br>Балалар,<br>Қайырлы күн!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз!<br><br>Балалармен сәлемдесу. Көңіл-күйлері мен денсаулығы жайында сұрау | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.<br><br>Балалармен сәлемдесу.<br>Сұрақ- жауап | «Музыкалық жаттығу»<br>Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.<br><br>Күз бояуы»<br>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы бейнелеуге үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру | . «Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік<br><br>Балалармен сәлемдесу. Сұрақ-жауап |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың зейін тұрақтылығы.<br>Белгілі бір тапсырманы орындағанда тұрақтылығы қалай? Жиі назары бөліне ме? (әңгімелесу) | Ата-аналармен «Бала неге жылайды?» Баламен қоштасу жолдарының тиімділігі туралы әңгімелесуі | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үзік емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | *Ата –аналарға кеңес*<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. | Ата-аналармен жұмыс:<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Кітап дүкені және кітапхана» туралы балалардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау.<br>Айырмашылықтарын білу.<br>Ертегі кітап суретін салу | «Күз бояуы»<br>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру.<br>Күздің ерекшелігін сурет арқылы бейнелеуге үйрету.<br>Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. | Саусаққа арналған жаттығу:<br>Достық<br>Қыздар менен ұлдар<br>Дос кой біздің топта<br>Ұмтылса бірсу қолын,<br>Ешқашан бас тартпа | Құрылымдалған ойын:<br>«Ойыншықса суреттерді табыңыз»<br>Ойынның мақсаты: Балалар нақты заттың құлбесы мен пішінін елестетуге үйренеді.<br>Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі | Санамақ<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Қол санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балан үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде – бесеуміз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жаттығулар кешені | Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату<br>«Бас, иық, қол, тізе, аяқ» | Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру.<br>Тағы басқа жаттығулар кешені | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. | Бейнетаспа арқылы<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). | Кішкене құрсаумен<br>Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен алшақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.қ.(5 рет).<br>Б.Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, құрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шеңбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет). |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Айтамыз алғыс анаға,<br>Айтамыз алғыс әкеге,<br>Айтамыз алғыс достарға,<br>Айтамыз алғыс ғаламға!<br><br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз | Достық туралы мақал-мәтелдер айту:<br>1.Достарды біз қолдаймыз<br>Қиын сәтте қорғаймыз.<br>2. Жүз теңген болған ша<br>Жүз досын болсын.<br>3.Досы көпті жау алмайды<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>4.Бірлік болмай тірлік болмас.<br>5. Достық татулықтан басталады. | Мынау менің -жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау басым - ақылды,<br>Барлық істі басқарған.<br>Мынау менің- оң қолым,<br>Мынау менің-сол қолым<br>Барлық істі атқарған. | Дос болайық бәріміз,<br>Жарасады әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз!<br><br>Аспан түріп түндігін,<br>Жерге сәуле шашылды.<br>Неткен ғажап күн бүгін!<br>Қайырлы күн болсын! | Санауды біз білеміз,<br>Сандарды да білеміз,<br>Сондықтанда атамның<br>Құстарын санап береміз,<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Бірден санап шеш! |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру<br>**«Көңілді волейбол» допты басынан асыра лақтыру жаттығулары**<br>Тақырыбы:Доппен ойнап, көңіліңді көтер!<br>Мақсаты: Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған доптыекі қолмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағыпалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп,түзу бағытта еңбектеп жүруге жаттықтыру ды жалғастыру.<br>Ойын: «Лақтыр да,қағып ал»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа | Қоршаған ортамен таныстыру<br>**Көлік,байланыс құралдары**<br>Телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту. Балаларды компьютердің бөліктерімен таныстыру. Айналаны қоршаған заттар, адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы, оған ұқыпты қарау керек екендігін түсіндіру.<br>Менің телефоным шырылдады. Телефонмен сөйлесу ережелері. Жедел қызмет телефондары<br>Төтенше қызметтердің | Көркем әдебиет<br>**Дереккөздердегі ақпаратпен құрдастарымен бөлісу**<br>Бізді қоршаған орта жайлы әңгімелесу.<br>Картинкалар топтамасын қарастыру<br>Жұмбақтар шешу<br>«Мұны қайдан сатып алуға болады?»<br>Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»; «Аяқ | Математика негіздері<br>**Шама. 5-тен артық заттардың шамасын анықтау**<br>«Сипап сезу арқылы санау» қ ойыны<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>«Дыбыс арқылы санды тап»<br>Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау.<br>Шарты: дыбыс неше рет естілсе соның санын айту керек.Мысалы,есікті 3 рет тоқылдатса,т.б деген сияқты.<br>Ойын-тапсырма:<br>Тәрбиеші 1-тапсырманы | Сауат ашу негіздері<br>**Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу**<br>«Сөйлемдерді толықтыру».<br>Ойын шарты: балалар тәрбиешінің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.<br>Көркем әдебиет<br>**Жақындарының** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br>Математика негіздері<br>Санау мен заттардың қатынасын салыстыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау; бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру.<br>: «Жәндікте неше аяқ бар?» Мақсаты: Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру<br>Логикалық сұрақтар<br>«Тез ойла»<br>1. Құста неше тұмсық бар?<br>2. Адамда неше көз бар?<br>3. Үшбұрышта неше бұрыш бар?<br>4. Екі қоянның неше құлағы бар?<br>Ойын жаттығуы: «Сана» Тәрбиеші ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды | телефондарын білу. Телефонмен сөйлесу ережесі туралы білімдерін бекіту; жедел қызмет телефонының нөмірлерімен таныстыру; үйдегі қауіпсіздік ережесі туралы білімдерін бекіту; зейіндерін шоғырландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру; сыпайы болуға, өз денсаулықтарын күте білуге, шешім қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>Ойын: «Телефон»<br>Ойын шарты: екі бала ойыншық телефон тұтқасымен бір-бірімен сөйлеседі.<br>Мысалы:Сәлеметсің бе, Адия?Сәлеметсің бе, Айша? Ертең мен анаммен хайуанаттар бағына барамын.Сен бізбен барасың ба? Анам рұқсат берсе барамын....<br>Музыка<br>Жеке ән айту (сүйемелдеусіз,сүйемелдеумен<br>Әнді табиғи дауыспен ,мәнерлі орындау шеберлігін дамыту.<br>«Көңілді ырғақтар»<br>Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың шираќ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырып салу.<br>Музыкалық мамандықтарды (жеке орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату | киім», «Киім», «Маталар», «Балалар әлем», «Спорт киімдері»); дүкендерді ажырата білуге, ата аналарымен бірге сауда жасауға тәрбиелеу.<br>Ауызша ойындар<br>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз (мимикалық ойыны)<br>Шарты: балалар қимылмен көрсетеді,қалғандары табу керек.<br>Математика негіздері<br>Топтарды санау,салыстыру<br>«Сиқырлы қапшық»<br>Ойынның мақсаты: топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау; бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, санауға, топтастыруға үйрету.<br>«Қуыршақтардың сыйлықтары»<br>Мақсаты: Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру. Ойын ойнау арқылы шапшаңдыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту<br>Шарты: қуыршақтың сыйлықтарын топтастырып,салыстырыпсанайды.<br>«Бет орамалға лайық жамауларды табу»<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; | орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді<br>Сөйлеуді дамыту<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Тәрбиеші үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.<br>Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын,<br>бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді.<br>Міне, қимылмен келтіргенмен | әңгімесінен алған әсерлерімен бөлісу<br>«Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру.<br>Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру<br>( Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)<br>Мейірімділік туралы әңгімелесу.<br>Күлімдеген күн мейірімді!<br>Кіршіксіз ақ қар мейірімді!<br>Таза мөлдір су мейірімді!<br>Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!<br>Аяулы анам мейірімді!<br>Қамқоршы апам мейірімді!<br>«Жылы сөздер ойыны»<br>Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері<br>Мақсаты Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру.<br>Бір, екі, үш, төрт, үйде болып жатыр …….(өрт) Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу…… (үтікті).<br>Қызыл жалын лаулады, демек сірінкемен біре у…….. (ойнады) Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен …… (хабарлас)<br>«Жол полициясы»<br>Мақсаты: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.<br>.Сөйлеуді дамыту<br>**Интонация бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) қолдана білуді дамыту.**<br>Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Әңгімелесу «Сиқырлы қалта»<br>Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны<br>– Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>Қоржынның екінші жағын ашады.<br>Педагог жемістерді бір-бірлеп алады,жаңа сөздермен таныстырады.<br>Күз мезгілінде жемістерпіседі.<br>Мынау–өрік.Ік-ік – міне,өрік.<br>Мынауне? | Жапсыру<br>**Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдері**<br>Тақырыбы: «Қоңыраулар» және «Қаздың балапаны»<br>Балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгерту.Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.<br>Сауат ашу негіздері<br>**Сөйлемді ауызша талдау**<br>сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; аталған дыбысқа сөз табуға үйрету.<br>«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру.<br>Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>Түрлі –түсті сандық Мақсаты: сөздерді дұрыс айту, жалғауын дұрыс ұғынықты айтуға үйрету. Сөздегі дыбыстарды нақты айтуға дағдыландыру.<br>Шарты: сандық ішіндегі заттарды алып,атап.ауызша сөйлем құрайды және талдайды.<br>Артикуляциялық жаттығулар « САҒАТ»<br>Сағат- тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «САҢЫРАУҚҰЛАҚ» | логикалық ойлау қабілеттерін дамыту<br>Шарты: пішіндерді топтастырып,санау арқылы беторамалды жамау керек..<br><br>Дене шынықтыру<br>**«Нысанаға дәл тигіз!» футбол ойынының элементтері**<br>Футбол элементтері.<br>Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебе алады.. Допты заттарды айналдыра жүргізеді. .<br>Допты қақпаға тебеді.<br>Ойын:“Кесіртке”<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты:Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады.<br>Бағыттаушы ойыншы-кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы-кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын | толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз.<br>Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынасжасаймыз.<br>Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады).Тәрбиеші : «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды.<br>Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды<br>Қазақ тілі \\ тіл ұстарту<br>**Шығарманы еркін талқылау,ойларын ашық айту.**<br>«МАҚТАНШАҚ БАҚА» (ертегі)<br>Бірде мақтаншақ бақа тастың үстінде күнге қыздырынып жатады,арасында «бақ-бақ» деп әндетіп қояды. Бақаның көңіл-күйінің керемет екенін көрген балық былай дейді:<br>-Бақашық,не болды? Көңіл-күйің керемет қой.<br>-Иә,балық,сен мен сияқты таста,құмда еркін жата алмайсың.Мен суда да,құрлықтада өмір сүре беремін.Сен болсаң судан шықсаң өлесің де қаласың. Досым,саған жаным ашиды,-деп мұқатыпты. Ренжіген балық не айтарын білмей суға шолп етіп жүзіп кете береді. Мақтаншақ бақа өз ісіне риза боп тастың үстінде секіріп, билеп тұрғанда аяғы тайып,оңбай құлап түседі. Орнынан тұра алмай қиналған бақа өзінің айтқандарына іштей қынжылыпты.<br>«Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар | Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы-заттарды қолдануға үйрету.<br>Транспортшыларды ң, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтары н тәрбиелеуге, олардың еңбек пен «инспектор-жүргізуші», «инспектор-жаяу кісі» өзара қатынасы арасындағы еңбек жағдайларда қала тіршілігіндегі маңызы туралы ұғымдарын бекіту.<br>Әңгіме жүргізу: Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; — Сөздік қорларын молайту.<br>- Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) -Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) -Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) -Сиренасы қосулы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынау–өрік.<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікне?<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікдәмді.<br>Өрік қандай?<br>Өрікдәмді.<br>Мынау–анар<br>Қазақ тілі<br>Кейіпкерлердің мінез-құлқын айту («Аңқау ешкі» ертегі)<br>« АҢҚАУ ЕШКІ» (ертегі)<br>Ерте заманда бір аңқылдаған,арам ойы жоқ бір ешкі өмір сүріпті. Бірде отар қойлармен,басқада ешкілермен бірге бұл ешкіде жайылымға шығыпты. Шөп жеп жүре беріп,жүре беріп басқаларынан адасып қалыпты. Маңырап достарын іздеп анда-мында секіріп жүре беріпті. Содан алдынан сумаңдап айлакер түлкі шығыпты. «-Әй,аңқау ешкі,кімді іздедің? Достарың менің үйшігімнің жанында ,жүр,ертіп апарайын.»,-деп алдап өз үйшігіне қарай жол бастапты. Ойында ештеңе жоқ ешкі маңырап ере беріпті. Ал түлкі болса өз ісіне дән риза болыпты. Үйшігінің маңына барса қойда,басқада ешкілерде жоқ болыпты,өзінің алданғанын біліп ешкі бар дауысымен маңырыпты. Сол кезде үйдегі досы Ақтабан жүгіріп келіпті. Итті көрген түлкі алды-артына қарамастан зытыпты. Ақтабан ешкі досына түлкіге сенбеуін тапсырды. Ал ешкі досына алғысын айтыпты.<br>Артикуляциялық | Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып тұру керек.<br>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы<br>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады | уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі<br><br>Сауат ашу негіздері<br>Берілген сөзге сөйлем құрау<br>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады<br>Жоғалған буын» дидактикалық ойыны<br>Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), | қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.<br>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ..<br>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .<br>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? –<br>. 4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5. Торғай қалай дыбыстайды? –<br>6.Бақа қалай дыбыстайды?-<br><br>Музыка<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыкаға әсерлену , ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Әнді түсіне сергек, жігерлі орыгдауға баулу. Музыка ырғағына қарай адымын жеңіл, ширақ орындауға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды ептілікке баулу.<br>Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты: Әуені бір бірінен айрықша шығармаларды ажыратa білуді және есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға, ойындарда бір бірінен айрықша пьесаларды дене қимылдарын алмастыру арқылы дәл көрсете білуге үйрету. | машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) - Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) -Оларды атаңдар.( «Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .)<br>«Сөйлемді дұрыс құрастыр ойыны.<br>Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек.<br>Көше, жол, жүреді,мәшине<br>Аспан, ұшады, биік,ұшақ.<br>Мәшине, аурухана, тоқтады, жеделжәрдем.<br>Толқында, кеме, жүзеді,теңіз<br>Дене шынықтыру<br>«Шыныңғамыз,шыңдаламыз!» сапта тұрып орындайтын жаттығулары.<br>Тақырыбы«Ақылдылар»<br>Мақсаты: Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін(машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру<br>«Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.<br>Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады.<br>Сызық алдына екі тізбекке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар<br>«ТІЛІМІЗДІҢ КҮШІ КӨП»<br>Тістер біріктірілген, тіл төменгі одан кейін жоғарғы тістерге күшпен басады.<br>«БАСПАЛДАҚТАР»<br>Тілдің ұшы кезек-кезек біресе жоғары,біресе төмен тістерге тиеді | | өр -(мек-ші)<br>(сөзге сөйлем құрау)<br>Мысалы:<br>Қоян - секіреді; ат - шабады; құс - ұшады; аю - қорбаңдайды; адам - жүреді | | тұрады |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылық туғызу | . Балалармен жеке әңгімелесу.<br>Киіну: серуенге шығу. | . Ауа-райын бақылау Ауаның температурасы нөлден төмен.яғни салқын болатынын ескерту. | . Серуенге дайындық, еңбек құралдарын алу | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| Серуен | Тайғанақты бақылау. Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту.<br>Қимылдық ойын: « Көрші »<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі | Терезедегі қарды өрнектерін бақылау, қадағалау. Терезедегі өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>Қимылдық ойын:<br>« Монданақ » .<br>Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. | Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)<br>Бақылау Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу( көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету(сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершінде жиі, ұсақ қадамдар т.б.).Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады.Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу<br>.<br>Балалардың өз бетімен | Қардағы іздерді бақылай білу Бақылау Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Қимылдық ойын: « Аттамақ » .<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. | . Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>Қимылдық ойын:« Ұшты-ұшты »<br>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек | | ойнауы:<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу. | | болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады |
| Серуеннен оралу,ойындар | «Қолымда не бар?»<br>Ойынның мақсаты: ұзын қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. | «Бұл қандай құбылыс»<br>Шарты:Суретте берілген табиғаттағы құбылыстарды өз ойларымен жеткізеді. | Құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар | «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»<br>Мақсаты: Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады..<br>Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. | Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Біз, біз, біз!<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Біздер тату жан ұя<br>Иә, иә, иә! |
| Балалармен жеке жұмыс | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс»<br>(Сурет құрастыру)<br>(жеке баламен) | Қолдың ұсақ маторикасы бұйымдарымен жұмыс жасауға.Конструктормен жұмыс<br>(жұптық) | Түстерді (қызыл, сары,көк,жасыл) атап ажыратуға үйрету. Қағаз бетіне түрлі пішіндерден үй құрастыруға үйрету (түсті,пішінді дұрыс ажырата алмайтын баламен жұмыс) | Көкөністер мен жидектерді ажыратуға үйрету.<br>(суреттерін салғызу) | Берілген сұрақтарға жауап беруге, шығармалардың мазмұнына эмоцияналды көңіл-күй танытуға үйрету.<br>(көп сөйлемейтін баламен жұмыс) |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға ауа райының өзгеруіне байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ескерту | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу<br>Ата аналарға қауіпсіздік ережесі туралы кеңестер беру | Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру<br>Ата –аналарға:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | "Баламен демалыс күнді телевизорсыз қалай өткізуге болады?" ата-аналарға кеңес беру | Еркін ойындар. Үйге сұрану. Ата – аналарына табыстау. |

Бекітемін: Г.Ж.Сыдықова
М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Аққемер ЖББОМ**
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы 5-6 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **2023-2024 жыл 04-08 желтоқсан**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **Үлкенді де «Сіз»,**<br>Кішіге де «Сіз» .<br>Бар дамға құрметпен,<br>Бас иеміз біз.<br>Адамдар бір-біріне жылы сезімдерін білдіріп, айналасындағыларғатек жақсылық ойлап, игілікті істер жасау арқылы ғана мейірімділікті таныта алады.<br><br>**(Әдептілік әліппесі)**<br><br>**Әнұран айту** | **Мейірімділік-асыл қасиетіміз,**<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі<br>Биік ұстап соны,<br>Қадірлейік біз!<br><br>**(адамгершілік әліппесі)** | **Әдемі тілекпен қарсы алу.**<br>-Үлкен болып өс!<br>-Күндей жыдау шаш!<br>-Айдай әсем бол!<br>-Әрқашан жолың болсын!<br>-Денсаулығың мықты болсын!<br>-Саған бақыт тілеймін!<br>-Қуаныш тілеймін!<br>-Шаттық тілеймін!<br>-Досың көп болсын! | **«Жақсы бала қандай?»**<br>(сұрақ-жауап ойыны)<br>Жақсы бала-ақылды<br>Жақсы бала-ұқыпты<br>Жақсы бала-тәртіпті<br>Жақсы бала-мейірімді<br>Жақсы бала-қайырымды<br>Жақсы бала-білімді<br>Жақсы бала-қамқоршы<br>Жақсы бала –сыпайы<br>Жақсы бала-тілалғыш<br>Әрқайсымыз мен жақсы баламын деп айтайық. | Амандасу ойыны: **«Паравоз»**<br>Шарты: Тәрбиеші паравоз болады,сол паравозға вагондар амандасып,аттарын айтып жалғасуы керек.<br>-Мен көңілді паравоз<br>Мен апаймын,сен кімсің?<br>-Мен бірінші вагонмын,<br>-Сәлем паравоз,менің атым-Арман. Т.с.с<br>(ойын вагондарды қосу арқылы жалғасады) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-анаға **кеңес:**<br>Баланың сұрақтарына шынайы және шыдамдылықпен жауап беріңіз. | Ата – аналармен **сұхбат.**<br>«Баламен қазақша сөйлесеміз!».Көбірек қазақша ертегілер,мультфильмдер қарауын қадағалаңыз. | Ата-анаға **кеңес:**<br>Табысқа күшпен жетуге болмайды,сондықтан тапсырманы орындарда күш көрсетів,талап етпеңіз. | Ата-анамен **әңгіме:**<br>Балаңызбен бірге әңгімелер,ертегілер,фантастикалық оқиғаларды ойдан құрып, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етіңіз. | Ата –анамен **сұхбат.**<br>Адамдармен араласқанда жас мөлшеріне қарай қарым-қатынас жасауды үйретіңіз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Фотосуреттер қарастыру «Әдептілік әлемі» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру** | **«Үй құрылысының ретін көрсет»**<br>**Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін« процесстерін дамыту.**<br>**(конструктормен ойын)** | **Достық неден басталады? «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру; достарға деген мейірімді қарым қатынасқа үйрету; достаса білуге үйрету.**<br>**(Әңгімелесу)** | **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>**Айшаның шанасы тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>**Қасқыр соқты Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>**Ағашта лимон м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>**Дүкеннен нан алды Са (ра)** | **«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.** |
| **Жаттығулар кешені** | **«Жоғары-төмен қара»**<br>**Орындалуы: Басты қимылдатпай жоғары-төмен қарау (3-4 рет).** | **Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру.** | **Доппен жаттығу .**<br>**Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету.** | **Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету** | **Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу.** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қатты – ақырын»**<br>**Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.** | **Тіл жаттығулары**<br>**Ба-ба-ба – бала.**<br>**Бо-бо-бо – бота**<br>**Бө-бө-бө – бөрік.**<br>**Табыл – дабыл.**<br>**Бақа – бақбақ** | **«Кірпі» жаттығуы**<br>**Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)**<br>**Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).**<br>**Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!** | **Айналсын деп гүлдерге,**<br>**Тұқым септік бұл жерге**<br>**Жерге тамыр тастады**<br>**Гүлім өне бастады**<br>**Жапырағы жайқалып**<br>**Үлкен гүлге айналып**<br>**Соғып еді самал жел**<br>**Ары бері шайқалып** | **«Асықтарды сөреге жинастыру»**<br>**Мақсаты:Ағаш сөреге асықтарды орналастыру, ойын элементтерін пайдалана отырып асыққа деген қызығушылықтарын арттыру.** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**«Жұбыңды тап!» музыкамен ойналатын ойын-жаттығу**<br>**Мақсаты: ойынға деген құштарлығын дамыту,дене қимылдарын жетілдіру**<br>**Шарты: ойыншылар екі баладан жұп құрады,қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады.Белгі берілгеннен кейін әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып,тигізу керек.Доптары тиген балалар ұпай жинайды.,**<br>**Қимылдық ойын: «Допқа дейін жеткіз»** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Ұялы телефон,ғаламтор,компьютер,теледидарды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту.**<br>**Балаларды компьютердің бөліктерімен таныстыру.**<br>**Айналаны қоршаған заттар, адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы, оған ұқыпты қарау керек екендігін түсіндіру. Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын** | **Көркем әдебиет**<br>**Тілдің көркемдігі (сипаттамалар,образды сөздер)**<br>**«Егерде күн болмаса не болар еді? » сұрақ-жауап.**<br>**Суретпен жұмыс**<br>**«Мен айтамын, сен жалғастыр»**<br>**(Мен сөздің басын айтамын, сендер аяқтайсыңдар.)**<br>**«Телефон»**<br>**Мақсаты: Анаға деген құрмет, сүйіспеншілікті әдемі,теңеу сөздермен телефон арқылы** | **Математика негіздері**<br>**Заттарды белгілері бойынша салыстыру (түсі,пішіні,өлшемі)**<br>**Топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау; бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру.**<br>**«Дұрыс ажырата біл»**<br>**М/ы: Заттарды түсіне,сипатына,, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.**<br>**«Формасы ұқсас заттарды тап» Ойынның мақсаты: Түрлі за ттарды формасына қарай а жырата білуге үйрету.** | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Мен әдемі жазамын» қаламға күш түсірмей жазу дағдысы**<br>**1-жаттығу «Құс»**<br>**Бас бармақ пен ортаңғы саусақты қосып сұқ саусақты қалам ұстағандай үстіне қою керек. Енді құстың дәнді қалай шоқып жейтінін көрсетуіміз керек.**<br>**2-жаттығу «Сәлем,саусақ»**<br>**Бір қолдың бас бармағын әр қолдың саусақтарының ұшымен кезекпен түрту керек және сәлем деу керек.Яғни әр саусақпен амандасу керек.**<br>**3-жаттығу «Қабырға,алақан,жұдырық»**<br>**Жаттығу екі қолмен бір** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру,жылдамдыққа баулу.<br>Шарты: Ойынды кезектесіп 3 баладан ойнайды.3 баалаға бір-бір қаптан таратылады. 20-30 метрдей жерде доптар тұрады,балалар секіріп сол доптарға жетуі керек.Бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>Математика негіздері<br>Ұзындығы,ені,биіктігі, жуандығын анықтау салыстыру.<br>Мақсаты -ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.<br>Логикаға арналған ойын жаттығулары.<br>Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Тәрбиеші «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды.Тәрбиеші балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>Сөйлеуді дамыту | қалыптастыру.<br>«Сөйлеп тұрған кім?»<br>Мақсаты: радио қызметкерінің жұмысымен таныстыру,еңбегімен таныстыру.<br>Шарты:<br>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық.<br>Музыка<br>Би қимылдары<br>Балаларға би қимылдарын музыка сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар,хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)<br>«Үш би» ойыны<br>Мақсаты: Балаларды би жанрларын (полька,ұлттық би,вальс) ажырата білуге,би түрлерін ырғағымен қабылдауға баулу.<br>Шарты:<br>Полька,вальс,ұлттық би түрлерінің суреттері салынған карточкалар таныстыру.Аспапта үш түрлі би орындалады,балалар әуенге сай сурет көрсетуі керек.<br>Құрастыру<br>Қарапайым сызба бойынша жұмыс<br>«Жеңіл көлік»<br>Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді | жеткізу.<br>Шарты: анасына деген сезімін телефое арқылы сипаттай отырып айтуды үйретемін.<br>Мысалы: менің асыл анам,т.б.<br>Математика негіздері<br>Математикалық терминдерді қолдану (көп, аз,тең ұғымдарын бекіту)<br>Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.<br>«Сипап сезу арқылы санау»<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Топпен жұмыс<br>Тәрбиеші балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, | Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау.<br>«Қолымда не бар?<br>Ойынның мақсаты: ұзын қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.<br>Практикалық жұмыс Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады.<br>Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.<br>«Сипаттап табу» ойыны<br>Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды<br>Сөйлеуді дамыту<br>Әңгімелеушіні тыңдау,сұрақты дұрыс қою, дұрыс жауап беруге баулу<br>«Ғажайып қапшық»<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту<br>Артикуляциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтыраун»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен | уақытта орындалады.Қабырға,алақан, жұдырық деп балалар кезек-кезек алақанның шетін салып,алақанды ашып, үстелге жұдырықтай бастайды. Алдымен баяу,содан соң тезірек жасайды.<br>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.<br>Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады<br>Көркем әдебиет<br>Әдеби кейіпкердің әрекетін өз бетінше әңгімелеу.<br>Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан»<br>Мақсаты: кейіпкердің әрекетін өз бетінше әңгімелеуге дағдыландыру.<br>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Тәрбиеші балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>Жұмбақ ойын: «Айна». Тәрбиеші бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар тәрбиеші салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Тәрбиешіні балалар ауыстырып ойнауына болады. Тәрбиеші ертегіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастау.**<br>**«Кім болам?» (диалог құру)**<br>**Мақсаты: балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен және жалғаулармен байыту**<br>**Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету**<br>**«Мамандықтың бәрі жақсы». Балалар сюжетті рөлдік ойын ретінде, әр маман салаларының атқаратын қызметтері жайында танысады. Өздерін сол маман иесі орнына қояды. Сөйтіп, өздері рольдерге еніп ойындарды ойнайды. Балаларды ойын барысында рольдерін ауыстырып отыру**<br>**Тіл дамыту жаттығулары. ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**<br>**«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,**<br>**«Қорқып иттер қашсын», -еп,**<br>**Күжірейтіп желкесін**<br>**Ырылдады қасқыр кеп:**<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**<br>**«Қорықпаймын сенен»,-деп,**<br>**«Сазайыңды берем»,-деп,**<br>**Дірілдетіп қасқырды**<br>**Айбатын ит асырды:**<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>**«Мынау бәле екен» деп,**<br>**«Түбіме бұл жетер» деп,**<br>**Қорқып қасқыр жөнелді,**<br>**Қайтып келмес ол енді.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Аң аулауда қажетті құрал-жабдықтар**<br>**Әңгімелесу:**<br>**«Ауылда»** | **бекіту.Қағазды уқалап умаждап бүктеу арқылы көлік жасау дағдыларын қалыптастыру. Жаңа техникамен таныстыру. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру.**<br>**П\ж\о:«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту**<br>**Шарты: суреттерді ретімен орналастыру керек.**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Жоларалық кеңістікті ажырату**<br>**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.**<br>**«Жасыру» саусақ ойыны.**<br>**Ойын шарты:**<br>**Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.**<br>**Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.**<br>**Ал енді, келесі қолға жасырамыз.**<br>**Қарандашты қыса отырып,**<br>**Алақанды ауыстырамыз.** | **фигуралардан өрнектер жасайды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Қол мен иыққа арналған жаттығулар**<br>**«Қар кесегімен»**<br>**.«Қар кесегін ауыстырып сал».**<br>**: аяқ сәл алшақ , қол төмен. Қолды алға созып, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5рет.**<br>**қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру, қар кесегі еденде.**<br>**«Қар кесегін көтер».**<br>**Қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру.**<br>**Екі аяқпен қар кесегін қысып алып, жоғары көтеру, «қар кесегі, міне» деу;**<br>**«БҮРКІТ»**<br>**Ойын шарты:**<br>**Балалар бүркітті таңдайды, қалған ойыншылар «қосаяқтар», «тышқандар», «құстар» болады. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша бүркіт ұясында отырады, ал қалғандары секіріп,жүгіріп,ұшып жүреді.Тағы дабыл соққан кезде барлығы тұрған жерлерінде қатып қалу керек. Ал бүркіт ұшып шығып қозғалып қойған ойыншыны ұстап** | **жүргізілетін ойын:**<br>**«Түйсік»**<br>**Адамдар көреді,естиді,сөйлейді,қозғалады,тыныс алады.**<br>**Ойын жағдайы: Балаларға көз алдарына елестетуді ұсынады:**<br>**-Таңертең сағат шырылдады-яғни тұратын уақыт болды.(Сағаттың шырылын құлақпен естиді)**<br>**-Төсектен тұрғанда бөлме суық болса киін.(Ауаның салқындығын тері сезінеді )**<br>**-Үйде тамақтың иісі шықты,яғни мұрын арқылы иіс сезеді.**<br>**-Тамақ дәмді болды, оны тілдің көмегімен сезеді.**<br>**Көшеде жаңбыр жауып тұр,қолшатыр керек. (ауа-райының өзгергенін адамға көру мүшесі)**<br>**Қоытынды:**<br>**Көз,құлақ,мұрын,тіл,тері-адамның ең негізгі көмекшілері.Толыққанды өмір сүруге және қоршаған ортаны танып-білуге көмектесетін негізгі көмекшілеріміз осылар.**<br>**Еркін ойын:**<br>**«Дұрыс тап»**<br>**Яғни бала бір –біріне тез-тез дене мүшелерін атайды,шатаспай айтқан жерді көрсету керек. (бас,құлақ,көз,ауыз,мұрын.т.б )**<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>**Аңшылық кәсібі (аң,аңшы,орманшы,корықшы**<br><br>**Ойын ойнауға шақырады.«Қызық екен» ойыны**<br>**Балалар екі топқа бөлінеді.**<br>**Тәрбиеші балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен** | **драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады.**<br>**Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді.**<br>**Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Тәрбиеші балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Еңбекке баулу, үлкендер еңбегін бағалау,еңбекке араласу**<br>**Қыс мезгіліндегі адамдардың еңбегі туралы суреттерді қарау,шағын әңгіме құрау.**<br>**Еңбек туралы мақал мәтел жаттау.**<br>**«Қолшатыр»**<br>**Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.**<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>**Шығармашылық бұрышты жинастыру.**<br>**Мақал-мәтел**<br>**Еңбек етсең ерінбей,**<br>**Тояды қарның тіленбей.**<br>**.......**<br>**Жасасаң егер еңбек,**<br>**Еңбек бәрін жеңбек.**<br>**«Құрылысшы»**<br>**Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балаларға аңшылық жайлы және аңшы құралдары жайлы түсінік беру.<br>Шарты: аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерін айтады.<br>АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР<br>«КҮРКЕТАУЫҚ» - тілді жоғары көтеріп үйрету. Ауызды аздап ашып, тілді жоғарғы ерінге қойып тілдің жалпақ ұшын алға-артқа жылжыту керек. Тілді еріннен ажыратпау керек.<br>«ҚАША»<br>Тістер біріктңірілген, ерін күлімдейді. | Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. | алады,ұсталған бала бүркіт болады,ойын солай жалғасады.<br>«ҚАҚПАН»<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді, бір топ-орман аңдары болады. Екінші топ-шеңберге айнала тұрып бір-бірінің қолдарынан ұстап жоғары көтеріп тұрады. Аңдар шулап балалар арасымен өтіп кетеді.Шу басылған кезде шеңбердегі балалар қолдарын түсіріп отыра қалады. Шеңберге ұсталып қалған аңдар қақпанға түскен болып есептеледі.<br>Сауат ашу негіздері<br>Жазуды көзбен бағдарлауға үйрету. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояйды.<br>Саусақ жаттығулар<br>Саусақтарды қайшылап<br>Қағаздарды қиямыз<br>Қиып-қиып аламыз<br>Біз көңілді баламыз<br>Кім көп сөз ойлайды» – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, | біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтар кезекпен жауап береді.Әрбір жауап бір ұпай.<br>Тапсырма. «Аңшылар» бойынша сұрақтар:<br>-Аңшы деген кім?<br>-Ол аңды қайдан аулайды?<br>-Орманды күзететін адамды орманшы дейміз.<br>-Орманда нелер өмір сүреді?<br>-Белгілі бір тарихи маңызы бар жерді,яғни тұқымы аз қалған жануарлар мекендейтін орынды ,яғни қорғауға арналған жерді қоық дейміз.Ал ол жерді қорғайтын адамды қорықшы дейміз.<br>Қимылдық ойын: «Аңшы мен үйректер»<br>Мақсаты: аңшы шеңбер ішіндегі үйректерді дәл тигізіп атып алу керек.<br>Шарты: шеңбер ішінде үйректер жүреді,ал аңшы оларды аңдып жүреді,орайы келгенді атып алады.<br>қимылды ойын:<br>«Аңдар жүрісі»<br>Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br>Музыка<br>Ұлттық аспаптар (домбыра,қобыз)<br>Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратуға,бірдей қарқында ән салуға,бірінің артынын бірі жүру барысында би ырғағын үйретуді игеру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,<br>Күйші -композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>«Музыкалық аспаптың суретін аяқта» (домбыраның суретін салғызу)<br>Т\ж\о: «Аспаптың үнін | сүйе білуге тәрбиелеу.<br>(Конструктормен үй құрастырып ойнату.)<br>«ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР»<br>Ойын шарты:<br>Ортада текшелер шашылып жатады.Ойыншылар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиеші белгі берген кезде балалар тез-тез үй құрастыру керек. Қай топ бірінші болып құрастырса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Дене шынықтыру<br>«Жаяу көкпар» алдында тұрған сыйлықты 1-ші болып алу.<br>«ЖАЯУ КӨКПАР»<br>Ойын шарты:<br>Бақылаушы таңдалады,ойын ережесінің дұрыс жүрілуін бақылайды.Ойыншылар бір сапқа тұрады,сыйлықтан 30 қадам жерде мәре анықталады. Саптағы әр ойыншының міндеті қалған ойыншыларды жығып,сыйлыққа дейін жүгіріп жетіп, оны ұстап алып,онымен бірге мәреге жету керек.<br>«ТИЫНДЫ КӨТЕР»<br>Ойын шарты:<br>Алаңның қарама-қарсы екі жағына бастау сәті мен мәре белгіленеді. Тиындарды жайып қояды, Дабыл бойынша ұлдар мәреге қарай жүгіреді (ат құсап шауып,секіру керек). Жүгірген кезде тоқтамай еңкейіп тиынды алу керек.Тиынды кім көп жинайды,сол жеңімпаз болады.<br><br>«Күлкі сыйла»<br>Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қауіпінің алдын алу<br>Доппен түрлі ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс. | ажырат»<br>Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптардың тембрін ажыратуға баулу,есту қабілетін дамыту.<br>Шарты: Карточкада пианино, домбыра,қобыз,сыбызғы аспаптарының суреттері болады.Қай аспаптың дауысын естісе сол карточканы көрсетеді. | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| Серуен | Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау.<br>Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. | Қимылдық ойын:«Фигура жасап шық»<br>Ойын барысы :<br>Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. | «Ұлпа қар»<br>Мақсаты:Балалардың қыс туралы түсініктерін қалыптастыру. мезгілінің құбылыстарымен таныстыру.<br>Серуен құралдары:сыпыртқы, күрекшелер, шелек. | Мұзды бақылау<br>Көркем сөз Дала аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан<br>Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз)<br>Бақылау: Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл –қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>Қимылды ойын: «Мұзды аулаға кіргіз» Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру | Бұлт пен тұманды бақылау<br>Көркем сөз<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>Жұмбақтар<br>Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт) Аспан түйді қабағын, Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман)<br>*Бақылау:* Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>Қимылды ойын*:* «Бірінші болу»<br>Бір бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>. |
| Серуеннен оралу,ойындар | Мақал-мәтел.<br>Отан елдің анасы,<br>Ел ердің анасы.<br>«Қуыршақпен танысайық»<br>Дидактикалық ойын | Жаңылтпаш жаттау.<br>Доп теп, дөптеп.<br>«Түстес ыдысқа сал»<br>Т\ж\ ойын<br>Мақсаты: түрлі-түсті | Мақал- мәтел.<br>Отан отбасынан басталады.<br>«Мені қайтала» дидактикалық ойын | Мақал- мәтел.<br>Күш- білімде, білім- кітапта.<br>Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.<br>Мақсаты: Алақанына сиятын | «Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын:<br>Мақсаты: қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** **балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету** | **тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету.** | **Мақсаты:** **ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру** | **көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту** | **жалғастыру.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс.** **Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру.** | **Жеке баламен жұмыс.** **Сиқырлы қарындаштар.** **Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау.** | **Жеке баламен жұмыс.** **Қылқаламмен жұмыс.** **Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету** | **Жеке баламен жұмыс.** **Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру** | **Жеке баламен жұмыс.** **Ертегі оқу. Суретпен жұмыс** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** **«Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?».** | **Психологтың кеңесі:** **«Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз»** | **Ата-анаға:** **«Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?** | **Кеңес:** **«Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».** | **Ата-анаға:** **«Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?** |

Бекітемін ______ Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Аккемер ЖББОМ
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы:** **5 жас**

**2023-2024 жыл 11-15 желтоқсан**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Күн шуақты көңіл-күй»**<br>Күн шапақтарына қолдарын тигізіп тұрып әдемі ,сиқырлы сөз немесе тілек айтқызу.Сәлемдесу түрлерін таңдап бір-бірімен амандасуға мүмкіндік беру.<br><br>**Әнұран айту** | **Жылулық сәті:**<br>Шат-шадыман жүрейік,<br>Ойнайықта,күлейік!<br>Сәлемдесу салтымыз,<br>Әрқашанда білейік!<br><br>**«Нәр алып»**<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | **Қуан шаттан алақай!**<br>Қуанатын күн келді<br>Қайырлы күн!<br>Қйырлы күн!<br>Сәлеметсіздер ме, балалар?<br><br>Әуенді қимыл қозғалыспен жандандыру.<br>«Күн суытты далада» (би ырғағымен) | **«Сен күлсең әлем саған күледі»**<br>(Балаға еркіндік беру арқылы өзін жақсы сезінуге жағдай жасау)<br>Көңілді смайликтермен, музыкамен қарсы алу.<br>(Бүгін **«эмоциялық термометр»** жаттығуымен жұмыс жасаймын.. Ягни баланың келгеннен кеткенге шейінгі көңіл-күйін бақылауда ұстаймын және жазып отырамын.) | **Ойын: «Пантомима»**<br>Шарты: Баланың көңіл-күйін ым-ишара арқылы бейнелеуге шақыру.балалардың көңіл-күйлерінің қаншалықты жақсы екенін, кім көңілсіз екенін білемін.Көңілдерін көтеру мақсатында ыммен би билеуге шақырамын. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Ата-анаға кеңес:**<br>Баланың кез келген қалауын орындауға асықпаңыз.Өз іс-әрекетінің дұрыс-бұрыстығын түсінуді үйретіңіз. | **Ата-анамен әңгіме:**<br>Баланың айтатын әңгімесін бөлмей,соңына дейін тыңдау,ойын,сөзін аяқтауға мүмкіндік беру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балаңызға ол сіз үшін бұрынғыдай қымбат және сүйікті екенін үнемі айтыңыз. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балаға балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларының құпияларын ашыңыз. | **Ата-анамен әңгіме:**<br>Баланың міндетті түрде үйде орындайтын жұмысы болуы керек, мысалы ойын бұрышын жинау,киімдерін бүктеу,жинау сияқты.Сіз қадағалаңыз. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Менің сүйікті ертегім»**<br><br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту.<br>. | **Нейро жаттығулар**<br><br>**Жұмбақтар** жасыру,балалардың ойлау қабілеттерін арттыру | **Сөздік ойын**<br>«Қимылын көрсет»<br>Мақсаты:<br>сөзді айту арқылы қимылын көрсетуге үйрету.. | **«Жабайы жануарлар»**<br>**Мақсаты:** Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарларды таниды. (422)<br>**Шарты:** балаға басында тұрған атрибуттағы жануарды қимылын көрсетеді | **«Менің сүйікті жануарым»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларымен жабайы жануарларды таниды, төлдерін біледі. (422)<br>**Шарты:** Педагог балалармен жұдырық арқылы амандасып, жұдырығында тығулы тұрған жануардың суретін балаға көрсетеді, атауын сұрайды. (корш.ор, әлеуметтіу даг.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жаттығулар кешені** | **«Тартыламыз» ойыны:<br>Мақсаты: Балалар дене жаттығуларын орындайды.<br>Шарты: Аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында болады.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру.<br>Қайталануы: 4/5 рет** | **«Иілеміз» ойыны:<br>Мақсаты:Балалар жаттығулапрды тәрбиешімен бірге қайталайды.<br>Шарты: Аяқ иық деңгейінен алшақ, қол  төменде<br>Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу.<br>Қайталануы 4/5 рет** | **Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар<br>Кел балалар тұрайық<br>Қолымызды жоғары созайық<br>Еңкейеміз еденге<br>арқамызды тік ұстап<br>Бір демалып алайық** | **Көзге жаттығу<br>Кеңістікті бағдарлау<br>Біздің ойыншығымыз қайда барады көзімізді сол жаққа жүгіртеміз<br>Жоғары,төмен,оңға,<br>Солға бірнеше рет қайталау** | **Массаж жолдарымен жүру<br>Майтабанның алдын алу<br>Арнайы жолдармен жүру<br>Дымқыл жолдармен жүру<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды созып бәшпәйларын бүгіп босату** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ертегі кітаптар қарау, әңгімелеу.<br>Д/О «Сен не көрдің»<br>Суреттегі бейнені мұқият қарап алғаннан кейін,қандай сурет жасырылғанын айту** | **«Кірпі» жаттығуы<br>Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма!** | **. Үй жануарлары»<br>Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу** | **Саусақ» жаттығуы<br><br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады.** | **Жұмбақ шешу<br>Қызып кетсе табаны<br>Бар жалғыз-ақ алаңы<br>Бар жалғыз-ақ шатағы<br>Іздей бастар матаны<br>Ол не?<br>(Үтік)<br>Жылмаң-жылмаң етеді,<br>Жылмыңдап сайдан өтеді.<br>Із-міз тастап кетеді.<br>Ол не?<br>(Ине)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру<br>Кеудеге арналған жаттығулар  «піл», «керік», «маймыл»<br>« Менің сүйікті жануарларым»<br>Біресе аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.<br><br>«Африкаға саяхат»<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.<br> «Өрмелеп үйренеміз»<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу** | **Қоршаған ортамен таныстыру<br>Адамгершілікке баулу,әділдік,еңбекті бағалау,қолдау көрсету<br>«Мейрімділік» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу<br>«Еңбек ер атандырады».<br>Педагог балалармен үйлерінен әкелген заттарды қарап, ата - аналарының, отбасы мүшелерінің қандай және қайда жұмыс істейтіндіктері жайлы әңгімелеседі.<br>Ойын:"Жақсы -жаман" ойынын ойнайық.Ойын ережесі: "Жақсы жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап"Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.<br>Фотосуреттер қарастыру** | **Көркем әдебиет<br>Өлеңді интонациямен айтуға дағдыландыру<br>Сұрақ-жауап<br>«Менің Отаным»<br>Мақсаты: «Отан» деген сөздің мағынасы туралы білімдерін терендету<br>Фотосуреттер қарау<br>Отан - деген атамекен,<br>Отан - деген туған жер.<br>Отан - ана Отан - пана<br>Қазақстан туған ел.<br>Хрестоматия-38 бет<br>Тәуелсіз Қазақстан<br>Тәуелсіз еркін елде біз<br>Дүниеге келгенбіз<br>Көк Ту мен<br>Елтаңбамыз,<br>Бар біздің өз теңгеміз.<br>Орындайтын бәріміз<br>Біздің ата-анамыз.<br>Жиында тұрып айтатын,<br>Бар біздің** | **Математика негіздері<br>Кеңістікте бағдарлауды нақтылау<br>«Не өзгергенін тап»<br>Дидактикалық міндет. Балаларды кеңістікте орналасқан заттардың орнын анықтауға үйрету: оң жақта, сол жақта, алдыңғы жақта, артта, жанында т.б.; байқампаздық, есте сақтауын дамыту<br>.<br>Ойын: «Тығылыспақ»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар:<br>Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға** | **Сауат ашу негіздері<br>Жазу жолын бағдарлау<br>«Не артық?» ойыны<br>7. Артикуляциялық жаттығу.<br>Ян - ян - секендеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбандаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр – бұл<br>Саусаққа арнал-ған жаттығу: Достық<br>Қыздар менен ұлдар<br>Дос қой біздің топта<br>Ұсынса біреу қолын,<br>Ешқашан бас тартпа<br>«Салат» саусақ ойыны.<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «КИІК»<br>Ойын шарты:<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады. Жүргізуші балалардың арасымен кіріп былай дейді:<br>Желаяқ киік шабады,<br>Жолменен киік шабады.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Дөңгелекті жауып,қолдарын жібереді.<br>Егер киік ұсталса,ойыншылар ауысады.<br>Математика негіздері<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты арттыру<br>Жануарларды орналастыр»<br>Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.<br>- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актиінді орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. - Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме? - Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер.<br>- Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер.<br>Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе?<br>- Аңдардың қайсысы артық? Неге? Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы | Ойын. «Мен еңбекқор баламын».<br>Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады.<br>«Мейірімді жүрек» Шарты: Балалар үлкен шеңбер құрып тұрады.Бір біріне жақсы тілектер тілейді.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай<br>Болайықшы, досым - ай.<br>Музыка<br>Күй жанры,күйші-композиторлар туралы түсінік<br>Күйші - композиторлардың (Дина, Дәулеткерей) өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, аспапта шығармаларын ойнап көрсету<br>«Не естіледі?»<br>Балалар көздерін жұмып, тәрбиешіге арқасымен қарап, шеңбер құрып немесе еденде отырады. Тәрбиеші балаларға таныс түрлі ойыншықтар, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарып, «не естіледі?» деп сұрақ қояды. Балалар қандай заттың: ойыншық, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарғанын атайды.<br>«Қай аспапта ойнаймын?»<br>Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,үрмелі,ұрмалы) өзіндік тембрлік дыбысталуын ажырата білуге | Әнұранымыз! (жаттау)<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле.<br>Суретті аяқтап, сал. Боя.<br>. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Тәрбиеші мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік ел.<br>Математика негіздері<br>Күрделі формадағы заттарды зерттеу<br>Пішінді табыңдар» ойын-тапсырма<br>. Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге | «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады<br>Сөйлеуді дамыту<br>Антоним,синонимдерді қолдану<br>Аю мейірімді және көңілді,<br>Өйткені ол үлкен<br><br>Бірақ қоян қорқақ<br>Өйткені тым кішкентай.<br>Ойын: «Керісінше айтайық»<br>Мақсаты: айтылған сөзге қарама-қарсы сөз тауып айту,шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Бір сөз бастаймын,сендер керісінше сөз тауып айтасыңдар.Кім көп сөз айтса сол жеңімпаз.<br>Түн-<br>Ұзын-<br>Үлкен-<br>Кіру-<br>Тұр- ...т.с.с | Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)<br>Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)<br>Көркем әдебиет<br>Кітапқа қызығушылығын арттыру<br>П\ж\о: «Интервью»<br>Мақсаты: Балаларды «Кітапханада» тақырыбында байланыстырып сөйлеугеүйрету.Кітапқа қызығушылығын арттыру.<br>Шарты:Тәрбиеші өзі тілші болады.қолында микрофон,балаларға сұрақ қояды.<br>-Біз қайда келдік?<br>-Не үшін кітапханаға келдік?<br>-Саған қандай кітап ұнайды?<br>-Қандай ертегілерді білесің?<br>-Кітапханашы апайларға қандай сиқырлы сөздер айтасың? Т.б<br>Құр\о: «Ертегілерді жіпке тізейік»<br>Мақсаты: Ауызекі сөйлеу мен есте сақтауын дамыту.<br>Шарты: Ойын екі топпен ойналады. Балаларға таныс ертегілер үзіндісі оқимын,балалар тез тауып қандай ертегі екенін айтып жіпке қыстырады.Осылайша ойын жалғасады.Қай топ көп ертегіні тауып жіпке тізсе,сол топ жеңімпаз болады.<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Менің Отаным-Қазақстан, Тәуелсіздік күні<br>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының әскері Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халыққа қызмет ететіндігі, өз халқының түрлі мәселелерін шешетіндігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру.<br>«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.<br>Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек.<br>Төмендегідей тапсырмалар беріледі:<br>1.Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;<br>2.Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;<br>3.Үй құрастыру;<br>4.Жалауша құрастыру;<br>5.Жұлдызша құрастыру;сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).<br>Сөйлеуді дамыту<br>. Көп мағыналы сөздерді қолдану<br>П.ж.о: «Менде жақсы бала боламын»<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп,өздерінің істеген жақсылықтары туралы әңгімелеп беруге тапсырма береді.Жақсы әңгімелеп берген баланы мадақтайды.<br>Қ\о: «Жылы жүрек»<br>Шарты: Бір-біріне жүрекше сыйлау арқылы жақсы,жылы сөздерді тез жалғастырып айту керек.Тоқтап қалған бала ойыннан шығады.<br>Қазақ тілі<br>Суреттер бойынша әңгіме құрау<br>Ойын:«Кім жылдам?» | үйрету.<br>Шарты: балаларға аспаптардың (домбыра қобыз,асатаяқ,сазсырнай, дауылпаз)суреті бейнеленген карточкалар беріледі. Бір аспапта музыка ойналады,балалар қай аспапта ойнатылғанын айтып және суретін көрсету керек.<br>Сурет салу<br>Бояулармен жұмысты жетілдіру (акварельді пайдалану)<br>«Құмыраны әшекейлеу» (акварельмен, бояу қарындаштармен жұмыс)<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдану; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздыңортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>«Суретші қай жерде қателесті?» \ ойын \<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>Сауат ашу негіздері<br>«Менің шебер саусағым» қаламмен жұмыс<br>Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға дағдыландыру. Ұзын және қысқа таяқшалар. | ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды.<br>Дене шынықтыру<br>Іш бұлшық еттеріне арналған жаттығулар «велосипед»<br>Шалқасынан жатып екі аяғын тізесіне дейін бүгіп,велосипед тебуі керек,іш бұлшық еттерін қатайту.<br>Бәріміз бірге еңкейік,<br>Велосипед<br>Бірге секірейік,<br>Бірге қозғалайық,<br>Бірге қолымызды созайық,<br>Бірге еңбектейік,<br>Бірге тіземізді ұстайық ,<br>Бір орында секірейік.<br>Ойын:“Күн мен түн”<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты:“Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе<br>бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс | П\ж\о: «Қайсысы ұзын,қайсысы қысқа?»<br>Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамыта отырып,антоним сөздерді айтуға үйрету.<br>Шарты:Допты алған бала жауап береді:<br>Етік ұзын,ал бәтеңке.....-қысқа<br>Футболканың жеңі қысқа-ал жейденің жеңі-...ұзын<br>Көйлек ұзын, ал юбка- қысқа.<br>Құр\о: «Басқа сөзбен айт»<br>Мақсаты: Синонимдік қатар құруға үйрету,сөздікң қорын байыту.<br>Шарты: Тақтаға бір сарбаздың суреті ілінеді,балаларға тағы басқаша қалай атауға болатынын сұрайды.Сарбаз-батыр-әскер.т.б<br>Қазақ тілі \\ тіл ұстарту<br>Менің Отаным. «Астана» тақпағын жаттау<br>Қазақстан, Астана , Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту.<br>АСТАНА<br>Елорда еліміздің бас қаласы,<br>Қалалардың ішіндегі жас қаласы.<br>Жылдан жылға көркейіп жаңаратын,<br>Жасай бер еліміздің Астанасы!<br>Жаңарсын,көркейе берсін жас қаламыз,<br>Көбейе берсін жап-жаңа бастамамыз.<br>Жастарды көтермелеп,бағыт беіп,<br>Жасай берсін мәңгілік Астанамыз<br>(тақпақты қайталау арқылы жаттату)<br>.«Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз»<br><br>Ойынның мақсаты: Грамматикалық сөздің құрылысын қалыптастыру | туралы түсінігін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қою, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру. Мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>«Менің Отаным»<br>Мақсаты: «Отан» деген сөздің мағынасы туралы білімдерін терендету.<br>Фотосуреттер қарау.<br>Отан - деген атамекен,<br>Отан - деген туған жер.<br>Отан - ана Отан - пана<br>Қазақстан туған ел.<br>П\ж\о: “Өз туыңды тауып ал”<br>Барысы: тақтаға көптеген мемлекеттердің туы ілінген. Осы тулардың ішінен өз туыңды көрсет.<br><br>Дене шынықтыру<br>«Тұтқада жаттығу» қоршауға сүйеніп аяқты жоғары тарту<br>Шегірткедей ыршиық!<br>Қане, сапты түзейік,<br>Тіземізді бүгейік,<br>Ыршып алға түсейік.<br>Ыршып артқа түсейік.<br>Бір-екі, үш-төрт.<br>Бір-екі, үш-төрт!<br>Шегірткедей ыршиық<br>Ыршып-ыршып Тыншиық.<br>1.Қоршауға сүйеніп түзу тұру,аяқ алшақтығы иық көлемінде.<br>Оң аяқты жоғары көтеріп,ауаны тебу:<br>Сол аяқты жоғары көтеріп ,ауаны тебу, 10-15 рет қайталау.<br>2.Қоршауға сүйеніп екі аяқпен алма-кезек доп тепкендей қимыл жасау;<br>Ойын: «Лақтыр да,қағып ал» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | себетке әр түрлі көлемдегі доптарды жинайды, атайды,сипаттайды.<br>«Доптар» дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс.Балалар суретке қарап, дүкенде қандай ойыншықтар сатылатынын атайды.Тәрбиеші алдымен өзі айтады:Дүкенде доп бар.Дүкенде қуыршақ бар ойын:«Ғажайып қоржын» .Қоржынның екінші жағын ашады.<br>Тәрбиеші жемістерді бір-бірлеп алады,жаңа сөздермен таныстырады. Күз мезгілінде жемістер піседі. Оларды қысқа сақтап дайындайды.<br>Мынау–өрік.Ік-ік – міне,өрік.<br>Мынау не?<br>Мынау–өрік.<br>Өрік–жеміс.<br>Өрік не?<br>Өрік–жеміс.<br>Өрік дәмді.<br>Өрік қандай?<br>Өрікдәмді.<br>Мынау–анар<br>Қорытындылау:<br>Дыбыстық жаттығу:<br>Ыс-ыс-ыс-келді қыс.<br>Ғы-ғы-ғы-шаңғы.<br>Ақ-ақ-ақ-аққала.<br>Қа-қа-қа-қар.<br>Ық-ық-ық-суық | Саусақ жаттығуы.<br>Тық-тық, тық-тық,<br>Тұр орыннан бас бармақ,<br>Балаң үйрек сен де тұр,<br>Ортан терек, сен де тұр,<br>Шылдыр шүмек сен де тұр,<br>Титтей бөбек қане тұр,<br>Саусақтарым, ал жүгір.<br>Қаламды дұрыс ұстау:<br>1.I қадам-шынтақты бүгу.Бұл сызықтарды көбірек жасауға мүмкіндік береді,себебі ол бүкіл білекті жылжытады.<br>II қадам-қарындашты саусақтармен біртіндеп ұстау.<br>III қадам-ол бас бармақ, саусақ қарсыласуына жетеді.<br>2. Баланы қарындашты ұстауды бақылау және үйрету үшін:<br>-аяқтары жерге тегіс тию керек<br>-ыңғайлы отыру<br>-дене тік және сәл ғана алға еңкею,бірақ үстелге сүйенбеу.<br>-босаңсыған иықтар<br>-екі шынтақ үстелде<br>-жазбаған қол тыныұғу керек.<br>-лабирирнттерді қарындашпен салу. | бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>Ереже:<br>1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.<br>2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.<br>3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет).<br>Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы.Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді.<br>Сауат ашу негіздері<br>Сөйлемдегі сөздерді буынға бөлуді пысықтау<br>Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо<br>Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана | Ойынның мазмұны:Тәрбиеші өзінің тілегін айтады,балалардан өз тілектерін айтуларын сұрайды.<br>Музыкалық ойын: «Әткеншек» Балаларды жылдам әрі асықпай сөйлеуге, өлең жолдарының мазмұнына сәйкестендіріп қимылдар жасауға, ауызша белгіге әрекет етуге үйрету. «Басқа әуендердің ішінен әнұранды тап» Осы тапсырма бойынша өзге әуеннен әнұранды тез табуын қадағалау.<br>Музыка<br>Д. Нұрпейісованың шығармаларын тыңдау<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру<br>Ойын: «Ұлттық аспаптар»<br>Мақсаты: қазақтың ұлттық аспаптарының суреттері көрсетіліп, аспаптың атын айту «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) (аудио тыңдау)<br>«Көңіл- күйді көтеру мақсатында "<br>«Пингвиндер биі"<br>2. Балалар, менің артымнан және бір-біріңнің артыңнан сап түзеп жүреміз, енді пингвиндер сияқты жүреміз, жарайсыңдар! Жай қалыпқа түсіп, жүреміз, музыка тез ойналып жатыр, бәріміз жүгіреміз, кім тез жүгіреді екен? | Мақсаты: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br>Қимылдық ойын:<br>«Бірінші бол!»<br>Мақсаты -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет).<br>Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Серуен | Күннің көзін бақылау.<br>Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен жәндік-тер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу.<br>Қимылды ойын:«Қояндар мен қасқыр»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа үйрету.<br>Еңбек: Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау | Аула сыпырушы еңбегін бақылау.<br>Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? қалай ? қолданылатынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбекқор болуға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек»<br>Мақсаты : шапшаңдыққа үйрету.<br>Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу | Желді бақылау<br>Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; — өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.) Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз) Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.) Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай? | Итті бақылау<br>Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? | Аққала жасау. Қар тазалайтын машинаны бақылау<br>Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету.Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару.Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар тез жұмыс істейді,машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қырманға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғал көп болады. |
| Серуеннен оралу,ойындар | «Көшедегі үйлер»<br>Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.<br>Жапсыру<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | «Дауысын сал!»<br>Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.<br><br>Ертегі тыңдау, аудио арқылы | «Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>Мақсаты:<br>Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру.<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс- | .<br>«Қысқы орман»<br>Мақсаты:<br>Қыс мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Қысқы орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.<br>Көркем әдебиет<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | «Менің досым»<br>Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекет, зерттеу іс-әрекеті | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балаға қарындашты оң қолмен ұстауды үйрету** | **Ертегі кейіпкерлерін айтып әңгімелеу** | **Қыс мезгілі туралы тақпақты айтып жаттауға үйрету** | **Қарындашты дұрыс ұстау дағдысын (үш саусақпен ұстау) меңгерту** | **Үй жануары қалай дыбыстайды қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.** <br> **.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өлең шумақ қыс мезгілі туралы айтқызу** | **Отбасылық өнімді әрекет.Ырым- тыйым сөздер үйрету** | **Үй жағдайында баламен бірге ұлттық ойын ойнауға кеңес беру.** | **Сүйікті ойыншығы туралы әңгімелеп беруге ұсыныс айту.** | **Уйде балаларға ертегі оқып беруге кеңес беру** |

Бекітемін ____ Г.Ж.Сыдыкова
М/д оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Аққемер ЖББОМ
**Сынып:** МАД «а»
**Балалардың жасы:** 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 жыл 18-22 желтоқсан

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, басқару, бала үні, | «Амандасу.» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керектігін айтамын. Барлығымыз бірдей амандасамыз.<br>-Бастаймыз: көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен.<br><br>Әнұран айту<br><br>Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. | «Гүл» ойыны<br>Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.<br>Шарты: Бір мезгілде аспанға бұлт теніп, жаңбыр жауа бастайды.Гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып,бүрісіп отырады) Бір уақытта қайтадан күннің көзі күліммен шыға бастайды.Сол уақытта гүлдер де құлпырып,жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап,бір үлкен гүл шоғына жиналады) | «Шаңырақ» ойыны<br>Мақсаты:Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімдері оянады, сыйластыққа тәрбиеленеді.<br>Шарты:Балаларды шеңберге тұрғызады.<br>Көтерілін шаңырақ,<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өріліп,<br>Бәріміз жүрек айналып,<br>Киіз үй боп көрініп. | «Достық тілек»<br>Мақсаты:<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға мүмкіндік алады, .<br>Шарты: балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне допты ұсына отырып, достық тілегін айтады, сұрақ қою арқылы жауап алуға да болады. | «Айна» ойыны<br>Мақсаты: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйренеді.<br>Шарты: балалар айнаға қарай отырып, өз әрекетіне , көңіл күйіне назар аудара отырып, басқа адамның көңіл күйін бағалауды үйренеді.<br><br>«Сәлемдесу»<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Әңгімелесу:<br>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу | Әңгімелесу:<br>Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.<br>Мұрын қуысына Оксалин майын жағу | Ескерту:<br>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын, уақытында әкелулерін ескерту. | Ұсыныс:<br>Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалармен әңгімелесуді айту.<br>Ата-аналарға сауалнама тарату. | Ата-аналарға кеңес:<br>«Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретіңіз».<br>Психологтің кеңесі:<br>«Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландыру ». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Еркін ойын: «Мозайка» Шарты: Суреттерді сандармен сәкестендіреді.** | **Еркін ойын: «Көлеңкесін тап» Шарты: Қысқы киімдердің көлеңкесін тауып, орындарына орналастырады.** | **Құрылымдалған ойын: «Бірдей заттар» Шарты: Суреттердің ішінен бірдей суреттерді топтастырып атауын атайды мыс: жануарлар, жемістер.** | **Құрылымдалған ойын: «Аққала». Шарты: Геометриялық пішіндерден аққаланы құрастырады.** | **Еркін ойын: «Соқыртеке» Шарты: Көздерін байлап, тығылған балаларды табады.** |
| **Жаттығулар кешені** | **«Велосипед» жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу.** | **«Қайық» жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.** | **«Ауыр тастар көтеру» Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру** | **«Шаңғы» жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау** | **«Тырна»- бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін белге қойып, бір аяқпен тұру. Күні бойы шалшықтан, Тырна бақа аулайды,** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту** . | **«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.** | **«Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларын айта білу олардың дене мүшелерін атауға, ажыратуғаүйрету.** | **«Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | **Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру Гимнастикалық қабырғада жаттығу Гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүруге үйретуді жалғастыру Өрмелеу Гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай бір және бірнеше тәсілмен өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсуді үйретуді жалғастыру. «ТАСБАҚА» Ойын шарты: Ойыншылар залда еден үстінде тасбақаға ұқсап жорғалайды. Тәрбиеші белгі берген кезде қолдарын, аяқтарын ішінің астына жасыруы керек. «КЕСІРТКЕ»** | **Қоршаған ортамен таныстыру Туған өлке,туған жер жайлы түсінік «Гүлдене бер, Қазақстан!» Мақсаты:Қазақстан, Отан туралы түсінік беру. Бәйтеректің суретін салуға үйрету. Туған жерін, Отанын сүюге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Гүлдене бер, Казахстан» (ұжымдық жұмыс) Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйрету. Заттардың шамасы мен** | **Көркем әдебиет Таныс шығармаларын бірізді әңгімелеу .«Менің ойыншықтарым» (әңгімелеу) Мақсаты суретке қарап әңгімелеу арқылы сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. П\ж\о: «Бұл қандай ойыншық?» Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады. .«Менің елімнің рәміздері» Мақсаты: әдеби** | **Математика негіздері Уақытты бағдарлау. Бұл қай кезде болады?. Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің таңертең, күндіз, кеш, түн тәрізді мезгілдерінің суреті бейнеленген кепе қағазын көрсету арқылы үйрету. «Тәулік бөліктері » Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. «Суретті құрастыр» апта тақырыбы бойынша суреттер құрастыру. «Жыл атасы» Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды** | **Сауат ашу негіздері Буын санын анықтау П\ж\о: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.Буын санын анықтайды. Тәрбиеші әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады. П\ж\о: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (кар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) –** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын шарты:<br>Балалар кесірткенің қалпын жасайды, екі жіптің ортасымен қолдарымен тіреп жорғалауы керек<br>Қимылдық ойын:«Шымшық доп»<br>Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу ұшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.<br>Математика негіздері<br>Математикалық ойын-тапсырмалар<br>«Дауыстап санау»<br>Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. 1-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрымен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта санатады. 2-нұсқа. Балалар жауап бермейді, дыбыстың санына байланысты цифрды көрсетеді. Тәрбиеші | үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру<br>Музыка<br>Ән айту (өз қалауымен)<br>Тәуелсіз Қазақстан, Астана , Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру.Әнді қуанышты , екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру.<br><br>Мүсіндеу<br>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндеу.<br>«Қазан»<br>Мақсаты:<br>балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br>-ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>**Балаларды туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу**<br>П\ж\о: «Танып ал да, атын ата»<br>Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын: «Кім көбірек біледі?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, заттың түрлерін анықтауға, оларға әртүрлі көзқараста қарауға үйрету.<br>Ойын ережесі:Тәрбиеші бір | шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Авторы кім?<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>Математика негіздері<br>Кеңістікте бағдарлауды жазу дағдысында пысықтау<br>«Кеңістік»<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.<br>«Қағаз бетінде бағдарлау»<br>Мақсаты:Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету.<br>«Сол жақта – оң жақта»<br>Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру<br>Ойын:«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы | санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, күз айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. - Бүгін жыл атасы бізбен күз туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге сары карточка әкеліпті. - Не үшін сары карточка әкелді? Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар. Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді дұрыс қолдану дағдысы<br>«Менің Отаным»<br>Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету.<br>Артикуляциялық жаттығулар.<br>« САҒАТ»<br>Сағат- тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>«САҢЫРАУҚҰЛАҚ»<br>Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып тұру керек.<br>Қазақ тілі \\ тіл ұстарту<br>Отан туралы түсінік. Өлең жаттау<br>«Менің Отаным» (өлең)<br>Мақсаты:Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, | Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.<br>Көркем әдебиет<br>Ғаламтордағы деректермен бөлісу<br>«Біз не білдік» Өз ойлары мен бөлісу, көңіл күйлерін белгілеу сипаттау.<br>Мақсаты: ғаламтордан көрген түрлі қызықты мультфильмдер,қызықты ойындар жайлы өздігінен әңгімелеуге машықтандыру.<br>“Сұрақ – жауап” ойыны.<br>Ойынның мақсаты:<br>Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.<br>"Менің кішкентай достарым"<br>Мақсаты: ғаламтордан көрген қызықты жануарлары жайлы әңгімелеуге үйрету.«Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру; үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру; үй жануарларымен жағымды қарым қатынас дағдыларын дамыту; жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>ҚР рәміздері, ҚР президентінің атқаратын қызметі<br>Еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халыққа қызмет ететіндігі, өз халқының түрлі мәселелерін шешетіндігі туралы түсінігін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. - Үйлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? (Бик – аласа, тар – кең, үлкен – кіші).<br>Практикалық жұмыс Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады. Парақты жіктеугe арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Алуан түрлі заттарды дұрыс сипаттау.<br>«Бүгін біздің мереке» алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.<br>«Астана-бас қала» тақырыбында фотосуреттер қарастыру, әңгімелесу<br>Қазақ тілі<br>Мемлекеттік рәміздер, Ту,Елтаңбаны сипаттау Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қою, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру.<br>Мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күні туралы | затты көрсетеді. Ал, балалар заттың бірнеше белгісін атауы тиіс. Мысалы: Қазанның неден жасалғанын, қарандаш:ағаштан жасалған, қатты, түсі көк, қырлы,қырлы болады.<br>Сауат ашу негіздері<br>Үзік сызықтарды үзбей салу<br>Ұзын және қысқа таяқшалар мен ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту. Сызбаларды (штрих) салуға үйрету.<br>Артикулыциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтыраауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!<br>«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Саусақ ойындары<br>«Кірпі» жаттығуы<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). | Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.<br>Дене шынықтыру<br>Қос аяқпен секіру (арақашықтығы 4 м) «Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігін е назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:<br>«Кім жылдам?» ( 5 рет).<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. | жеріне деген патриоттық сезімін ояту.<br>Балалардың сөздік қорын молайту, Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету.<br>«Менің Қазақстаным» тақырыбында әңгімелесу, мазмұнды суреттер ұсыну<br>П\ж/ о: “Өз туыңды тауып ал”<br>Барысы: тақтаға көптеген мемлекеттердің туы ілінген. Осы тулардың ішінен өз туыңды көрсет.<br>Музыка<br>Музыкалық талғам<br>«Төлдер»<br>(Өлеңін жазған: Ж. Өмірбеков; музыкасын жазған: Б. Ғизатов)1.Музыка арқылы ,табиғат көрінісін сезіне білуге , табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Әнді көңілді қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуге төселдіру. Классикалық аспаптармен таныстыру. Музыкалық дидактикплық ойын арқылы балалардың ой өрісңн дамыту.<br>П\ж\о: «Даусынан тану ойыны» Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бір баланың көзін байлайды. Көзін байлаған баланыңқасынан бір бала жануар дыбысын салады. Бала қандай жануардың дауысы және оны салған кім екенін табады. | қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қою, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру.<br>«Тәуелсіз Қазақстан» (өлеңмен таныстыру)<br>Мақсаты:<br>Тәуелсіз Қазақстан өлеңімен таныстыру. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру,Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу.<br>Балалардың сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыра отырып Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету.<br>Д/о: «Қай қала екенін тап?»<br>Ойынның шарты: ойын үшін Қазақстан картасын пайдаланамыз. Балаларға Қазақстандағы бірнеше қалалардың аты беріледі.<br>Дене шынықтыру<br>Спорттық жаттығулар<br>Сапқа тұру<br>Шанамен сырғанау (далада)<br>Бір орында оңға, солға бұрылуға үйрету. Төбешіктен бір-бірлеп және екі екіден шанамен сырғанауға, шанамен төбешікке көтерілуге үйрету.<br>«АДАСҚАН ДОП»<br>Ойын шарты:<br>Балалар дөңгелене шеңберге тұрады. Бір-біріне допты бере бастайды. Жүргізуші шеңбер сыртында допқа қолын тигізуге тырысады. Егер ол қолын тигізсе допты ұстап тұрған баламен орын ауыстырады.<br>«КӨҢІЛДІ ЖАРЫСТАР»<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бірінші топ бас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерін қалыптастыру. Халықтық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, өлеңдерді, әндерді, билерді жаттатқызып, үйрету арқылы балаларды мерекелерге қатысуға белсенділік танытуға баулу. Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту. Мақал-мәтел жаттау: Отан оттан ыстық. Отан отбасынан басталады. | Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! | Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. Сауат ашу негіздері Буынға дыбыс қосу арқылы жаңа сөз ойлау «Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо | | жаққа қатарласып тұрады. Дабыл бойынша жолдағы кедергілерден өтіп, мәреге жетуі керек. Тізелеп отырып кедергілер арасынан өту, аяқ арасынан допты қысып өту, гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту.Екінші команда да осыларды орындайды. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау | . Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. | Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. | «Ауа райы аралы» ойыны Мақсаты: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді | «Мені қайтала» ойыны Шарты: өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдылары жетіледі |
| Серуен | Қардағы іздерді бақылай білу Көркем сөз Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ Мен кетемін, ол қалар. (із) Бақылау : Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы | Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары | Ағаштардағы қырауларды бақылау. Бақылау: Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және | Қардың тереңдігін бақылау. Жұмбақ Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар | Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақыла-тып әңгімелеу. Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту.<br>Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру | бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Аю апанында» Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>Өз бетімен ойындар: Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>Еңбек: Мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. | қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде »<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>Еңбек: Гүлзарың орнына жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. | алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. |
| Серуеннен оралу,ойындар | Өлең оқу.<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы айтылады? Қар туралы | Ойын түрінде.<br>«Шырша, бүршік, қоян»<br>Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу,<br>«қоян» дегенде секіру керек. | Өлең жолдары:<br>Бұтақтарды сындырмай,<br>Ағаштарды баптайық.<br>Құстарды да атпайық,<br>Табиғатты сақтайық!<br><br>(қайталату арқылы жаттау) | «Пазл жина» ойыны<br>Мақсаты: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;<br>Шарты : : пазл бөлшектерінен белгілі бір бейнені құрастыру. (математика | Құрлымдалған ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау»<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырата отырып, тапсырманы орындау. |
| Балалармен жеке жұмыс | Баяу балалармен жұмыс<br>Өз-өзіне қызмет көрсету кезінде балалардан кейін қалып отырады. Сол себепті ұсақ қол моторикасын дамыту үшін тапсырмалар беріліп отырады. | Жеке жұмыстар<br>Шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды, жатқа айта алуды үйренеді. | Жеке баламен жұмыс:<br>Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш,түнді тануды және атауды үйренеді. | Тіл жаттықтыру:<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады арыстан:<br>А-а-а-а-а-а<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>Мә-ә-ә-ә-ә | Жеке жұмыс:<br>«Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Балалар бүгінгі күн қалай өтті?** | **Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес** | **Құстарға қамқор боламыз**<br>**Құстарға үйшік жасауды ұсыну** | **Балаларға көп көңіл бөлу. Ұялы телфонды көп ұстатпауға кеңес беру** | **Ата –аналарға:**<br>**Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру** |

Бекітемін ______ Г.Ж.Сыдыкова
М/я оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер ЖББОМ
**Сынып: МАД «а»**
**Балалардың жасы: 5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **2023-2024 жыл 25-29 желтоқсан**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Сәлемдесу»**<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді<br>**Әнұран айту**<br>Тамаша ғой мектепте<br>Үйретеді суретке,<br>Үйретеді білімге<br>Үйретеді әдепке,<br>Таза болып жүруге | Ауадан қуат алайық<br>Алақанға салайық<br>Жерден нәр алайық<br>Алақанға салайық<br>Күннен шуақ алайық<br>Күн шуағын достарға сыйлайық<br>**«Жылы сөздер ойыны»**<br>Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. | Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?<br>Егерде бүгінгі көңіл күйлерің көтеріңкі болса, қызыл текшені көтеріңдер. Көңіл күйлерің болмай тұрса, көк текшені көтеріңдер<br>Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу | Балаларды қабылдау<br>Денсаулығын тексеру<br>Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау.<br>Сыйластық туралы өз ойларын сұрау .<br>Ойын: «Мен қандаймын?»<br>**« Менің досым» ойыны**<br>Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау. | **Мейірімділік туралы** әңгімелесу.<br>Күлімдеген күн мейірімді!<br>Кіршіксіз ақ қар мейірімді!<br>Таза мөлдір су мейірімді!<br>Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!<br>Аяулы анам мейірімді!<br>Қамқоршы апам мейірімді!<br>Ойын: **«Мейірімділік жібі»**<br>(Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен «Бала неге жылайды?» Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі туралы әңгімелесуі | Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып , ата-аналармен пікірлесу | Отбасында агрессиялық қысым болмай ма? Ата-анасының баласының спортқа қызығушылығын арттыруға көмектесуге шақыру | Сіздің балаңыз»<br>Мақсаты:ата-анасынан баласының мінез-құлқындағы ерекшеліктер жайлы сұрау | «Спорт және бала»<br>Мақсаты: Ата-аналардың балаларға арналған спорт түрлері жайлы әңгімелеу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Психомоторлық жаттығу»**<br>«Табиғатпен үндестік»<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пен махаббатты<br>Сезініп өмір сүреміз. | **Еркін ойын:**<br>Конструктормен<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Ойын– жаттығу:**<br>«Жуыну»<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын «Кімнің заттары?»**<br>(жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, паздар, мозаика және т.б. | **Аудио ертегі** тыңдау.<br>«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»<br>(көркем әдебиет). |
| Жаттығулар кешені | Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру.<br>Тағы басқа жаттығулар кешені | Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату<br>«Бас, иық, қол, тізе, аяқ»<br>«Біз күштіміз!»<br>негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде. | «Бұрылыс»<br>: аяқ иық көлемінде алшақ, шығыршықтың екі шетінен ұстау, қол төменде. | . Бейнетаспа арқылы<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). | Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіріп жүру.<br>.Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз.** | **Еркін ойын: Конструктормен Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.** | **Ойын– жаттығу: «Жуыну» Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.** | **Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.** | **Аудио ертегі тыңдау. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (көркем әдебиет).** |
| **Жаттығулар кешені** | **Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру. Тағы басқа жаттығулар кешені** | **Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ» «Біз күштіміз!» негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.** | **«Бұрылыс» : аяқ иық көлемінде алшақ, шығыршықтың екі шетінен ұстау, қол төменде.** | **. Бейнетаспа арқылы Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).** | **Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіріп жүру. .Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.** | **«Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту. (ашық алақан бейнесі); қағаз парағы, қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар (әр балаға). Ойын барысы: Педагог балаларды саусақтарын ашық алақанмен айналдыруға шақырады.** | **. Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру** | **«Ертегі кейіпкерлеріне түс таңдаңыз» Мақсаты: жақсылық пен жамандық ұғымдарын бейнелеу үшін түстер схемасын таңдауға үйрету. Шығармашылық қабілеті мен қиялын дамыту.** | **Саусақ» жаттығуы Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады. «Саусақтар жүреді.» Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру Қимылдық ойындар,өз бетінше ұйымдастыру *Ойын:* «Жер,су,ауа» Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. Көрнекіліктер:асық Шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып** | **Қоршаған ортамен таныстыру Адамгершілік құндылықтары Т\ж\о: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, тәрбиеші болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға ....** | **Көркем әдебиет Айналасында болып жатқан оқиғаға көзқарасы Т\ж/о:Мұны қайдан сатып алуға болады? Мақсаты: айналасындағы күнделікті дүниелер, қажеттіліктердің қайдан алуға болатынын болмаса көзқарасын дамыту. Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін** | **Математика негіздері Оқиғалар реті («бұрын-кейінірек»). «Осы, өткен, келер уақыт» Мақсаты: Бүгін, ертең, кеше сөздердің қай уақытқа арналғаны туралы түсініктерін бекіту Мақсаты: Балалардың осы, өткен, келер уақыт туралы түсініктерін нығайту. Сәйкес сөздер туралы білімдерін тексеру; бар, қазір, бүгін-осы шақ; болды –өткен шақ; ертең, болады-келер шақ. Ойын барысы.** | **Сауат ашу негіздері Жазу дағдылары Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету білуге үйрету «Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.<br>Осылй ойын жалғаса береді.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады<br>Математика негіздері<br>Тәулік бөліктері («кеше-бүгін-ертең»)<br>Түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Жыл айлары туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың реттілігін білу және атау<br>«Қателесіп қалма?»<br>Мақсаты: Балалардың күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту<br>Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. | (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), «Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.<br>Музыка<br>Музыкаға сәйкес би қимылын жасау<br>Музыка ырғағына сәйкес би элементтерін , қазіргі би элементтерін еркін орындауға төсілдіру. Табиғатты тамашалай білуге, қамқорлықпенқарауға тәбиелеу.<br>Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар,хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)<br>Жапсыру<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын қалауы бойынша қиып жапсыру<br>«Қиындыларды дұрыс бөл»<br>Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.<br>«қошқар мүйіз» өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды; қазақ өрнектеріне тән: жасыл, қара, ақ, сұр, қызыл, ашық түстерді қолдануды; жеке, сондай-ақ шағын топпен композициялар жасауды.<br>.«Кімде не бар?»<br>Ойынның мақсаты:<br>Заттардын атын дұрыс | нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»; «Аяқ киім», «Киім», «Маталар», «Балалар әлем», «Спорт киімдері»); дүкендерді ажырата білуге, ата аналарымен бірге сауда жасауға тәрбиелеу.<br>Т\ж\о:«Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>Математика негіздері<br>Оқиғалар реті («алдымен-содан кейін»)<br>«Бұл қай кезде болады?»<br>Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға алдымен-содан кейін сөздерін қолдануға үйрету. Мезгілдердің суреті бейнеленген кепе қағазын көрсету арқылы үйрету.Мысалы, Алдымен қыс болады,содан кейін көктем болады,т.с<br>Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>«Сосын не болды?»<br>Балалардың тәулік бөлшектері жайлы | Жұмбақтарды мұқият тыңдау. Ойланып алып, сонан кейін ғана іс-әрекеттің, қимылдың, оқиғаның қай уақытта болып жатқанын, болғанын және болатынын айту. Барлық уақытты белгілермен көрсетеді: осы шақ-көгілдір түспен, өткен шақ-сұр-түспен, келер шақ-қызыл түспен. Белгі бойынша кім уақытты дұрыс көрсететінін көреміз. Қане, бастайық!<br>Бүгін балалар мектепке бара жатыр.<br>Кеше біз саяжайдан келдік.<br>Ертең біздің балабақшаға қонақтар келеді.<br>Құстар ұя салып жатыр.<br>Тауда ұяда балапандар пайда болды.<br>Бүгін балалар текшелерден үлкен кеме жасап жатыр.<br>Ауызша ойындар<br>«Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз»<br>Бұрын-кейінірек сөздерін қолдану. Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.<br>Мысалы, Мен Арманнан бұрын бардым,ол менен кейінірек келді.<br>«Суреттерді құрастыр»<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Ойын:«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта | үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.<br>«Жасыру» саусақ ойыны.<br>Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>Көркем әдебиет<br>Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану<br>«Біз күштіміз ептіміз»<br>Тақпақ жаттау, мақал мәтел жаттау.<br>Қыс мезгіліне байланысты мақал - мәтелдер мен жұмбақ жасыру<br>Қыс азығын жаз жина.<br>Қыс арбаңды сайла,<br>Жаз шанаңды сайла.<br>Жаздың қамын қыста ойла.<br>Қыстың көзі қырау<br>Ақ қар көп болса,<br>Ақ нан көп..<br>«Танып ал да, атын ата»<br>Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>.«Жаңылтпаштар»<br>Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.<br>Қоршаған ортамен таныстыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мазмұны:**<br>**Тәрбиеші күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіте отырып, балалармен әңгіме жүргізеді. Балалар таңертең, күндіз, кешкісін, түнде не істейтіндерін еске түсіреді. Сонан кейін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады:**<br>**Балалар, қане былай істейік. Мен күннің бір мезгілін атаймын, ал сендер сол кезде не істейтіндеріңді еске түсіресіңдер. Мәселен, мен «таңертең» деп айтамын. Сендер қандай іс-қимылдарыңды атайсыңдар?**<br>**Балалар еске түсіреді: Оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз, таранамыз.**<br>**Дұрыс,- дейді тәрбиеші. – Бірақ ойын кезінде мен текше берген бала ғана жауап береді және тек бір әрекетті ғана айтады. Әрекетті атаған соң ол текшені өзге ойыншыға береді.**<br>**Тәрбиеші күннің түрлі уақытын айтады, ал балалар жауап**<br>**«Көңілді ергежейлілер».**<br>**Мақсаты:**<br>**Апта күндерін рет-ретімен дұрыс айтуға үйрету.Кеше, бүгін, ертең деген ұғымдары туралы білімдерін кеңейту.Балалардың логикалық ойларын , зейінін,тіл байлығын дамыту.**<br>**«Кім алғыр?» (апта тақырыбы бойынша)**<br>**Мақсаты:**<br>**Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай** | **атай білуді үйрету.**<br>**Ойынның мазмұны:**<br>**Суретте бейнеленген жануарлардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды.**<br>**Мысалы:қоянның қолында сәбіз бар,ол көкөніске жатады. т.**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Саусақ жаттығулары**<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>**Он саусақ.**<br>**Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз)**<br>**Ұстай алмас жіпті де.**<br>**Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)**<br>**Ине қолға ілікті.**<br>**Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)**<br>**Жүгіртеді қаламды.**<br>**Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)**<br>**Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз)**<br>**М. Әлімбаев**<br>**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.**<br>**1.Бірім, екім,**<br>**Алма текім.**<br>**Сапар айым,**<br>**Сар шымшық.**<br>**Балтаңды ал да,**<br>**Жүгіріп шық.**<br>**2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап.**<br>**Бас бармағым алғашқы,**<br>**Балан үйрек жалғасы.**<br>**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен** | **,тәуліктің әр уақытында болатын амал -әрекеттер туралы білімдерін бекіту.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Эстафеталық өзара жарыс ұйымдастыру**<br>**«АТ ШАБЫС»**<br>**Ойын шарты:**<br>**Ойыншыларда сан реті бойынша сандар тағылған, олар салт атты адамдар болады. Олар белгілі бір арақашықтықта жарысады. Олардың шабысын тәрбиеші бақылап тұрады. Кімде-кім қалып қойса, не итерсе сол ойыннан шығады. Алда болып жақсы,ережені бұзбай жарысқан бала жеңімпаз болады.**<br>**«КӨҢІЛДІ ЖАРЫСТАР»**<br>**Ойын шарты:**<br>**Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бірінші топ бас жаққа қатарласып тұрады. Дабыл бойынша жолдағы кедергілерден өтіп, мәреге жетуі керек. Тізелеп отырып кедергілер арасынан өту, аяқ арасынан допты қысып өту, гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту.Екінші команда да осыларды орындайды.**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**«Сөз ойла, тез ойла» дыбысқа сөз ойлау.**<br>**П\ж\о: ойын:**<br>**«Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>**Ойын шарты: Таныс ертегілерінің бас әрпіне сөз ойлап айтады.** | **ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.**<br>**Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Сөздерді мағынасына сәйкес қолдану**<br>**«Еңбек бәрін жеңбек» сурет бойынша әңгіме құрастыру Шығармашылық тілдік әрекет тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету, ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұн бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыруға, сөйлемдерінде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; суреттер бойынша әңгімелер құрастыру.**<br><br>**.«Шарды үрле»**<br><br>**Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.**<br>**Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>**«Президент болсам егерде...» (өлең)**<br>**Мақсаты: Баланың тақпақ жаттатқызу арқылы тілін** | **Еңбек әрекетінің маңыздылығы**<br><br>**Еңбек бәрін жеңбек**<br>**Табиғи материалдардың қасиеттерін тануға ықпал ету. Экологиялық тәуелділік туралы білімдерін байыту; адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтау.**<br>**Табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу**<br>**Гүл өсірсең терлеп,**<br>**Мұның аты - еңбек**<br>**Кесте тіксең зерлеп,**<br>**Мұның аты – еңбек**<br>**Қырға шықсаң өрлеп,**<br>**Мұның аты – еңбек**<br>**Қиындықтың бәрін**<br>**Еңбек қана жеңбек..**<br>**«Дүкен»**<br>**Ойынның мақсаты: Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету.**<br>**Ойынның мазмұны: Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды. (Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Мәдени-гигиеналық шаралар,тамақтану мәдениеті Тамақтану мәдениеті Негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Балалардың азық түлікпен оның адам өміріндегі маңызы, «салауатты, дұрыс тамақтану»туралы білімдерін бекіту; эстетикалық талғамдарын арттыру, сөздік қорларын дамыту; өзінің және өзгенің денсаулығына құндылық ретінде қадағалау.**<br>**Тыныс алу жаттығулары.**<br>**«ҚЫСҚЫ ОРМАН» - өзін қысқы орманда жүргендей,аязды күні қар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуді дамыту.<br>ойын-жаттығу.<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br>Мақсаты: балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру.<br>Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері".<br>Сөйлеуді дамыту<br>Зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдану<br>"Жалпы атауын бер".<br>Мақсаты.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері)<br>«Сөйлемді аяқта»<br>Дидактикалық міндет.<br>Балаларды құбылыстардың себепті байланыстарын түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдап қолдануға үйрету.<br>Қазақ тілі<br>Тіл мәдениеті, дыбыстарды анық айту<br>Бала тілін жаттықтыру.<br>Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін, | ойналатын ойын<br>Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>. Артикуляциялық жаттығу.<br>Ян - ян - секендеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбандаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр | Мысалы: «Шалқан»<br>Ш дыбысына- «Шана»<br>А дыбысын- «Ана»;<br>Л дыбысына-«Лимон»<br>Қ дыбысына-«Қыс» ;<br>А дыбысына-«Ата»<br>Н дыбысына-«Нан» дыбысына сөз ойлайды.<br>Суретті жұмбақтар ойыны<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады.<br>Тәрбиеші үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.<br>Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді.<br>Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. | дамыту,дыбыстарды дұрыс айтқызу.<br>Президент болсам егерде...<br>Президент болсам егерде,<br>Бар халқыммен бір болам!<br>Адалдық үшін күресіп,<br>Шындық үшін пір болам!<br>Ақындардың мақтап айтар,<br>Әндеріне жыр болам!<br>Бәріненде маңыздысы,<br>Өз әжемнің қуанышы,<br>Шуағын төккен нұр болам!<br>Анашымның сүйеніші,<br>Көгіндегі күн болам!<br>Бәріненде жақсысы,<br>Отбасының туын ұстар,<br>Әкеме ұқсар ұл болам!<br>Музыка<br>Би қимылдарыннның элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын өзгерту.Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету.<br>Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.<br>.Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.Ұлттық билерді, қазіргі би ырғақтарын еркін орындар, өз варианттарын ойлап табуға қызықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш»,(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева) | жауып тұрғанын елестету. Қар ұлпасы жайлап ауада қалқып, жерге түсіп жатыр. Орман іші тыныш, талдар көлеңкеде тұр. Жел жоқ, тып-тыныш. Бір кезде жел көтеріп, әуелі жәймен ұлпа қарлар ұша бастайды. Жаттығулар алдын ала көрмеушілікпен жасалады.<br><br>«САЛҚЫН-ЫССЫ» - аю ана кетіп қалады, қатты жел соғады да саңылаулар арқылы ішке жел кіреді. Қонжықтар тоңып қалады, олар бір-біріне жақындап жылынады, бір кезде ысып кетеді. Қонжықтар жазылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Жүйелі киініп серуенге шығу<br>Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу** | **Тіл ұстарту жаттығуы:<br>Баудағы не? Ара болсаң ызыңда<br>З-з-з,ж-ж-ж,з-з-з,ж-ж-ж<br>Жұмыс іске тығылма,<br>-Ара қалай дыбыстайды?<br>( з-з-з) (Қатты , жай)** | **. «Жұмбақ жарысы»<br>Мақсаты:<br>Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.** | **«Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру<br>Бұрыштарым жоқ менің,<br>Дөңгелекте емеспін,<br>Ұқсаймын мен денеге<br>Кім табады, бұл не?<br>(Сопақша)<br>Үш төбесі бар көрінген<br>Үш бұрышы мен үш беті<br>Жауабын кім шешеді?<br>(Үшбұрыш)** | **«Телефон»<br>Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.** |
| **Серуен** | **Терезедегі қырауды бақылау.<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: Шынидағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.** | **Бұрқасынды бақылау.<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>Ырым.<br>Қыста бұрқасын болса-жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды,** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.<br>Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын..<br>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру.** | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?<br>Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>Бақылау: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту.** | **Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)<br>Көркем сөз Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп –кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ<br>Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)<br>Бақылау: Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу** |
| **Серуеннен оралу,ойындар** | **«Табан іздері»<br>Мақсаты: Балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдың дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, төзімділік қасиеттерін дамыту** | **Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:<br>*1.*Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!<br>3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі<br>2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма!<br>3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!<br>4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!** | **Көлік түрлерінмен танысуды жалғастыру.<br>1. Әуеде ұшатын көліктер:<br>2. Суда жүзетін көліктер:<br>3. Жерде жүретін көліктер:<br>4. Темір жол көліктер:** | **Тіл жаттықтыру<br>Жаңбыр жауды,<br>Тық-тық-тық.<br>Сен көшеге шық-шық-шық.<br>Жел соғады гу-гу-гу,<br>Қарлар ұшты ду-ду-ду<br>Боран тұрды ой-ой-ой** | **«Мимикалық жаттығу»<br>Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен жеке жұмыс.<br>«р», «қ»дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.** | **Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.** | **«Қасқыр мен түлкі»<br>Мақсаты:<br>Тапқырлық, ертегінің соңын өз қиялдары** | **Жеке баламен жұмыс<br>Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету** | **жеке жұмыс<br>Ойын "Интервью". сұхбат әңгіме жүргізу<br>(көп сөйлемейтін баламен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (жеке жұмыс жүргізу) | бойынша аяқтау. | | сұхбат) |
| Балалардың үйге қайтуы | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу | Ата-аналарға балаларын себепсіз қалдырмауларын ескерту | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. |